8	Химия кабинетінде қауіпсіздік ережелері.	Тамақтану гигиенасы	Оқушыларға қандай заттар, иондар, қосылыстар ағзаға қауіпті әсер ететінін көрсету. Студенттерде бейорганикалық заттармен уланған кезде алғашқы медициналық көмек көрсету дағдыларын дамыту.

1-сызбанұсқа.

Қорытынды

Пәнаралық танымдық тапсырмаларды проблемалық сұрақтар, сандық тапсырмалар, практикалық тапсырмалар түріндегі жүйелі пайдалану білім алушылардың әртүрлі пәндерден алған білімдері арасында байланыс орнату және меңгеру дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыз ететінін тәжірибе көрсетті.

Осындай есептерді шығара отырып, оқушылар күрделі танымдық және есептеу әрекеттерін орындайды:

- пәнаралық тапсырманың мәнін түсіну, басқа пәндерден алған білімдерін қолдану қажеттілігін түсіну;

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

- басқа пәндерден қажетті білімді іріктеу және жаңарту;
- оларды жаңа жағдайға алып келу, сабақтас пәндерден алған білімдерін салыстыру;
- білімді синтездеу, ұғымдардың, өлшем бірліктерінің үйлесімділігін орнату, әрекеттерді алдын есептеу, оларды жүзеге асыру;
- нәтиже алу, қорытындыда жалпылау, ұғымдарды бекіту.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Баешов А. Экология және таза су проблемалары : [оқулық] / А. Баешов.- Алматы: Дәнекер, 2013.- 224 бет.
2. Оспанов Х.К., Қамысбаев Д.Х., Абланова Е.Х., Шәбікова Г.Х. Физикалық химия. Алматы: Қазақ ун-ті,- 2012.- 688 б.
3. Нұғыманов И. Химияны оқыту әдістемесі // Алматы:Print-S 2015 .
4. Салихова А.Оқушылардың шығармашылығын дамыту// Ғылыми-әдістемелікжурнал, N 5 –2019 ж.
5. Омарова С. Химияны оқыту әдістемесі. //[Электрондық ресурс]:-Шымкент: М.Әуезов атындағы ОҚМУ, 2017.
6. Әлімқұлова Э.Ж. Химияны жаратылыстану пәндерімен байланыстыра оқыту негізінде студенттердің экологиялық білімін жетілдіру. Пед. ғылым канд. диссер., Алматы, 2015г.-№.9.-20 б.
7. Бекишев К., Ниязбаева А.И., Нурахметов Н.Н. Формирование профессиональных умений будущего учителя химии на основе химического эксперимента // Вестник КазНУ, 2018г. –№5.-55 б.
8. Lin, H. & Chen, C. (2012). Promoting preservice chemistry teachers' understanding about the nature of science through history. Journal of Research in Science Teaching, 39(9), 773–792.
9. İrez, S. (2019). Nature of science as depicted in Turkish biology textbooks. Science Education, 93, 422–447.
10. http://kk.wikipedia.org/
11. /http://opk.kazmkpu.kz/
12. /http:// referattar.kz/

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIMES»
(VOLUME 2 ISSUE 2, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

УДК 37.013.46

ИНСТРУМЕНТЫ ОЦЕНИВАНИЯ ПЛАТФОРМЫ QUIZIZZ.COM

Изтлеуова Бибинур Беккалиевна
Магистрант
Сагимбаева Шынар Жанузаковна
к. ф.-м. н., асс. профессор
Научный руководитель: **Сагимбаева Шынар Жанузаковна**
Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова

https://doi.org/10.5281/zenodo.10100016

To Cite: Изтлеуова Бибинур Беккалиевна, & Сагимбаева Шынар Жанузаковна. (2023). ИНСТРУМЕНТЫ ОЦЕНИВАНИЯ ПЛАТФОРМЫ QUIZIZZ.COM. SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME, 2(2). https://doi.org/10.5281/zenodo.10100016

Аннотация: Данная статья рассматривает инструменты платформы Quizizz.com, применимые к учебным занятиям. Статья будет содержать обзор и примечания к основным методам оценивания на данной платформе, которые могут использоваться для различных дисциплин в образовании. Также будут описаны возможности данных инструментов и их особенности. Цель данной статьи показать разные инструменты для оценивания навыков учеников. Новизна состоит в том, что онлайн платформы стали весьма востребованы в наше время, а также в силу наличия смартфонов почти у каждого ученика, можно будет закреплять материал благодаря геймификации инструментов оценивания. Большое внимание нужно уделить геймификации во время оценивания их навыков. Так как данная платформа частично решает проблему мотивации учащихся. Учащиеся, собирая баллы, благодаря, которым составляется автоматически рейтинг в классе, воспринимают обучение как соревнование, игру. Также огромный плюс платформы в том, что данные, рейтинг, анализ, время прохождения тестов, повторные прохождения программа составляет, предоставляет сама. Также необходимо подчеркнуть, что платформа Quizizz.com имеет комфортный, интуитивный интерфейс, а также есть достаточно много мелких удобных особенностей, которые упрощают работу с созданием вопросов или презентаций.

Ключевые слова: онлайн платформа, инструменты оценивания, геймификация, Quizizz.com, тест, экзамены.

Перед описанием основных инструментов оценивания навыков учащихся, стоит познакомиться с самой платформой. Ввиду востребованности онлайн-платформ, а также повышения мотивации учащихся появилась данная платформа. Также развитие технологий, наличие телефонов у многих учеников, которые долгое время проводят за ними свое время, привели к новому подходу обучения. Большое количество учащихся в классах, также подводили к необходимости автоматизации некоторых функций преподавателя. А именно сбора данных об успеваемости учеников, анализ их навыков, составление рейтинга, планирование контрольных работ требовали и подталкивали к созданию платформы, которая

совмещала бы красочное оформление, создание тестовых заданий, создание презентаций, анализ, сбор данных для дальнейшего оценивания навыков учащихся или даже студентов.
Одно из цифровых приложений, поддерживающих онлайн-оценка — Quizizz. Викторина – это игра основанное на образовательном приложении, которое представляет классы с многопользовательской деятельностью, чтобы классы стали более интерактивными и веселыми (Чжао, 2019) [1, с. 145].
Платформа Quizizz.com хорошо соответствует многим требованиям и доказательством могут служить работы по оценивания в период пандемии.
В статье по оцениванию курса астрономии, где объектами исследования были студенты естественнонаучного образования Universitas Negeri Semarang, использовалась данная платформа. Методика проведенного исследования включает в себя прикладной метод ответа на викторины при проведении оценки эффективности мультимедийного обучения. Результаты показали, что учащиеся очень хорошо реагировали на применение теста в промежуточных семестрах, хотя средний балл все еще был низким (43,08% при стандартном отклонении 15,83%), но учащиеся приняли результаты и попытались это исправить. Что касается анкеты,которые заполняли студенты, ответы учащихся на использование Quizizz, как правило, положительные: по результатам 8 утверждений положительные ответы получили более 50% от общего числа учащихся. Quizizz легко представляет проблему, анализируя результаты подробных ответов, чтобы помочь преподавателям при проведении оценивания [1, с. 144].
Приведем еще одно исследование. Исследование было проведено с участием 66 старшеклассников с использованием пяти концептуальных вопросов, адаптированных из книги «Energy Momentum Conceptual Survey (EMCS)». Необходимо было провести оценку концептуального понимания материала энергии-импульса, чтобы явно отобразить уровень концептуального понимания. Результаты анализа показывают, что процент понимание понятия энергии и импульса у старшеклассников составляет 54% и находится в категории среднего уровня [2, с. 1].
Очередное исследование было направлено на: изучение эффективности деятельности учащихся с помощью Quizizz по решению математических задач, исследовать различия в увеличении успеваемости студентов, умение решать математические задачи между классом и без метода обучения Quizizz. Исследование было квазиэкспериментом с неэквивалентной контрольной группой до и после тестирования. Участниками данного исследования являются 67 студентов 10-го класса, разделенных на экспериментальные и контрольные классы. Используемые методы сбора данных были тесты на умение учащихся решать математические задачи и анкеты. Приборы были проверены с использованием Pearson. Корреляция и надежность проверялась с использованием Cronbach's Alpha. Результаты показали, что на учебную деятельность учащихся оказало влияние использование Quizizz и на их навыки решения проблем. Кроме того, существовала разница в улучшение навыков решения проблем между классом и без помощи Quizizz. Кроме того, деятельность студентов на трех встречах увеличились. Кроме того, студенты дали положительный ответ в обучение с помощью Quizizz. Таким образом, можно сделать вывод, что Quizizz эффективен в совершенствовании навыков решения математических задач [3, с. 276].
Теперь стоит описать инструменты оценивания Quizizz.com. Перед созданием какого-либо теста, вам предлагается 4 различных способа создания теста (рис.1). На сегодняшний день очень удобно использовать ссылки или Youtube -видео. Также облегчает работу это привязка своей электронной почты Google, что позволяет создавать формы, анкеты прямо в приложении. Также, чтобы упростить работу пользователям была добавлена уникальная

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

функция создания вопросов с помощью искусственного интеллекта под названием «Generate from text».




Рис. 1 Основные способы создания тестов

В инструменте «Create from scratch» можно выбрать один из 15 видов тестирования. Рассмотрим данные 15 инструментов для создания экзамена, теста или контрольной работы (рис.2).




Рис. 2 15 основных инструментов Quizizz.com при создании вопросов

Перечислим данные инструменты:

1. Multiple-choice
2. Reorder
3. Match
4. Fill-in-the-Blank
5. Drag and drop and Drop down
6. Math Response
7. Labeling
8. Hotspot
9. Graphing [4].

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Для вопросов с повышенным уровнем сложности, а также дополнительно:

10. Draw
11. Open-ended
12. Video Response
13. Audio Response
14. Poll
15. Slide [4].

Инструмент «Multiple-choice» стандартный инструмент с использованием одного правильного или нескольких ответов. Возможно добавление математических формул, изображений, записи аудио или видео, также добавить пояснение для данного вопроса. Тут стоит отметить, что в приложении можно сразу не выходя из вкладки искать изображение из Google, то есть, не скачивая изображение и не проделывая несколько действий (рис. 3). Или же можно стандартно загрузить с компьютера, а если изображение уже готово, то достаточно вставить ссылку.




Рис. 3 Вставка и поиск изображения, не выходя из платформы

Далее следует вид теста «Reorder», который позволяет с помощью функции перетаскивания блоков ответа проверить понимание, например каких-либо размерностей величины. Или для проверки знания какого-либо алгоритма решения задачи или свода правил.

Функция «Match» проверяет знание соответствия тех или иных знаний. Например, если нужно расставить соответствия названия теоремы, формулы, величины. Также можно использовать картинки, видео. Данный тест покажет, понимает ли студент, что к чему относится.

«Fill-in-the-Blank» это разновидность теста, когда надо заполнить пробел, вставить слово. Для примера можно дать картинку или видео учащемуся и попросить дать навивание явления, механизму, формуле и т.д.

Следующие два вида теста рассмотрим совместно «Drag and drop and Drop down» можно предложить учащимся мыслить более критично, используя визуально интерактивные вопросы с перетаскиванием (рис.4).




Рис. 4 Инструменты «Drag and drop», «Drop down» соответственно

Рассмотрев 5 основных видов создания тестов можно прийти к выводу, что они весьма удобны, а также востребованы для занятий в различных сферах образования.

Например, можем еще привести пару примеров с положительными результатами в начальных классах. Результаты исследования, проведенного среди учащихся 6 класса в изучении литературы. В интервью с учителями, получили данные о том, что обучение с использованием соответствующего плана обучения и средств оценки и при поддержке приложения викторины получило положительную оценку. На основании документа, подтверждающего ценность учащихся от учителя, видно, что наблюдается увеличение успеваемости учащихся до и после использования викторины. Предыдущий балл оценки учащихся составлял в среднем 84, а после использования викторины — 97. Данные показали, что наблюдалось увеличение мотивации учащихся, отмеченное повышением оценок [5, с. 45].

В следующем исследовании приняли участие 53 студента технических специальностей из института «Latihan Perindustrian di Wilayah Timur» в Малайзии. Дополнительные приложения по математике дают положительные результаты, особенно для максимальной мотивации, которую можно использовать для изучения математики. Геймификационный подход действительно оказывает положительное влияние на образование и может быть адаптирован в различных сферах [6, с. 217].

Список литературы

1. Darmawan M. S., Daeni F., Listiaji P. The use of quizizz as an online assessment application for science learning in the pandemic era //Unnes Science Education Journal. – 2020. – Т. 9. – №. 3. – С. 144-150.
2. Yana A. U. et al. Online-Based Assessment of Students' Conceptual Understanding of Energy and Momentum Using Quizizz //Journal of Physics: Conference Series. – IOP Publishing, 2022. – Т. 2392. – №. 1. – С. 012011.
3. Setiyani S., Fitriyani N., Sagita L. Improving Student's Mathematical Problem Solving Skills through Quizizz //Journal of Research and Advances in Mathematics Education. – 2020. – Т. 5. – №. 3. – С. 276-288.
4. «Онлайн-платформа Quizizz.com» [Электронный ресурс].-Режим доступа: https://quizizz.com
5. Anggraeni F. D., Sukarno M., Muzzazinah M. Use of the Quizizz Application in Providing Evaluation of Science Learning in Grade 6 Elementary School Students //AECon 2020: Proceedings of The 6th Asia-Pacific Education And Science Conference, AECon 2020, 19-20 December 2020, Purwokerto, Indonesia. – European Alliance for Innovation, 2021. – С. 36.
6. Matlan S. J., Maat S. M. Penggunaan aplikasi Quizizz sebagai alternatif penilaian formatif dalam pengajaran dan pembelajaran Matematik //Jurnal Dunia Pendidikan. – 2021. – Т. 3. – №. 4. – С. 217-227.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIMES»
(VOLUME 2 ISSUE 2, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

УДК 37.013.46

ОСОБЕННОСТИ ПРЕПОДАВАНИЯ РАЗДЕЛА «КОСМОЛОГИЯ» ПО ФИЗИКЕ В 11 КЛАССЕ В ШКОЛАХ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Сакауова Айдана Нурланкызы
Магистрант
Мясникова Людмила Николаевна
к. ф.-м. н., асс. профессор
Научный руководитель: **Мясникова Людмила Николаевна**
Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова

https://doi.org/10.5281/zenodo.10100024

To Cite: Сакауова Айдана Нурланкызы, & Мясникова Людмила Николаевна. (2023). ОСОБЕННОСТИ ПРЕПОДАВАНИЯ РАЗДЕЛА «КОСМОЛОГИЯ» ПО ФИЗИКЕ В 11 КЛАССЕ В ШКОЛАХ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ. SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME, 2(2). https://doi.org/10.5281/zenodo.10100024

Аннотация: Данная статья посвящена особенностям преподавания раздела «Космология» по физике в 11 классе в школах Актюбинской области. Цель данной статьи затронуть в целом ключевые особенности преподавания раздела физики «Космологии», при этом учитывая уровень знаний учащихся и местность. Также необходимо подчеркнуть о важности учета местности, так как наличие планетариев, музеев, обсерваторий положительно влияют на навыки обучения учащихся в космологии. Новизна данной статьи состоит в том, что будут учтен фактор местности, влияющий на преподавание космологии учащимся старших классов. Наличие музеев, планетариев, обсерваторий весьма положительно влияют на преподавание раздела космологии в физике, повышая интерес и мотивацию учащихся. Но также стоит упомянуть, что наличие обсерватории «Ассы-Тургень» в 75 км к востоку от города Алматы, самого крупнейшего в Казахстане вызывает интерес у учащихся и мотивацию посетить данный комплекс. Данный фактор может быть использован в качестве мотивации в обучении учащихся в космологии.
Ключевые слова: космология, физика, музеи, планетарии, обсерватории, планетарии Актюбинской области.

Первоначально, необходимо подчеркнуть актуальность изучения космологии в современном мире. Развитие космических технологий и открытия в области астрономии вносят существенный вклад в наши знания о Вселенной. Кроме того, понимание фундаментальных законов природы позволяет сформировать у учащихся критическое мышление и научный подход к решению проблем. Вселенная представляет собой удивительный объект для научных исследований, и погружение в ее изучение не только расширяет горизонты наших знаний, но и открывает новые перспективы для развития человечества и понимания нашего собственного места в этом бескрайнем космосе.

Прежде чем рассмотреть особенности преподавания космологии в 11 классе, следует для начала разобраться в том, что такое космология и чем она примечательна от других разделов физики. Затем следует рассмотреть учебные пособия, которые дают знания в

данной области. Сделать сравнительный анализ с другими учебными пособиями и вывести основные особенности преподавания космологии. И таким образом учесть дополнительно наличие планетариев, музей, обсерваторий в Актюбинской области. Но так как обсерватории отсутствуют в Актюбинской области, необходимо учесть наличие обсерватории «Ассы-Тургень». Выполнив данный алгоритм, в статье будут перечислены основные особенности преподавания космологии в 11 классе в Актюбинской области.

И так начнем с того, что такое космология.

Космология - это наука о крупномасштабной структуре Вселенной: о царстве внегалактических туманностей, о далеких и удаляющихся горизонтах, а также о динамическом искривлении космического пространства и времени. В другом смысле она стремится собрать все знания в единую космическую картину [1,с. 1].

Космология — это изучение Вселенной или космоса, рассматриваемого как единое целое[2,с. 1].

Когда мы ищем в словаре значение слова «космология», мы находим несколько определений, которые можно резюмировать как раздел астрономии, имеющий свою цель. Целью исследования является исследование структуры, происхождения и эволюции Вселенной в больших масштабах [3,14].

Теперь стоит рассмотреть учебные пособия, по которым обучаются учащиеся. Рассмотрим учебные пособия по физике авторов для 11 класса :

1. Туякбаева С.Т.
2. Закирова Н.А., Аширов Р.Р.,
3. Башарұлы Р., Шункеев К., Мясникова Л., Жантурина Н., Бармина А., Аймаганбетова З.

Раздел космологии в учебном пособии Туякбаева С.Т. по физике за 11 класс начинается с 151 страницы, где четко описывается разделение астрономии на четыре части: астрометрия, небесная механика, астрофизика и космология[4, с. 151].

В учебном пособии для естественно-математического направления авторов Закирова Н.А., Аширов Р.Р. для 11 класса раздел космология начинается с 267 страницы, где сразу приводится понятие космологии, как раздела астрономии, изучающий свойства и эволюцию Вселенной. И также приводится список основных понятий и навыков, который учащийся получит в процессе обучения [5, с. 267]. Сразу же подметим, что в отличие от пособия Туякбаева С.Т. не говорится о разнице между космологией, астрофизикой, небесной механикой и астрометрией. Но сразу же описывается перечень навыков и понятий нужные для понятия космологии.

Если рассмотреть учебное пособие по физике для 11 класса второй части авторов Башарұлы Р., Шункеев К., Мясникова Л., Жантурина Н., Бармина А., Аймаганбетова З., то заметим, что в начале главы космологии дается цель программы, минимум физических терминов на трех языках.

Первая отличительная особенностью преподавания, из анализа глав космологии трех учебных пособий для 11 класса, является преподавания терминов на трех зыках: казахский, русский и английский. Также учтем, что большинство авторов пособия Башарұлы Р., Шункеев К., Мясникова Л., Жантурина Н., Бармина А., Аймаганбетова З. по физике для 11 класса с естественно- математическим уклоном являются профессорами из города Актобе.

Если сравнивать с иностранными книгами как «Principles of Physics, Extended, International Adaptation» авторов Halliday D., Resnick R., Walker J., то мы замечаем, что раздел космологии относится к параграфу кварки, лептоны и Большой Взрыв[7, с 1352].

Теперь следует обсудить наличие обсерваторий, музей и планетариев в Казахстане.

Мотивацию учащихся можно поднять благодаря знанию о том, что в Казахстане имеется астрофизический институт имени Фесенкова. Среди обсерваторий в мире известны

лишь две наблюдательные обсерватории, расположенные в высокогорных горах вблизи Алматы. Исследования в этих обсерваториях проводятся на телескопах, оснащенных новейшим оборудованием, называемым ПЗС-камерой с матрицей, состоящей из нескольких десятков тысяч светочувствительных элементов, являющейся панорамным приемников изображений [4, с. 189].

А если затронуть в частности Актюбинскую область город Актобе, то тут имеется планетарий, который весьма в раскрытом виде может показать расположение звезд, Солнечной системы, различного вида демонстрации и так далее. Он основан в январе 1967 года и с тех пор его посетило более миллиона детей и взрослых. Аппарат «Планетарий» фирмы «Карл Цейс», установленный в звездном зале позволяет увидеть на куполе около двух тысяч звезд северного небесного полушария. Кроме того, с помощью нескольких проекционных аппаратов демонстрируются различные эффекты – заход и восход Солнца, полярное сияние, затмения и др.Все демонстрации сопровождаются интересными и познавательными лекциями. Диаметр звездного зала 8 м, высота по центру – около 10 м, вместимость зала – 50 чел. В фойе планетария посетителям представлены панорамы Солнечной системы, планеты Марс, карта звездного неба и уголок космонавтики [8].

Второй особенностью, которую можно выделить для данной местности – это наличие мотивации, а также дополнительных сооружений, которые могут расширить понимание о Вселенной у учащихся.

Третья особенность, которую хотелось бы подчеркнуть в учебных пособиях –это уделить особое внимание истории развития космических полетов. В учебном пособии Башарұлы Р., Шункеев К., Мясникова Л., Жантурина Н., Бармина А., Аймаганбетова З. 2020 года на страницах 194-196 описан также вклад Казахстана, в частности казахских космонавтов: Т. Аубакирова, Т. Мусабаева и А. Аимбетова [6, с. 194-195].

С учетом быстрого технологического прогресса, эффективное преподавание космологии требует внедрения современных образовательных технологий. Интерактивные симуляции, виртуальные лаборатории и онлайн-ресурсы могут значительно обогатить образовательный процесс.

Проанализировав учебные пособия по физике, а также местность нужно отметить, что можно использовать большую часть методов преподавания. Преподавание физики может осуществляться различными методами, в зависимости от целей обучения, особенностей учащихся и доступных ресурсов. Учитывая наличие планетариев, музей и обсерватории в Алматы, то можно использовать активный метод обучения, интерактивные средства и технологии, групповые работы и проекты, демонстрации, опыты, исследовательский подход.

Преподавание раздела «Космология» в 11 классе в школах Актюбинской области представляет собой важную часть образовательного процесса. С учетом актуальности темы, соблюдения учебных программ, использования современных технологий и адаптации к потребностям учащихся, можно достичь максимальной эффективности обучения в данном разделе.

Список литературы

1. Harrison E. Cosmology: the science of the universe. – 2001.
2. Ryden B. Introduction to cosmology. – Cambridge University Press, 2017.
3. Bento F. A. P., Nogales J. A. C. Cosmology for high school //arXiv preprint arXiv:2108.08692. – 2021.
4. Туякбаев С.Т. Физика учебник для 11 класса-Алматы: Мектеп, 2019.-204 с.
5. Н.А. Закирова, Аширов Р.Р. Физика учебник для 11 класса-Нур-Султан: Издательство «Арман-ПВ» ,2020.-336с.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

6. Башарұлы Р., Шункеев К., Мясникова Л., Жантурина Н., Бармина А., Аймаганбетова З. Физика учебник для 11 класса-Алматы: Атамура, 2020.-208 с.
7. Halliday D., Resnick R., Walker J. Principles of Physics, Extended, International Adaptation. – John Wiley & Sons, 2023.
8. Планетарий города Актобе [электронный ресурс].-URL: https://aktobe-planeta.kz/ru/home/ (дата обращения 22.10.2023)

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIMES»
(VOLUME 2 ISSUE 2, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ӘОЖ 801.3; 37.013; 39

ЭТНОСӨЗДІК – ҒЫЛЫМ, БІЛІМ, ТӘРБИЕ ҚҰРАЛЫ

Сәдуақасұлы Жеңіс
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры,
филология ғылымының докторы
Қызылорда, Қазақстан Республикасы

https://doi.org/10.5281/zenodo.10100030

To Cite: Сәдуақасұлы Жеңіс. (2023). ЭТНОСӨЗДІК – ҒЫЛЫМ, БІЛІМ, ТӘРБИЕ ҚҰРАЛЫ. SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME, 2(2). https://doi.org/10.5281/zenodo.10100030

Аннотация: Қазақ тіл ғылымы тарихында түрлі сөздіктер өмірге келіп қолданылып жүргенімен, олардың ғылыми ізденістегі, білім беру мен тәрбие мәселесіндегі рөлі арнайы зерттеу нысаны болған емес. Қазақ тіл ғылымының корифейлерінің бірі, академик Ә.Т.Қайдардың 3 кітаптан тұратын «Этнолингвистикалық сөздігі» (2009, 2013) мерзімі жағынан ең соңғы, мазмұны мен тақырыбы жағынан ең жаңа, ерекше сөздік болып табылады. Халқымыздың тілдік байлығында ғасырлар бойы қалыптасқан лексикалық бірліктердің қазақтың этностық танымына сай түсінігіне құрылған сөздіктің тілді ғылыми тұрғыдан зерттеуде де, жас ұрпақты білімдендіру мен тәрбиелеуде де орны ерекше екендігі мақала тақырыбына арқау болды.

Мақалада келешекте басталар үлкен жұмыстың мазмұны қысқаша ғана баяндалды. Онда «Сөздіктің» жас зерттеушілерді ғылымға бағыттаудағы рөліне назар аударылды. Ол үшін 1-кітаптың негізгі тақырыбы болып тұрған «Адам» сөзіне, оған тән ерекшеліктер мен қасиеттерге автор берген анықтамалар арқау етіліп, адам қасиеттерін білдіретін аталымдар және 2, 3-кітаптардан да қоғам және табиғатқа қатысты сөздер мен тіркестер мысалға алынды. Сөйтіп «Сөздіктің» өзі ғылыми еңбек бола тұрып, болашақтағы іргелі ғылыми ізденістерге арқау болады деген болжам жасалды.

Сонымен бірге «Сөздікте» берілген бірнеше мысалдың негізінде жастардың білім көзін кеңейту жолында ұстаз арқылы жасалуға тиісті іс-әрекеттер ұсынылды. Жас ұрпақты тәрбиеге баулудағы «Сөздіктің» рөлі, ондағы ұстаздың, тәрбиешілер мен ата-аналар қызметінің маңызы мысалдармен айғақталды. Мақала соңында мақсатқа сай тиісті қорытынды жасалды.

Тірек сөздер: тіл ғылымы, этнолингвистика, этнолингвистикалық сөздік, адам, жақсы-жаман қасиеттер, зиялы қасиеттер, жағымды-жағымсыз зиялылық, этностық қоғам, қазақ қауымы, этностық зерттеу, ғылыми ізденіске бағыттау, ұстаз, білім беру, табиғат, сөздік – тәрбие құралы, тәрбиеші – мұғалім – ата-ана.

Тіл ғылымына өткен ғасырдың орта тұсында санаулы ғана қазақ түркітанушыларының бірі ретінде келіп, өзінен бұрынғы ғұламалардың салып кеткен сара жолынан таймастан өмірінің 60 жылын түркі және қазақ тіл ғылымның дамуына арнаған, талай жас тілші ғалымдардың ғылыми да, рухани да әкесіне айналған академик Әбдуали Туғанбайұлы Қайдар тағы бір бес жыл жасағанда, алдағы жылы 100 жасқа толар еді. Өз өмірінің үштен екі кезеңінде тіл ғылымының алуан түрлі салаларына қалам тарта отырып, оларды бар

ғұмырының өзегіне айналдырған осы бір салиқалы да салмақты, қарапайым да қайратты азаматтың заманында ғылымға келіп, ғалымның ақыл-кеңесінен сусындаған, ол басқарған ҚҰҒА А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының Ғылыми кеңесінде диссертацияларын қорғап тілші-ғалым атанған талай азаматтың бұл есімді өмір бойы қастерлеп өтері сөзсіз.

Қазақ тіл біліміне кезінде жаңа бір бағыт болып қосылған Этнолингвистика саласына ғалым өмірінің 30 жылдан астам уақытын жұмсап, оны өзіндік ғылыми мектепке айналдырғаны белгілі. Сол еңбегінің қорытындысы – талай жылғы мақалалары мен зерттеу еңбектерінің жалғасы «Қазақтар ана тілі әлемінде» аталатын «Этнолингвистикалық сөздігі». Бұл, сөзсіз, қазақ тіл біліміне өзіндік құрылымымен, ерекше сипатымен қосылған құнды еңбек болды.

Үш кітаптан тұратын «Сөздік» мазмұнына мұқият зер сала отырып, еңбектің мынадай құндылықтарына көз жеткіздік: 1) «Сөздік» жас ізденушілерді тілді ғылыми тұрғыдан зерттеуге бағыттайды; 2) «Сөздіктің» жастар үшін тіл байлығын молайтып, ойлау жүйесін арттырудағы білімдік маңызы зор; 3) «Сөздік» – тәрбие құралы бола алады.

Ең алдымен, бұл еңбектің алдына қойған белгілі мақсаты бар, сол мақсаттың орындалуы жолында автордың ұзақ жылдар бойы қазақ халқы жүріп өткен жолда жасаған тарихи, әдеби, мәдени мұраларын, олар туралы ғылыми еңбектерді талдап, саралап, талмай жүргізген ғылыми ізденістерінің жемісі екендігін айтқанымыз орынды. Бұл туралы автор: «...Сөздіктің мақсаты – қазақ тілінің барша лексика-фразеологиялық-парамеологиялық байлығын мүмкін болғанынша түгел қамтып, мағына-мәніне, қолданысына түсініктеме беретін, жүздеген тақырыптардан тұратын еденицаларды жинақтап, жүйелеп беру... Бұл байлық тілдің мәртебесін ғана көтеріп тұрған жоқ, сонымен қатар сол тілді меңгеруші халықтың биік рухын, ақыл-парасатын, рухани-мәдени байлығын да көрсетпекші, – дей келіп, – ...Адамның болмыс-бітімін, табиғатын сипаттауға арналған бұл кітап тілдік және этнолингвистикалық деректер негізінде жазылып отыр. Оның басты себебі әрбір сөз бен сөз тіркестерінің, идиома-фразаларының, мақал-мәтелдерінің өз мағыналарынан басқа сол ұлтқа тән қосымша мән-мағыналары, ұғым-түсініктері болады. Оны тіл ғылымында этностың тіл білімі, яғни этнолингвистика деп атайды», – дейді [1;4].

Еңбекте АДАМДЫ дүниедегі жаратылыстың жоғары сатысына қойып, оның танымы негізінде пайда болған аталымдарға этносқа тән қосымша түсінік беру барысында талай-талай тың ойлар мен болашақ ғылым үшін қажетті пікірлер айтылады.

Мысалы, «Адам» аталатын алғашқы кітабында ғалымның «Адамға» «жер бетіндегі ең саналы тұлға», «күрделі, қыры мен сыры мол құбылыс», «ең күшті, ең құдіретті», «жер бетіндегі дана, ақыл-парасатты жан» тәрізді сипаттамалар бере отырып, «...Бүгінде Адам баласының қол жеткен табыстары, көтерілген өркениет биігі, сайып келгенде, сол Адам қабілетінің, ақыл-парасатының, саналы ойының жемісі...», – деп қорытуы, одан әрі «Сөздіктің» тараулары мен ондағы тақырыпшалар мазмұны оқырманды қалайда бір тылсым ізденіске, адам табиғатын, түрлі қасиеті мен сипатын, тілі мен ділін, тіршілік-тынысын, оның таным философиясын тереңнен білуге ұмтылдыратыны анық.

Мысалы, қазақта *зиялы* деген сөз бар. Бұл сөзді көп жағдайда адамның жақсы қасиеттері тұрғысынан қолданатынымыз белгі. Ә.Қайдар: «Адам да жер бетінде тіршілік етуші тірі жанның бірі. Адам (гомосапиенс) болып, ерекше дараланудың басты себебі – зиялы қасиеттеріне байланысты екені белгілі», – дей отырып, сол зиялылықтың табиғатын толық түсіну де, түсіндіру де оңай емес екенін, сондықтан бұл тылсым құбылыспен ғылым айналысу керек екенін тілге тиек етеді. Жалпылай алғанда, ғалымның ойынша, «*зиялылық*» (орысша интеллигенттік) – хайуанда жоқ, тек Адамға ғана тән жоғары сатыға көтерілген ерекше қасиеттердің жиынтығы. Адам – соның ұйытқысы» [1;23]. Осындай тоқтамға келген

автор зиялы қасиеттің *жағымды* да, *жағымсыз* да болатынын ескертеді және осы қасиетке байланысты 250-дей атау бар дей келіп, оның 50-60-ына ғана сөздікте талдау жасайды. Сонда осы тұста бір-екі сұрақ туады: 1) *жағымсыз зиялылыққа* қандай сөздер (атаулар) жатады? 2) 50-60-тан басқа аталымдар қандай жағдайда кездеседі, олардың этностық мағынасы қандай? Егер тілді зерттеуге бағыт алған жас зерттеуші болса, осы сұрақтарға жауап табуға тырысатыны, сол жолда талай тарихты ақтаруға баратыны анық.

«...Адамзат баласы қай кезде де, қандай саяси-табиғи, әлеуметтік ортада өмір сүрмесін, ол сол қоғамды құрушы, дамытушы, сол қоғамның құрамдық бөлшегі болып саналады» деп есептеген ғалымның келесі кітабы «Қоғам» деп аталады. Қоғамды даму тұрғысынан *«ру-тайпалық, ұлыстық, халықтық, ұлттық, мемлекеттік қоғамдар»* деп жіктеген ғалым осы қоғамдардың ең көне әрі тұрақты ұйтқысы – **этностық қоғам** деген қорытындыға келеді де, оған анықтама береді. Осыдан туындайтын *қазақ қауымы, қазақ қоғамы* деп аталатын ұғымдарды да атап, олардың өзіндік ерекшеліктерін түсіндіреді [2;3]. Осы бір жаңа аталымдар мен түсініктердің өзі-ақ, бір жағынан ғалымның кең ауқымды, жан-жақты білімдар зиялы азамат екенін көрсетсе, екінші жағынан кітаптың да нағыз ғылыми ізденістер негізінде танылған дәлелдер мен деректерге сүйеніліп жазылған шығарма екенін дәлелдейді. Сонымен бірге оқырманның да ойына ой қосып, ғылыми идеяларға жол сілтейді.

«Табиғат» аталатын 3-кітапта да ғалым: «Қазақ халқының өмірі де – өздерінің тіршілігіне тірек болып отырған жерімен, даласымен, тау-тасымен, өзен-суымен, бір сөзбен айтқанда, **табиғатымен** тығыз байланысты», – дей келіп [3;3], табиғатқа байланысты пайда болған тілдік бірліктерге түсінік беру арқылы жаңа ізденістерге арқау болар атауларға этностық түсінік беруін жалғастырады. Ондағы Жер, Су, Ауа, Топырақ, Аспан әлемі т.б. тақырыптағы аталымдар ішінде адамдардың, әсіресе жастардың, білетінінен білмейтіні көп. Мысалы, *қолат, оқап, сұлама, тартпа, т.б.* сөздермен бірге кей жер-су атауларымен бірге жер асты қазба байлықтарына қатысты атаулар ішінде ғылыми ізденіске сұранып тұрғандары жетерлік.

Қалай десек те, «ошақтың үш бұтындай» бірінің-бірі жалғасы, бірін-бірі толықтыратын бұл кітаптар тұтастай бір толыққанды ғылыми еңбек ретінде қазақ тіл білімі ғылымының қорынан мәңгілікке орын алатындығына, сонымен бірге жас ұрпақты ғылым жолына бағыттайтын алтын көпір болатынына сенім мол. Себебі осы үш кітаптың әрбір тарауы, әр тараушасы жаңа ғылыми ізденістердің тақырыбы болуға сұранып тұр. Нақтырақ айтқанда, осы сөздіктердегі берілген сөздер мен тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер қазіргі жазба әдебиетімізде, ауызекі сөйлеуімізде, БАҚ құралдарында, ғылыми зерттеулерде т.б. орындарда қандай деңгейде қолданылып жүр, әртүрлі жағдайларда, түрлі аймақтарда осылардың қайсысы басым қолданылады немесе қолданудан шығып бара жатыр не жаңа мағыналарға ие болуда деген тәрізді мәселелер алдағы уақытта тереңірек қарауды қажет ететіні сөзсіз. Еңбектің ғылыми маңыздылығы дегенді осы тұрғыда түсінген дұрыс болады.

Ал сөздіктің білімдік жағына келсек, шындығында, еңбектеген баладан, еңкейген қартқа дейінгі өзін қазақпын, Қазақстан азаматымын деп есептейтін білімге құштар, өз тілін сүйетін, тілінің байлығын молайтқысы келетін әр адам осы кітаптардан іздегенін таба алады және қазақы (этностық) ой-түсінігін молайтуға жол ашады. Сондықтан бұл еңбек алдымен ұстаз-тәрбиешілердің, қала берді, қарапайым ата-ана ретіндегі халықтың стол үстінде тұратын, жанынан ажырамас асыл дүниесі болуға тиіс деп ойлаймыз.

Мәселен, мектеп оқулықтарындағы хрестоматиялық материалдар мен жаттығуларда *«адал адам, арам адам»* деген тіркестер кездесетіндігі сөзсіз. Адамның осындай қасиеттері жөніндегі мектеп оқушыларының ұғымы жалпылай пайымдаудан аспайды. Тіпті, ересек адамдардың өзі *«адал, арам»* сөздерін жалпы түрде ғана – бірін *«жақсы»*, екіншісін *«жаман»* қасиеттер дегеннен артық түсінікке бара бермейді. Ал сөздікте ***«Адал адам***

ешкімнің ақысын жемейді, біреудің ала жібін аттамайды. Таза еңбегімен күн көреді. Ғайбат сөйлемейді, кісіге қиянат жасамайды. Ал ***арам адам*** *дүние мүлікті еңбексіз, ұрлық-қарлықпен, қулық-сұмдықпен, алдау-арбаумен табады. Ол – «обал-сауап» дегенді білмейтін, жымысқы, екіжүзді адам»* деген түсінік берілген. Яғни, оқушыға ұстаз аталмыш сөздердің мән-мағынасын осындай қарапайым тілмен түсіндірсе, оқушының білім көкжиегі ашылып, біліктілігі артады, жалпылама түсініктен гөрі нақты білімі кеңейеді. Тіпті, осы пікірді өмірден алынған мысалдар арқылы нақтылай түссе, құба-құп. Ал қазіргі кезде осыған қажетті мысалдарды ұстаздың көптеп келтіруіне мүмкіндік мол. Мысалы, ел ішінде таза еңбегімен елге танылып жатқан қаншама азаматтар, отбасылары – кәсіпкерлер, метсанаттар бар. Ал, керісінше, қаншама зиялы деген ел басқарған азаматтар арамдыққа барып, халықтың қаражатын жеп, талан-таражға салып, сотталып, қара бет болып жатыр. Ондай мысалдармен оқушының өзі де түрлі құралдар арқылы күнделікті таныс болуы әбден күмәнсіз.

Сондай-ақ, адамның жағымсыз қасиеттеріне қатысты *«алаңғасар»* сөзіне автор: *«назарын ылғи біресе бір нәрсеге, біресе екінші бір нәрсеге жиі ауытқыта беретін, соның салдарынан айналадағы ортаға тұрақты зейін қойып қарауы нашарлау болып кеткен жаңғалақ адам»* деген түсінік берген. Расында, балалардың сабақ үлгірмеуінің бір себебі осындай қасиеттен екеніне анық көз жеткізген ұстаз білімі нашар балалармен жеке жұмыс жасап, олардың зейінін сабаққа аударып тұрақтандырудың жолын іздейді. Міне, осындай тұста жоғарыдағыдай қарапайым сөздермен берілген түсініктер көмекке келеді, оны тиімді пайдаланған жағдайда бала білімінің жақсаруына септігін тигізері анық.

«Қазақ этносының шежіресі» аталатын тараудан басталатын 2-кітаптың алғашқы беті шежіреге байланысты көптеген атаулар мен терминдерге түсінік берумен басталады. Мысалы, *«үш жүз, жүзге бөліну»* деген тіркестерде кездесетін *«жүз»* сөзінің мән-мағынасын сөздік былайша түсіндіреді: *«Қазақ жерінде ежелгі замандардан бері мекен еткен көшпелілердің тарихи тағдыры және шаруашылық кәсібі өзара тектес қауымдастықтардың бірігуінен 15-16 ғасырларда қалыптасқан ру-тайпалық бірлестік. Мұндай бірлестіктердің пайда болуына олардың шаруашылығы мен күнделікті күн-көрісінің сипаттары, сыртқы жаулардан қорғану, жаңа жерлерді игеру мақсаттары айтарлықтай ықпал еткен».* (2;14) Әрине, мұндай түсінікті тарихпен тығыз байланысы бар адам білуі мүмкін, бірақ кез-келген адамның, әіресе жас ұрпақтың, бұл сөзді дәл осы тұрғыда ұғына бермейтінін, тіпті оны басқаша түсінікте қабылдайтындардың да бар екенін жасыра алмаймыз. Сондықтан сөздікте молынан кездесетін осы тәріздес тарихи маңызы бар ұғымдарды оқушыларға түсіндіруде ұстаздың соған қатысты нақты фактілерді өзінің көбірек білуі қажет екені талап етіледі. Қазақ халқының басынан өткен небір тарихи кезеңдердің шындығы ашылып жатқан қазіргі кезеңде мұғлімнің, тіпті ата-ананың да біліктілігі жағынан оқушыдан бір саты жоғары тұруы қажет.

Сөздіктің «Табиғат» кітабында *«өлара»* сөзінің мағынасы туралы *«аспан бұлтсыз болса да, ай бейнесі көрінбейтін екі-үш түндей кезең. Бұл кезең әдетте ескі (14 күн толған айдың) аяқталып, жаңа айдың басталу аралығындағы қараңғы түндер. Өларадан кейін жаңа айдың орағы сызаттанып көрініп, күн сайын көлемі жұмырланып өсе бастайды да, ал 7 күннен кейін оның дөңес жағы енді оңға қараған жарты дөңгелекке айналады. Осылай қайталана береді. «Өлара кезінде қыста – қар-боран, жазда – жауын-шашын көп болады» деген наным бар»*, – деп түсіндіріледі [3;103]. Шынында, *«айдың өларасы»* туралы қарт кісілер мен табиғат сырларымен айналысатын арнайы мамандар болмаса, жастар жағының біле бермейтіні де анық. Сондықтан ұстаз оқушыларына аталған түсініктің шындық екенін дәлелдеу мақсатында әр айдың бітуі мен басталуы арасында аспан әлеміндегі өзгерісті бақылауды ұсынады. Бақылау қорытындысын талқылау арқылы оқушының шындыққа көзі жетеді, білім-білігі толыса түседі.

Сонымен, осы азғантай деректердің өзі-ақ бұл сөздіктің адам білімін молайтуда қаншалықты маңызды екенін көрсетсе керек.

Әрине, сөздіктің тәрбиелік мәніне келер болсақ, бұл жағынан да еңбектің нағыз тәрбие құралы бола алатынына көз жеткізу қиын емес. Алаш ардақтыларының бірі, тұңғыш қазақша «Педагогика» оқулығының авторы М.Жұмабаев: «Тәрбие төрт түрлі: дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі һәм құлық тәрбиесі. Егерде адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны... Балам адам болсын дейтін ата-ана осы төрт тәрбиені орындасын...», – дей келіп, баланың тәрбиесіз болуы тәрбиешіден деген қорытынды жасайды [4;9]. Қазіргі кезде де ата-аналар мен ұстаз-тәрбиешілерден балаларға осы тәрбие түрлерін егу талап етілетінін мойындасақ, аталмыш еңбектің бала тәрбиесімен айналысатын тәрбиешілерге, ата-анаға таптырмас көмекші құрал бола алатынына кәміл сенеміз.

Еңбекте тәрбиелік мәні бар жеке сөздерді былай қойғанда, қаншама мақал-мәтелдер мен би-шешендердің, ұлы адамдардың ұлағатты сөздеріне алуан-түрлі мағыналық түсініктер беріледі. Мысалы, *«**Жақсы бала – сүйік, жаман бала – күйік**» (өз балаң болған соң, жаман болса да, одан безе де, қаша да алмайсың. Отына күйіп азабына көніп, жүре бергеннен басқа еш нәрсе қалмайды)* [1;16]. Мәтелдің қазақи (этностық) танымдық мәніне ой жүгіртсек (жақша ішінде берілген), о баста баласы жаман қылықтарымен елге жақпаған бір адамның басынан өткен жайға күйініп айтуынан шыққан сөз. Бұл мазмұн мәтелдің екінші сыңарынан танылады. Мұғалім осы тұста мәтелдің алғашқы сөйлеміне мән беріп, бала түрлі жақсы қылықтарымен (үлкенді сыйлау, құрметтеу, кішілерге көмектесу, жақсы оқу, т.б.) «жақсы бала» атанса, онда оның ата-анаға да, басқа адамдарға да сүйікті, сүйкімді болатыны, ал түрлі жаман қылықтарымен (тіл алмайтын, үлкендерді сыйламайтын, басбұзар, тентек, т.б.) көрініп «жаман бала» атанса, ата-ананы да, мұғалімдерін де, туыс-жақындарын да жерге қарататын, яғни «күйік» болатынын түсіндіре білуге тиіс. Әдетте, осы мақалды бала кез келген уақытта отбасындағы үлкендер ауызынан естіп қалуы әбден мүмкін. Сондықтан оны түсіндіре білуге ата-ананың да дайын болғаны керек.

Ғалым, *«ақыл»* деген сөзге *«адам баласының ең абзал, оның Адам болып жер бетін басып, жұмыр басты пенде болып, саналы өмір сүріп, тіршілік етуінің алғышарттарының бірі саналатын сан қырлы, терең мәнді, әмбебеп зиялы қасиет»* деген анықтама бере отырып, осы қасиетке байланысты көптеген мақал-мәтелдер келтіріп, олардың мәнін түсіндіреді. Мысалы: ***Ақыл – адамды аздырмайтын ем, Білім – таусылмайтын кен*** деген билер сөзін *«ақыл – адамзат баласының киесі,ол саған біреуге қиянат жасатпайды (адамды аздырмайды); білім – кен, ала білсең одан пайдалы нәрсені көптеп табуға болады»* деп түсіндіреді; *«**Құлық** (кейде «құлқы» деп те аталады) – адамға тән біраз қасиеттердің, атап айтқанда, ниет, пиғыл, пейіл, ықылас сияқты қасиеттердің жиынтығы немесе қосындысы...»* – дей келіп, Абайдың *«**Құлықсыз құлақ – ойға олақ**»* деген сөзін *«ақыл-кеңесті тыңдауға ниеті, құйып алуға қабілеті жоқ адам өз тұсынан ой қорытып, біреуге пікір айтуға да қабілеті жетпейді»* – деп түсіндіреді. Яғни, бірнәрсені орындауға құлқы бар адам – жақсы адам да, істі орындауға құлықсыз адам – нашар адам.

Соңғы кездері жиірек айтылып жүрген жағымсыз құлықтың бірі ***мәңгүрттік*** болса, оған *«өзінің ата-тегін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тілін, ділін, дінін, мәдениетін білмейтін, мойындамайтын адам»* деген түсінік бере отырып, осындай құлықтан аулақ болудың жолын сөздіктің 2-кітабында анық көрсетіп береді. Мұндағы барлық тараулардың мазмұны қазақ халқына (қазақ этносына) тән жеті атасын білу, мемлекет, ел қорғау, қазақ елінің шаруашылық, салт-дәстүр, тұрмыс-салт, ұлттық мәдениет пен өнер т.б. мәселелерді түсіндіруге арналған.

Мысалы: ***Жеті атаның жөнін біл, жеті рудың тілін біл*** – *ата-тегіңді, тұқым-тұқияныңды, жалпы халқыңның тарихын жақсы біл, олардың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін*

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

сақтай біл деген өсиет сөз; Ал «жеті жұрттың тілін біл» – онымен бірге өзіңнен басқа халықтармен де аралас, түсініс деген сөз. ***Ел іші – алтын бесік*** *– 1. Бесік – сәби үшін өте ыңғайлы нәрсе. Бесікте жатқан бала әрі жылы, әрі құрғақ, әрі таза жатады. Сонымен қатар бесік қорған да бола алады. 2.****ауысп.*** *Бөлініп-жарылмай, халық арасында жүрсең, қауіп-қатерден тыс боласың. Өз елің бесіктей қорған бола алады, туған халқың анаңдай мәпелей алады;* т.б. Осы сияқты ұғынуға оңай, қарапайым қазақи сөздермен берілген түсініктер қалайда жас ұрпақ тәрбиесіне әсер етпей қоймайтыны анық. Расында, жастардың ғана емес, ересектердің ішінде де жеті атасын атап бере алмайтындардың кездесетіні өтірік емес. Сондай-ақ, елдегі уақытша, азын-аулақ қиыншылықтарға шыдамай жат елге кетіп жатқандар да кездеседі. Жастарды осындай жат қылықтардан сақтандыруда аталған түсініктердің мәні зор.

Сонымен, академик Ә.Қайдардың «Этнолингвистикалық сөздігі» жаңа қоғамды басқарып баянды ететін, ғылымның жетістіктерін молынан игерген, әсіресе, Ана тілін терең меңгерген білімді де зерек, ақылды да адал азаматтарды даярлауда теңдесі жоқ құрал болып табылады . Себебі:

1-ден, әр кітаптың тақырыбына сай көтерілген мәселелер, соған сай берілген тілдік бірліктер мен этностық түсініктер оқырманды, әсіресе жас ізденімпаздарды, жаңа ғылыми бағыттарға жетелейді;

2-ден, «Сөздік» оқу орындарында кез келген пәннен білім тәрбие беруде ұстаздарға, сондай-ақ тәрбиешілер мен ата-аналарға көмекші құрал бола алады;

3-ден, күнделікті қарым-қатынаста, қызмет бабында, отбасындағы тәрбие мен білім беру үдерісінде тіліміздің алтын қорындағы сөздердің мағынасына жете түсінбей, ретіне қарай орынды қолдана алмайтын олқылықтардың орынын толтыратын осы сөздік болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік). I том. Адам. – Алматы, «Дайк-Пресс», 2009. – 784 б.

2. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік). II том. Қоғам. – Алматы, «Сардар», 2013. – 728 б.

3. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік). III том. Табиғат. – Алматы, «Сардар», 2013. – 608 б.

4. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы, «Ана тілі», 1992.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIMES»
(VOLUME 2 ISSUE 2, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

УДК373.34

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ

[1]Кожагельдиева С.С.
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты
[2]Сүлейменова Р.К.
М.Жұмабаев атындағы №15 мектеп-гимназиясы директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары (Қазақстан, Түркістан қ.)

https://doi.org/10.5281/zenodo.10100602

To Cite: Кожагельдиева С.С., & Сүлейменова Р.К. (2023). БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ. SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME, 2(2). https://doi.org/10.5281/zenodo.10100602

Аңдатпа. *Қазіргі кезде білім беру саласындағы әлемдік білім кеңістігіне ұмтылуға байланысты жасалынып жатқан талпыныстар мектеп оқушыларының ойлау белсенділігін дамытып, білім мен біліктерін өмірдің жаңа жағдайына пайдалана білуге үйрету қажеттілігін туғызады.*

Мақалада бастауыш сынып оқушыларының ойлау қабілетін дамыту барысында қолданылатын әдіс-тәсілдер жайлы, ойлау қабілеттерінің түрлерін,оқу үдерісінде қалай жүзеге асырылатыны жайлы баяндалады.

Түйінді сөздер*: ойлау, қабілет,әдіс-тәсіл, бастауыш сынып*

Аннотация. *Текущие усилия в области образования в связи с освоением глобального образовательного пространства делают необходимым развитие интеллектуальной активности школьников и обучение их применению своих знаний и навыков в новых жизненных ситуациях.*

В статье описаны методы, используемые при развитии мыслительных навыков у младших школьников, типы навыков мышления, как они реализуются в процессе обучения.

Ключевые слова: *мышление, способности, метод, начальная школа.*

Abstract. *Current efforts in the field of education in connection with the development of the global educational space make it necessary to develop the intellectual activity of schoolchildren and teach them to apply their knowledge and skills in new life situations.*

The article describes the methods used in the development of thinking skills in junior schoolchildren, the types of thinking skills, how they are implemented in the learning process.

Key words*: thinking, ability, method, primary school.*

Бүгінгі таңда ұрпақ алдында "Қазақстан -2030" бағдарламасындағы "Барлық қазақстандықтардың өсіп- өркендеу қауіпсіздігі мен әл-ауқатының артуы" деген мерзімдік міндетті үшінші мыңжылдықта іске асыру жауапкершілігі тұр.

Ұлттың болашағы, тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі мектеп қабырғасында білім алып

жатқан жас ұрпақтың саналы ойлау кабілеті мен біліміне, іскерлігіне байланысты. Сондықтан да егеменді еліміздің білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін жасалынып жатқан талпыныстар оқытудың әртүрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, терең білімді, ізденімпаз, барлық іс-әрекетінде шығармашылық бағыт ұстанатын, сол түрғыда өз болмысын тани алатын жеке тұлғаны қалыптастыру ісіне ерекше мән берілуде [1].

Бастауыш сыныпта оқыту барысында баланың білім мен қабілеттілігін қалыптастырады. Қазіргі мектептегі дамыта оқыту баланың таным процестерін дамытып, барлық іс-әрекет түріне қабілеттілігін қалыптастыруға үлкен ықпал жасайды. Оқу барысында баланың танымдық қабілетін дамыту жолдарын зерттеген И.Г.Песталоцци, К.Д.Ушинский, Д.Б.Занков, М.И.Махмутов, Б.Тұрғынбаева, К.Бозжанова т.б. ғалымдар осы проблеманы жан-жақты зерттеген. Б.М.Теплов қабілет табиғаты және оны қалыптастыру жолдарын анықтаған.

Мектеп оқушыларының оқу-тәрбие процесінде ақыл–ой іс - әрекетін талаптарға байланысты жүйелі түрде қалыптастырып, дамытатын негізгі мекеме болса, мұғалім – оны дамытушы тұлға. Білім берудің жаңа үлгісі жеке тұлғаның дамуына және оқытуды саралауға мүмкіндіктер туғызуға бағытталған. Жеке тұлғаның қалыптасу деңгейінің сапасына қарай қоғамдық - әлеуметтік жағдайлардың үнемі өсіп отыруына сәйкес педагогикалық құралдарды да тұрақты жаңарту қажет болды. Тиянақты қалыптасқан педагогикалық парадигма бойынша педагогикалық технология ұғымы білім мазмұнын құру, оқу – тәрбие әдістерін, оның құралдарын, түрлерін таңдауда, ең қысқа мерзімде тиімді нәтижелерге біртіндеп сатылап жету кезеңдері қамтылады.

Ойлаудың негізгі принциптері мен амалдарын пайымдай білу тек логикалық ойлауды ғана емес, сондай-ақ басқа да ойлау дағдыларын дамытып, жетілдіруге көмектеседі. Ойлау – құпиясы мол дүниені әр қырынан тануға, мәселені тереңнен түсінуге мүмкіндік беретін аса күрделі жан қуаты. Сөйлеумен тығыз байланысқан ойлау ми қызметінің нәтижесі.

Ойлау – сұраққа жауап қайтарудан, мәселені шешуден, оның мәнісіне түсіне білуден жақсы байқалады. Ақыл – ойлау процесіндегі ұғымдылық пен тапқырлыққа байланысты қасиет. Ойлану үшін білім керек. Бірақ білім бардың бәрі бірдей ақылды боп келе бермейді. Ақылдылық білімді тәжірибе жүзінде дұрыс пайдалана, қорыта білумен байланысты. [2 Жарықбаев Қ.Б. Жантану негіздері.- А, 2002.].

содействию успешной адаптации студентов 1 курса, показала свою эффективность. Она качественно изменила показатели эксперимента в положительную сторону. Наблюдается отсутствие уровня высоких показателей неадаптированности, что является важным обстоятельством в процессе адаптации студентов первого курса к обучению в вузе «рисунок 4».




Рисунок 4. «Сравнительные показатели исходной и итоговой диагностики студентов 1 курса»

Результаты формирующего эксперимента показали, что процесс адаптации студентов 1 курса к вузу статистически значимо повышается и будет более успешным, при соблюдении ряда условий через управление процессом адаптации посредством организованной системы информационно-превентивной деятельности. В процессе адаптации необходимо дать студентам жизненно необходимые знания и способы их получения и использования в практической деятельности. Важна практическая предлагаемая модель действий в принятия решений, в основе которой лежат анализ ситуаций и осознанный подход.

Использование в *информационно-превентивной деятельности* при проведении занятий такой практической модели принятия решений способствует овладению знаниями на основе личного опыта и опыта других, что дает более устойчивые результаты [8].

Заключение. Управление процессом адаптации студентов, посредством информационно-превентивной деятельности, способствует формированию у них таких личностных качеств, как ориентация на общепринятые нормы и нравственные ценности во всех сферах жизни, осознанную законопослушность, умение отстаивать свои гражданские права и выполнять обязанности, поддерживать и развивать культуру межличностных и иных социальных отношений, содействует стремлению постоянно наращивать и реализовывать свой творческий потенциал во благо себе и социуму. Процесс адаптации студентов к вузу значимо повышается и будет более успешным, при соблюдении ряда условий: применения управленческого аспекта в реализации организованной информационно-превентивной деятельности.

Список литературы:

1.XV Машеровские чтения: материалы международной научно-практической конференции студентов, аспирантов и молодых ученых, Витебск, 22 октября 2021 г.: в 2 т. – Витебск : ВГУ имени П.М. Машерова, 2021. – Т. 2. – 290 с.

2.Слободчиков, В.И. Психология развития человека: развитие субъективной реальности в онтогенезе: учебное пособие для вузов / В.И. Слободчиков; ред. В.Г. Щур. – М.: Школьная Пресса, 2000. – 416 с.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

3.Безюлева, В.Г. Психолого-педагогическое сопровождение профессиональной адаптации учащихся и студентов: монография / Г.В. Безюлева. – М.: НОУ ВПО Моск. Психол.-соц. ин-т, 2008. – 320 с.
4.Гингель, Е.А. К вопросу о необходимости педагогического сопровождения студентов-первокурсников вуза в период адаптации / Е.А. Гингель // Альманах современной науки и образования (Педагогика, психология, социология и методика их преподавания). – Тамбов: Грамота, 2007. - №5(5). – С.55-57.
5.Лагерев, В.В. Адаптация студентов к условиям обучения в техническом вузе и особенности организации учебно-воспитательного процесса с первокурсниками / В.В. Лагерев – М., 1991. – 48 с.. – (Содержание, формы и методы обучения в высшей школе: Обзор. информ. / НИИВО; Вып. 3).
6.Загорулько, Р.В. Основы образовательного менеджмента/Р.В. Загорулько // Курс лекций. Витебск. ВГУ имени П.М. Машерова.- 2015.- С.51.
7.Толковый словарь. Словарь иностранных слов// https://glosum.ru/
8.Щелкова, Т.В. Адаптация первокурсников белорусских вузов к условиям студенческой жизни: социологический анализ: автореф. дис …. канд. социол. наук: 22.00.01 / Т.В. Щелкова; Белорус. гос. ун-т. – Минск, 2006. – 20с.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIMES»
(VOLUME 2 ISSUE 2, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ХИМИЯ ПӘНІНЕ ҚҰШТАРЛЫҒЫН АРТТЫРУДА STEM ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

Уәлихан Айзат Әшірханқызы
7М01504-Химия мамандығының 2 курс магистрі
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

https://doi.org/10.5281/zenodo.10100871

To Cite: Уәлихан Айзат Әшірханқызы. (2023). ОҚУШЫЛАРДЫҢ ХИМИЯ ПӘНІНЕ ҚҰШТАРЛЫҒЫН АРТТЫРУДА STEM ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ. SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME, 2(2). https://doi.org/10.5281/zenodo.10100871

Аңдатпа: Мақалада білім алушының химия пәніне деген құштарлығын ояту, ынтасын арттыру, сыни тұрғыдан ойлау дағдысын қалыптастыру үшін Stem технологиясын қолдана оқыту қарастырылады.

Қазіргі білім берудегі трендтердің біріне айналған STEM технологиясы жас буынға сапалы білім берудің үздік нұсқаларының бірі. Химия пәні ақпараттарын Stem технологиясы көмегімен түсіндіру пәндер аралық байланысты тек күшейтіп қоймай, білім алушыға қоршаған орта, ондағы заттар мен құбылыстардың байланыстары туралы біртұтас ақпараттар жеткізеді, білім алушының сыни тұрғыдан ойлауына, ғылыми зерттеушілік құзіреттіліктерінің жүйелі түрде дамуына, топтық жұмысқа бейімделуіне және оқу сағаттарын барынша үнемді пайдалануға мүмкіндік жасайды.

Мақалада көмірсутектер тарауы тақырыптары бойынша химиялық білім беруде Stem білім беруді пайдаланудың мысалдары келтірілген.Алкандар, қанықпаған көмірсутектер, ароматты көмірсутектер сынды тақырыптарды түсіндіруде қолдануға болатын ақпараттық технологиялар, инженерлік білім мен оқушыларға ұсынылатын өзіндік жұмыстар келтірілген. Сондай-ақ, химия пәнінде Stem технологиясымен білім алушы бойында қалыптасатын негізгі құзіреттіліктер атап өтілген.

Білім алушының химияға деген ынтасын арттыру тәсілдерінің бірі болып табылатын Stem технологиясының тиімді жақтары мен кездесетін қиындықтар туралы ақпараттар жинақтау үшін Шымкент қаласының жалпы орта білім беретін мектептерінің ұстаздары мен Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің жаратылыстану факультетінің түлектері арасында жүргізілген сауалнаманың нәтижесі келтірілген.

Түйін сөздер: Stem технологиясы, химия, білім беру, мотивация, пәнге құштарлық, инженерлік оқыту, құзіреттілік, кіріктіріп оқыту.

Abstract: This article explores learning using Stem technology to arouse students' interest in chemistry, increase their enthusiasm, and develop critical thinking skills.

STEM technology, which has become one of the trends in modern education, is one of the best options for providing quality education to the younger generation. Explaining information on the subject of chemistry with the help of Stem technology not only strengthens interdisciplinary connections, but also gives the student unified information about the environment, connections

between objects and phenomena in it, helps the student to think critically and systematically develop scientific research. skills, adapt to group work and maximize learning hours.

The article provides examples of the use of stem education in chemical education on the topics of the chapter "Hydrocarbons", information technology, engineering education, as well as original works that can be used to explain topics such as alkanes, unsaturated hydrocarbons, aromatic hydrocarbons. The basic competencies developed in the student using Stem technology in the subject of chemistry are also noted.

The results of a survey conducted among teachers of secondary schools in the city of Shymkent and graduates of the Faculty of Natural Sciences of the South Kazakhstan State Pedagogical University in order to collect information about the advantages and difficulties of Stem technology, which is one of the ways to increase student interest in chemistry.

Key words: stem technologies, chemistry, education, motivation, passion for the subject, engineering education, competence, integrated learning.

Ғылым мен технологияның қарқындап дамуы, ақпараттың қолжетімділігі осы уақытқа дейінгі ұстаз бейнесіне жаңа леп әкелуде. Қазіргі таңда пәндерді оқытуды ғылыми-инженерлік ортада жүзеге асыру қажеттілігі, өте тез қарқынмен дамыған цифрландыру заманының талабына сәйкес келетін құзіреттіліктермен қаруланған ұрпақ тәрбиелеу мәселесі білім беру саласындағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Президентіміз Қ.К.Токаевтың Жаңа Қазақстан құру туралы халыққа жолдауында бәсекеге қабілетті дамыған ел болу, соның ішінде инженерлік оқытуға көңіл бөлу керектігі айтылғаны мәлім [1].

2021 жылғы бекіткен Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Білімді ұлт» сапалы білім беру», ұлттық жобасында сапалы білім беру, білім алушының цифрлық сауаттылығын дамыту мәселесі қарастырылып, көрсетілген [2].

Бүгінгі күнде жас буын роботехника, құрылыс, бағдарламалау, модельдеу, 3D дизайн сынды бағыттарға қызығушылығы жоғары екендігі мәлім. Заман талабы мен техниканың қарқынды жылдамдықпен дамуы әсерінен мамандықтардың жаңа түрлері өмірге келуде. Осы себептен STEM мамандықтарына деген сұраныс пен қажеттілік бүгінгі күнде өте жоғары және бұл көрсеткіш ұдайы өсу үстінде.

Қазақстанда STEM аббревиатурасы бірнеше жылдардан бері кең таралуда (басқа әріп қосылған әртүрлі вариациялары — STEAM, STEMM және т.б.). Сөзбе-сөз айтқанда, бұл бір тақырыпта оқу пәндерінің жиынтығын жинауды білдіреді: Science, Technology, Engineering and Math, яғни ғылым, технология, инженерия және математиканың жинақталуы. Алғашқы рет STEM ұғымын АҚШ-тың бактериологы Р.Колвелл 1990 жылы ұсынды. STEM білім беру технологиясы 2000 жылдардан кейін ғана кең етек жайып, тарала бастады. Жиырма бірінші ғасырдың бірінші жартысында Канада, АҚШ, Сингапур, Қытай, Финляндия, Япония ұлттық білім саясатындағы басымдықты STEM бағытына бұрды. STEM оқыту технологиясы төңкерілген сынып, BYOD, геймификация сынды әдістермен де біріктіруге болады. Америкада STEM технологиясын пәндер арасында кіріктіру бастауыш сыныптар оқушылары бағдарламаларына қосылса, ал жоғары сыныптарда оқушыларына STEM оқыту технологиясы бизнес және жоғарғы оқу орындарымен біріктіріліп өткізіледі. Жыл сайын Stem оқыту технологиясын ғылыми тұрғыдан зерттеулер көбеюде. [3-10]

Қысқаша айтқанда, STEM технологиясы әр түрлі пәндерді бір блокқа топтастырудан бастап, практикалық және жобалық мәселелерді шешуде әртүрлі пәндердің әдістерін, білімдерін, құралдарын игеру мен қолдануды біріктіретін білім берудегі жаңа әдіс болып табылады.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

STEM-білім беру –бұл білім мен дағдыларды қолдана отыра білім алушылардың болашақ мансапты таңдауға маңызды дағдыларын дамытумен байланысты оқыту нәтижелеріне бағдарланған контекстік жобаларға немесе міндеттерге интеграцияланған эксперименттік оқыту педагогикасы.

Ресей педагогі А.О.Репин Stem технологиясымен оқытудың мектеп шеңберінде білім беруге арналған төрт қағидасын ұсынады [11]:

• бірінші қағида: ізденушілердің күрделі ұғымдарды жақсы түсінуі үшін нақты өмірлік мәселелерге аналитикалық тұжырымдамалар қолданылатын проблемалық оқу әрекеттерін қолдану арқылы STEM-нің белгілі бір пәндері бойынша оқушылардың оқу тәжірибесін арттыруға бағытталған;

• екінші қағида: оқу пәндерінің мазмұнын тереңінен ұғыну мақсатында STEM пәндеріндегі білімді интеграциялауға негізделген, қорытындысында ізденушілердің болашақ кәсібінің техникалық немесе ғылыми бағытын таңдау мүмкіндіктерін арттырады;

• үшінші қағида: STEM білім беру технологиясы пәндерді оқытуға және нақты өндірістік жағдайларда қолдануға интеграциялау (білім алушылар өз білімдерін жобалар әдісіне, техникалық дизайнға негізделген немесе жеке мектеп пәні аясында жағдаяттық білім беру іс-әрекеті контекстінде пайдалана алады. STEM субъектілерінің біліктілігінің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді);

•төртінші қағида – STEM білім беру бағдарламасына – ғылым, технология, инженерия және математика салаларының негізгі ұғымдарын біріктіру.

Интеграцияланған STEM білім беру бастамаларын дамыту үшін үш шарт орындалуы керек:

1. Интеграция айқын болуы керек. Маңыздысы – білім алушыларға пәндер ішінде де, пәндер бойынша да білім мен дағдыларды қалыптастыруға нақты қолдау көрсететін интеграцияланған тәжірибелерді арнайы әзірлеу. Көптеген интеграцияланған STEM бағдарламаларында мұндай қолдау жоқ немесе сыныптағы әрекеттерге, бағдарламалық құралға, өлшеу құралдарына және сыныпта қолданылатын есептеу құралдарына жанама түрде енгізілген.

2. Оқушылардың жекелеген пәндер бойынша білімдерін тереңдете түсу керек. Оқу пәндері арасындағы идеяларды байланыстыру қиын міндет болып табылады, оқушылар белгілі бір пәндердегі нақты идеялар мен әдістерді жақсы білмейді және түсінбейді. Сонымен қатар, оқушылар өздерінің пәндік білімдерін әрдайым интеграцияланған контексте қолдана бермейді. Осылайша, білім алушыларға инженерлік немесе технологиялық дизайн контекстінде тиісті ғылыми немесе математикалық идеяларды анықтау, сол идеяларды нәтижелі байланыстыру және өз идеяларын тиісті ғылыми идеялар мен тәжірибелерді көрсететіндей қайта құру үшін қолдау қажет.

3.«Көбірек интеграция міндетті түрде жақсырақ» деген принциппен жұмыс жасауға болмайды.

STEM шеңберіндегі пәндер арасындағы байланыстарды орнатудың әлеуетті артықшылықтары мен қиындықтары таным мен оқудағы әлеуетті тепе-теңдікті ескере отырып, STEM интеграцияланған оқытуды енгізудің салмақты, стратегиялық тәсілінің маңыздылығын көрсетеді.

Қазақстанда STEM оқыту технологиясы бағыты бойынша жаңа технологияларды, ғылыми инновациялар мен математикалық модельдеуді дамытуға негізделген жаңа білім беру саясатын жүзеге асыру мақсатында оқу жоспарына STEM элементтерін енгізу жоспарлануда. 2015-2016 жылдан бастап әрбір бірінші сынып оқушысы «Жаратылыстану» пәнін оқиды. 2016-2017 оқу жылынан бастап барлық мектептерді АКТ-мен, цифрлық білім беру ресурстарымен, интернетке қолжетімділікпен жабдықтауды бастау жоспарланып,

барлығы ережеге сәйкес жүргізілді. 2019 жылы жаратылыстану –математикалық бағытындағы пәндер жоғары сынып оқушыларына ағылшын тілінде оқытылды. Білім ордаларында Stem сыныптары ашылып, робототехника бойынша олимпиадалық сайыстар ұйымдастырылып, 2016 жылдан бастап мұғалімдер арасында Stem жобалары өткізіліп келеді. Қазақстан Республикасында білім-тәрбие беру ұйымдарында балабақшадан бастап жоғары оқу орнына дейін және келесі кезең жұмыс орнына дейін STEM процестерінің жүйелі тізбегі құрастырылды. Елімізде білім алушыларға арналған жобалық зертханалар принципі бойынша жұмыс жасайтын STEM клубтары ұйымдастырылды. Бұл орталықтар нақты ғылымдарды үйренуге қызығушылықты арттыратын практикалық зерттеулерді ұйымдастырады. Еуразиялық топтың жетекшілігімен елімізде орта білім беру ұйымдарында 10 STEM зертханасы ашылды.[12-13]

Күрделі пәндерге білім алушының қызығушылығын ояту, өздігінен білім алуға, ізденуге бейімдеу, цифрлық сауаттылық бағытында білімін арттырумен қатар, ақпараттық технологияның қарқынды дамуына ілесуге үйрету, бісекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу мұғалімнің басты міндеті. Сонымен қаьар, STEM пәндік оқыту технологияларын жаратылыстану ғылымдары бойынша білім беруде қолдану бүгінгі таңдағы ең ыңғайлы және қолжетімді технология болып табылады. [14]

Оқушы бойындағы инженерлік-техникалық құзіреттіліктерді оятып, дамыту кезеңінде Stem технологиясының алатын үлесі үлкен. [15-16]

Химия әлемдік ғылыми-техникалық прогрестің негізгі маңызды құрамдастарының бірі болып табылады. Қазіргі кезде химияны оқытудағы өзекті проблемалардың бірі – оқушылардың химияға қызығушылығының төмендігі. Оқудың негізгі қуатты қозғалтқышы оқуға деген қызығушылық екені белгілі, ал енжар оқушы үнемі ынталандыруды қажет етеді.

Жұмыстың негізгі мақсаты – білім алушының химия пәніне деген қызығушылығын арттыру, мотивациясын ояту, ынтасын, ойлауын арттыруда Stem білім беру технологиясының алатын ролін анықтау болып табылады.

Stem білім беру технологиясының химия пәніне қолданудың тиімді жақтары мен кездесетін кейбір қиындықтар туралы мәлімет жинақтау үшін Шымкент қаласының жалпы білім беретін мектептерінің мұғалімдері мен Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің бітіруші түлектері арасында сауалнама жүргізілді.

Пәндермен және оқытудың жобалық әдісімен кіріктірілген оқыту технологиясы оқушының ізденімпаздық, тереңінен кең ойлау, шығармашылық қабілеттерін дамытады, мәселелерді тез шешуге, топпен жұмыс істеуге бейімдейді. Оның ішінде химия пәнінде STEM технологиясымен оқытуды бір пәнмен ғана шектелмей пайдалану, аралас тақырыптар бойынша оқыту, химиядан алған білімдерін өмірмен байланыстыра алу, сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамыту, есептер шығаруға дағдыландыру, жаңа білім алуға ұмтылу, ғылымға деген қызығушылықтарын арттыру, ақпараттық технологияны пайдалану, заман ағымына ілесетін бәкесеке қабілетті тұлға қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер. Кейбір жағдайларда оқушылар тақырып бойынша толық дайын ақпарат алмай, өз бетінше орындауға мүмкіндік алған жағдайда пәнге деген қызығушылықтары оянады. Оқушы мәселені шешудің жолын іздейді, мәселенің шешімін табуға , ғылыми жұмбақ шешуге тырысады. Білім алушылар өз бетінше зерттеу жұмыстарын орындау барынсында жас ерекшеліктеріне және олардың белсенді ақыл-ой әрекетіне, өз бетінше зерттеу жүргізуге дайындығына байланысты белгілі бір дәрежеде зерттеу дербестігіне жол беріледі. Мысалы, білім алушылар қаншалықты жас болса, соған сәйкес ғылыми-зерттеу жұмыстары практикамен байланыстырыла анықталады. Ал, есейген кезде ғылыми-зерттеу жұмыстары теориялық пайымдау тұрғысынан көбірек жүргізілуі мүмкін, дегенмен мұнда да зерттеушілер шешімді практикалық тұрғыдан тәжірбиеден өткізіп көруге

тырысады. Қай кезде де ізденіс жолы, жетістікке жету жолы білім ізденушілерге қызығушылық, қуанышты сәттер сыйлап қана қоймай, ынтымақтыққа тәрбиелейді.

STEM кіріктірілген оқыту технологиясы, сондықтан ол бірнеше пәндердің тұжырымдамаларын байланыстыра алады (мысалы, химия, физика, биология сияқты жаратылыстану ғылымдарын немесе инженерия, ғылым және технология), сондай-ақ бір субъект шығарған тұжырымдамасын басқа субъектінің тәжірбиесімен байланыстыра алу құзіреттілігіне ие, мысалы, инженерлік жобалау ретінде заттардың құрылымдық формуласы (химия) қасиеттерін қолдану. Ғылыми зерттеу жұмысы (айталық, эксперимент жүргізу) және инженерлік жобалау жұмысы (ғылыми эксперименттен алынған ақпараттар пайдаланылуы мүмкін) сияқты екі практикалық саланы байланыстыруда Stem технологиясымен оқытуда жүзеге асырылады.

Химия пәні оқушылар үшін ең қиын пәндердің бірі болып табылады, сондықтан да химия пәні мұғалімінің алдына пәнге деген қызығушылықты арттыру, оқушыға мотивация бере отыра, химиялық білім беру міндеті тұр. Химияны оқытуда жаңа инновациялық әдістерді қолдану қазіргі уақытта өзекті мәселердің бірі. Жаңа әдістердің бірі болып саналатын Stem технологиясын химия сабақтарында қолданудың бірегей әдістемесі жоқ, әр білім ордасы өзінің мүмкіндігіне қарай әртүрлі деңгейде қолданады. Stem технологиясын пайдалану арқылы мазмұн мен барлау процесі барысында білім алушыда даритын ғылыми құзіреттіліктер құрылымдарынының шешілетінін байқауға болады. Жоба жұмысын зерттеу кезінде ізденуші өзінің болашақ мансабының алғашқы кезеңдерін меңгере бастайды, болашақты жоспарлауда, оған жету жолдарын іздеуде тәжірибе жинақтайды.

Stem-технологиялар көмегімен оқытудың негізгі категориялары:

1. Stem технологиясы арқылы жоспардағы пәндерді оқыту.
2. Проблемалық оқыту немесе жобалық оқыту.
3. Жаңалықтарды ашу негізінде оқыту.
4. Инженерия мен технологияға негізделген білім беру.
5. Командалық оқыту (бірлескен немесе кооперативтік).
6. Жеке тұлғаға бағытталған білім беру.
7. Алған білімдерін практикада қолдана отырып оқыту.
8. Оқытудың бір бөлігі ретіндегі бағалау.
9. 21 ғасыр дағдыларын дамыта отырып оқыту.

Осы технология арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру, Stem технологиясын қолданудың кейбір мәселелерін зерделеу мақсатында химия пәнінен оқушылар түсінуі қиын тақырыптар таңдалып, сол тақырыптарға Stem технологиясын қолдана отыра сабақ жоспарлары дайындалды. Тақырыптарға сәйкес жоспарлар дайындағанда оқушыларға тек ғана білім беріп қоймай, ақпараттық технологиялармен жұмыс жасау, құрылымдық сызбалар сызып үйрену, кейбір құрылымдардың кескінін қағаздан жасап дағдылану, кейбіреулерін 3D модельдеу бағдарламаларында сызбалап, инженер-химиктік қасиеттері де дамытылады.

Нәтижелер.Оқушы бойынан химиялық білімді дамыта білу өте күрделі дағдылардың бірі. Қазіргі ғылым мен технологиядағы ең маңызды сала химия ізденуші бойынан ең бірінші креативті ойлау дағдысын қалыптастыра отыра, ойлауды дамытады, шыңдайды. Білім алушылардың химияға үлгермеуінің негізгі себептерінің бірі –көптеген оқушылардың осы пәнге деген қызығушылығының төмендігі (кейде қызығушылықтың мүлдем жоқтығы). Көп жағдайларда білім алушылар химияны іш пыстыратын, ешқайда қолданылмайтын пән деп есептейтіні ақиқат. Сол себептен пәндік бағдарламаның белгілі бір

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

заңдарын білуге үйретуден қарағанда, білім алушының өз өмірімен байланыстыру өзекті химия мәселелеріне қызығушылық танытуды арттырудың бірден-бір жолы болып табылады.

Сабақ жоспарын жасау үшін орта білім беретін мектептің 9-сынып оқушыларының химия пәнінен түсінуі қиынға соғатын тақырыптары таңдалынып алынды, мысалы ретінде органика тарауының тақырыптары қарастырылды.

«Қаныққан көмірсутектер», «алкен», «алкадиен», «алкин», «ароматты көмірсутектер» секілді тақырыптарды түсіндіруде Stem технологиясын қолданылды. Сондай-ақ химия пәніне информатика, математика пәндері біріктіріле оқытылды. Тақырыптар бойынша Stem білім беру схемасы жасақталды (1 кесте).

1 кесте. STEM оқыту схемасы (Дереккөз: құрастырушы авторлардың өзі)

	S	T	E	M
1	«Алкандар (қаныққан көмірсутектер)»	«MODEL AR» программасымен алкандардың құрылымын құрастырады, «FLIPPITY» программасында тапсырмалар орындайды.	Алкандардың изомерлерінің сызбасын жасайды.	Химиялық теңдеулер жүргізеді.
2	«Алкендер»	«Mechanisms» программасында реакция механизмін кескіндейді.	Алкендерді зертханада алу әдістері бойынша жоба дайындайды.	Алкендердің химиялық қасиеттерін ескере отырып реакция теңдеулерін жүргізеді және есептеулер жасайды.
3	Алкиндер	«LearningApps.org» программасы көмегімен алкендерге байланысты құрастырылған тапсырмалар жинағы орындалады. «Chemistry Isomers» програсымен алкендердің құрылымдық формуласын құрастыра отырып, изомерлерін анықтайды, сызбалайды.	Кейбір органикалық қосылыстардың үш еселі көміртегі-көміртектік байланысынан құралатынын түсіндіру үшін оқушылар пропиннің шар өзекті модель формасын жасайды.	Оқушылар сатылап жүретін гидрлену және галогендену, гидротация, тотығуы және галогенсутектерді қосып алу реакцияларына есептер шығарады.
4	Ароматты көмірсутек. Бензол	«Alchemie Animator: Chemistry» бағдарламасында бензолдың құрылымдық формуласын құрастырады. «Organic Reaction» бағдарламасы көмегімен реакция теңдеулерін аяқтап, реакция механизммен танысады.	Арендердің құрылымдық формасын негізге ала отырып, изомерлерінің сызбасын жасайды.	Бензолдың алыну теңдеуін жазады, алынуының жүру жағдайын көрсетеді
5	Диенді	Ақпараттық	Есептермен, үй	Алкадиендер

	көмірсутектер	технология «Kahott!» бағдарламасымен тез жауап беруге, жылдамдыққа дағдыланып үйренсе, Qr кодтар арқылы тапсырмалар алады.	Тапсырмалары-ның Qr кодын құрастырады.	тақырыбы бойынша білімдерін тереңдетіп, химиялық физикалық, геометриялық қасиеттерін меңгереді.
6	Мұнай және оның қосылыстары	«Onlinetestpad.com» бағдарламасында комплексті тапсырмалар орындайды (тест, сөзжұмбақтар, логикалық ойындар).	Мұнайды өндірісте алыну механизмінің макетін жасайды.	Зертханада алу реакция механизмін жазып, есептеулер жүргізеді.

Оқушылардың ынтасын арттыруда шығармашылық жұмыстың алатын орны ерекше. Химия пәнінен шығармашылық жұмыстарға мыналар жатқызылады: химиялық реакция теңдеулерін құру, математикалық сөзжұмбақтарды құрастыру, кейіпкерлері химиялық элементтер немесе топтар болатын ертегілер, химиялық ұғымның қасиеттерін ашатын немесе химияның жаратылыстағы өзге салалармен байланысын сипаттайтын математикалық эсселер, есептер мен рефераттар, схемалар немесе химия курсының жекелеген тақырыптарына қосымшалар.

Сондай-ақ, химиялық ойындар оқушы бойында таңданыс пен қуаныш сезімдерін оятады. Ойын барысында оқушылардың зейінін жинақтау, өз бетінше ойлау, зейінін дамыту, білімге ұмтылу қабілеттері қалыптаса бастайды. Пәнге қызығушылығы төмен оқушының өзі химияны ойынға қатысу арқылы қызығушылығы артып, меңгере бастайды.

Тағы бір қызықты әдіс химияны көрнекі құралдар арқылы, әсіресе электронды құралдар арқылы түсіндіру. Дайын сызбаларға негізделген жаттығулар жұмыстың қарқынын арттыруға, оқушыларды ойландыруға, салыстыруға, химиялық ұғымдардың ортақ және әртүрлі қасиеттерін анықтап, байқауға, дұрыс қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Бұндай кездерде, әрине, компьютерлер мен смартфондар көмектеседі. Әртүрлі бағдарламалық жасақтама орталары химиялық қосылыстарға, элементтерге түстерді, графикалық бағдарламаларды, дыбысты және заманауи бейне жабдығын пайдалануға мүмкіндік береді. Оларды әртүрлі жағдайлар мен орталардың модельдеулерін қолдануға ынталандырады. Мысалы, бейорганика және органика курстары бойынша қосылыстардың алыну механизмдерін сызбалау, макеттеу арқылы оқушылардың бойындағы шығармашылық қасиеттерін арттырып, өндірістік маңыздылығымен таныстырып, білім алушы бойынан шығармашылықты, өндіріс мамандыры мен құрылыс саласына деген қызығушылықтары оянады.

3D модельдеу бағдарламаларымен жоғары сынып оқушылары жұмыс істеу барысында тақырыпты және ол жердегі химиялық процестерді тез, қызығушылықпен өте жоғары көңіл-күйде қабылдайды.


Ноутбук, телефондар оқушының пәнге деген оң көзқарасын арттыруға мүмкіндік сыйлайтын цифрлық құралдар. Бұл цифрлық құралдарды оқушының пәнге қызығушылығын арттырып, оятуға, жедел ынталандыруға, сондай-ақ оқушының оқу тапсырмаларын орындауын күрделілік деңгейіне қарап бөліп, оқушының оң шешім қабылдауына әсер ететіндей тапсырма түрлерімен қамтамасыз етіп тиімді түрде қолданысқа енгізу керек. Айта

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737


кетерлік жайт, ақпараттық цифрлық құралдар информация көзі, электронды көрнекі құрал, әдістемелік мультимедиялық құрал, тренажер рөлін атқарады.

Stem оқыту технологиясында білім алушының ақпараттық технологияны жоғары деңгейде пайдалана білуі маңызды болып табылады және әр білім ордасының материалдық-техникалық базасы да басты назарға алынады. Зерттеу барысында кейбір тақырыптарды бағдарламалық қамтамасыз ету аясында, «ModelAr» бағдарламасы көмегімен көмірсутектердің құрылым сызбалары жасалды (1,2 сурет).

«ModelAr» – органикалық химияға арналған 3D-модельдеу бағдарламасы. Бағдарламада молекулалар құрастыруға, жан-жақты байланысын қозғалтып отырып виртуалды зерттеуге болады. Білім алушылар үшін қолданысқа оңай, әрі бағдарлама қимылдары қарапайым және интуитивті. Бағдарламада құрастыруды бастау үшін атомды бүйірлік тақтадан негізгі жұмыс кеңістігіне орналастырасыз. Жаңа химиялық байланыстар жасау үшін атомдар арасын қосасыз және молекуланы айналдыру үшін сырғытып, перспективаларды зерттейсіз.




1 сурет. «ModelAr» бағдарламасымен құрастырылған ацетиленді көмірсутектер сызбасы (Дереккөз: авторлардың өзі)



2 сурет. «ModelAr» бағдарламасымен құрастырылған ароматты көмірсутектер сызбасы (Дереккөз: автордың өзі)

Химия пәнінде Stem білім беру бағдарламасын қолданғанда, ұстаз ақпарат беруші қызметімен бірге ментор, білім алушының оқу іс-әрекетін ұйымдастырушы тәлімгер қызметінде атқаруы керек. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда білім алушының өздігінше орындайтындай тапсырмаларды дайындау, талдау, синтездеу, салыстыру, қорытындылау дағдыларын сақтай отырып, жан-жақты дамитындай білім беру қажет. Осы принципке сүйене отырып, химияның кейбір тақырыптарында өз бетінше орындайтын жеке тапсырмалар «Mechanisms:organic chemistry» бағдарламасында реакция теңдеулерін жазу, механизмін түсіндіру тапсырмалары 3-суретте көрсетілген.

«Mechanisms:organic chemistry» бағдарламасы қазіргі кезеңде жақсы танымал платформа. Электрондарды жылжыту және басқару арқылы реакция механизмдерін меңгеруге мүмкіндік береді. Химиялық реакциялардың бөлшектер деңгейінде интуитивті түрде қалай жүретінін бақылауға, қозғалтуға тәжірбие жасауға болады. Әрбір жаттығуды орындаған кезде орындалған әрбір қадамға сәйкес кеңестер беріліп, кері байланыс жасалады. Осылайша реакция механизмінің жүру заңдылықтарын жаттығулар мен практика арқылы тез меңгертуге болады.



3 сурет. «Mechanisms:organic chemistry» бағдарламасы арқылы құрастырылған реакция (Дереккөз: құрастырушы авторлардың өзі)

Химия пәнінде Stem технологиясы арқылы бірнеше тақырыптар қарастырылды. Міне, осы зерттеуде анықталған органикалық химия негіздерін меңгеру нәтижесінде білім алушылар бойында қалыптасатын кейбір негізгі құзыреттер:

- Органикалық химиядағы негізгі ұғымдарды меңгерумен қатар, олардың молекулалық құрылымын терең түсініп, бейне қалыптастыра алады.
- Математикалық, химиялық, информатикалық білімі кеңейеді.
- Электрондар құрылымы мен реакция механизмі сызбалау нәтижесінде инженерлік танымы артады.
- Өзіндік ішкі бағалауы, өзіне сенімділігі, ізденімпаздығы артады.
- Топтық жұмыс жасау кезінде коммуникациялық қасиеті артады.
- Креативтілік қасиеті қалыптасады.
- Өз пікірін топтар арасында дәлелдеуді үйренеді.
- Логикалық ойлау қабілеті жаттығады.


- Жоба жасау барысында ғылыми зерттеу жұмыстарына қызығушылығы артып, жоба жасау машығы қалыптасады.
- Химия, математика, шығармашылық пәндерге деген қызығушылығы артып, сабақтарды көңілді, тез қабылдайды.
- Қазіргі уақыт талабына сәйкес ақпараттық құралдарды пайдалануы бойынша білімі тереңдейді.
- Цифрлық сауаттылығы артады.
- Алған білімді өмірмен байланыстырып қолдану қасиеті қалыптасады.

Талқылау. STEM білім беру – инновациялық оқыту заман талабы. Бұл қазіргі өскелең буынның еркін білім алуына жол ашатын жаңа мүмкіндік, сондай-ақ әлемдік білім әлемінің қыр-сырына үңіліп, қабілеттерін танытуға мүмкіндік береді.

Мектеп мұғалімдерінің Stem технологиясын қолдану деңгейін анықтау мақсатында Ақтөбе қаласының жалпы білім беретін мектептерінің мұғалімдері арасында Stem технологиясы, оны қолдануда кездесетін мәселелер туралы сауалнама жүргізілді. Бұл сауалнамаға жаратылыстану факультетінің бітіруші түлектері де қатысты. Электронды сауалнама Google форма арқылы ұйымдастырылды.

Мектеп ұстаздарының Stem білім беру бағдарламасын қолдану деңгейін анықтау мақсатында Шымкент қаласындағы жалпы орта білім ордаларының мұғалімдері арасында Stem білім беру технологиясын және оны қолдану барысында туындайтын қиындықтар жөнінде сауалнама жүргізілді. Бұл сауалнама жаратылыстану факультетінің түлектері де ерікті түрде қатыстырылды. Электронды сауалнама «Google forms» платформасында жасалынды.

Бірінші «Stem білім беру бағдарламасымен таныссыз ба?» деген сауалға қатысушылардың 72,8 % таныс екендігін айтқан. (4 сурет).




4 сурет. «Stem білім беру бағдарламасымен таныссыз ба?»
(Дереккөз: құрастырушы авторлардың өзі)

Қатысушылардың «Stem білім беру бағдарламасы туралы қай жақтан білдіңіз/естідіңіз?» деген сауалға жауаптары әртүрлі болды, түлектердің барлығы дерлік жоғарғы оқу орындарында танысқанын жазған (5 сурет). Сол себепті педагогтар өте жылдам дамып жатқан инновациялық технологиялардан үнемі хабардар болып, ізденіс, даму үстінде


ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

жүруі, өткізілетін конференциялардың түпкі мақсаты мен назар аударткысы келген тұстарын бағамдауы тиіс.



5 сурет. «Stem білім беру бағдарламасы туралы қай жақтан білдіңіз/естідіңіз?» (Дереккөз: құрастырушы авторлардың өзі)


Жалпы орта білім беру ұйымдағы ұстаздары мен бітіруші түлектер «пәндерді инновациялық, инженерлік оқытуға оқушылар дайын ба?» деген сауалға қатысушылардың 54,5% дайын екендігін жеткізген (6 сурет).



6 сурет. «Пәндерді инновациялық, инженерлік оқытуға оқушылар дайын ба?» (Дереккөз: құрастырушы авторлардың өзі)

Ал, «сіздің ойыңызша Stem білім берудегі мәселелер қандай?» деген сұраққа сауалнамаға қатысушылардың жауаптары түрліше болды (7 сурет). Көпшілігі оқу орындарының техникалық құралмен, интернетпен толық жабдықталмағанын айтса, кейбір респонденттер Stem білім беру технологиясын қолдануда кездесетін мәселелердің бірі бұл технология туралы ақпараттың аздығы, ұстаздың бұл технологиямен сабақ өтуге дайындалуы үшін көп уақыттың кететіндігін айтты. Жалпы білім беруші ордалардың материалдық техникалық базасының толық қамтылмауы, интернет жылдамдығының төмендігі, робототехника және 3D модельдеу бөлмелерінің қойылатын стандарттарға сай болмауы, 3D басып шығару құрылғылары санының аздығы Stem технологиясымен оқытуды ұйымдастыруды өз деңгейінде ұйымдастыруға қиындықтар туғызады.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737



7 сурет. «Сіздің ойыңызша Stem білім берудегі мәселелер қандай?» (Дереккөз: құрастырушы авторлардың өзі)

STEM білім беру бағдарламасы білім алушылардың қашықтықтан оқыту мен дәстүрлі оқытудағы ой-өріс ауқымын кеңейтіп қана қоймайды, сонымен қатар басқа ақпараттармен танысуға, интернет арқылы жаңа деректерді түсінуге, сөздік қорын дамытуға көмектеседі.

Қорытынды. Оқушылардың бойында пәнге деген ынтасын ояту үшін оқушылардың белсенділігін арттыратын әдістерді жиі қолдану қажет. Оқушы бойында пәнге қызығушылықты ояту – ойлау мен зейіннің ең қажетті құралы болып табылады. Химияны оқытудағы негізгі және маңызды міндеттердің бірі – балалардың жаратылыс туралы білімін тереңдету.

Қазіргі уақытта жоғары технологиялық салалардағы IT мамандарына, инженерлерге және биотехнологтарға деген қажеттілік күн санап артып келеді. Бұл сұраныстар әр қалыптасушы жеке тұлғадан жан-жақты метапәндік дамуды талап етеді, сондай-ақ мектеп қабырғасынан бастап адамның бәсекеге қабілеттілігі, үздіксіз дамушы ғаламның өзгермелеріне дайын болуы тиістігінің кепілі.

Заманауи STEM білім беру технологиясы оқушыларда сыни тұрғыдан ойлау, жағдаяттарды шешу, жылдам ойлау, жобалау сияқты дағдыларды ғана емес, сондай-ақ табандылық, бейімделу, ынтымақтастық, ұйымшылдық және жауапкершілік сияқты қабілеттерді де шыңдайды.

Жаратылыстану бағытындағы пәндердің арасында химия пәнін STEM білім беру арқылы оқытудың маңыздылығы ең бірінші білім алушылардың химиялық білім деңгейі ауқымын кеңейте отырып, өздігінше ізденуге, шығармашылық ойлауын үшкірлей түсуге және химиялық есептерді, реакцияларды шешу әдісін жеткізе білуге дағдылануға үлкен мүмкіндік ашады.

Егер дәстүрлі сабақ пен STEM білім беру арқылы өткізілетін сабақты салыстырсақ, дәстүрлі сабақ негізінен түсіндірмелі-көрнекілік әдіспен құрылатын оқушыларды біліммен қаруландыруға және жалпы білім беру мәселелерін шешуге бағытталған, ал интеграциялық сабақтар біріктіру негізінде құрылады. Әр түрлі әдістер мен оқу құралдарының, сонымен қатар сабақтың бір бөлігі болып табылатын ғылыми және табиғи объектілердің көптеген мәселелерін шешеді. Сабақ барысында түсіндіру-визуализация, зерттеудің, пікірталастың ізденіс әдістері, әртүрлі білім көздері, телешоулар, фильмдер, мультимедиялық курстар, интернет-технологиялар, оқыту мен бақылаудың басқа да техникалық құралдары

қолданылады. Бұл ретте топтық, ұжымдық, жұптық, жеке жұмыс түрлері кеңінен қолданылады.

Химиялық ілгерлемелі білім ол стандартты тапсырмаларды шешуге арналған кейбір ережелер мен дағдылардың жиынтығы емес, ол ең алдымен, зерттелетін құбылыстардың мәнін терең түсіну, тапсырмалардың өзін іздеуге қатысу, осы міндеттерді қою, гипотезаларды тұжырымдау, олардың дәлелділігін тексеру. Сондықтан да математика пәніннің мұғалімі алдында сабақта да және сыныптан тыс жұмыс процесінде де ұсынатын математикалық және логикалық тапсырмаларды қызығушылық танытудың жаңа құралдары мен тәсілдері ретінде үнемі іздестіру міндеті тұр. Математика пәніне деген қызығушылықтың болуы, білім алушының математикалық жарыстарға, пәндік олимпиадаларға қатысуына тікелей ықпал етеді.

Жетілдірілген химиялық білім – бұл стандартты тапсырмаларды шешуге арналған белгілі бір ережелер мен дағдылардың жиынтығы емес, ең алдымен, ол химиялық құбылыстардың мәнін терең түсіну, түпкі маңыздылығын, мәнін іздеу, теорияларды өмірмен байланыстырып тұжырымдау.Сол себептен де химия пәнінің маманы алдында сабақта барысында да, сабақтан тыс жұмыстар барысында да ұсынылатын химиялық есептерге қызығушылық танытудың жаңа әдіс-тәсілдері мен құралдарын үнемі қарастыру міндеті тұр. Химияға деген қызығушылықтың болуы білім алушының химиялық олимпиадалар мен пәндік жарыстарға қатысуына тікелей әсер етеді.

Оқушылардың химияға деген ынтасының артуы тікелей оны оқыту тәсіліне, сабақтың құрылымына және ұстаздың сабаққа қосқан материалдарына байланысты. Сондықтан әрбір тақырыпты білім алушыға қызықты етіп түсіндіре білу, оқытудың заманауи технологияларын пайдалана білу, теориялық білімдерін қолданбалы тапсырмалармен байланыстыра білу – ұстаздың міндеті. Бұл мәселені шешуге білім берудің жаңа инновациялық әдістерінің әсері жоғары болары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2020 жылғы 1 қыркүйек, «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі»
2. "Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы.
3. А.И. Рудской, А.И. Боровков, П.И. Романов, К.Н. Киселева. Анализ опыта США и Великобритании в развитии STEM-образования //Естественные и инженерные науки. 2017.
4. Л.М. Мусина1 , М.М. Салтуганова2 , Л.А. Коровникова 3 В.А. Полшкова 4 Внедрение stem образования: зарубежные практики, Вестник ГГНТУ. Гуманитарные и социально-экономические науки, том XVI, № 3 (21), 2020, С. 64-69, DOI: 10.34708/GSTOU. 2020.81.51.010
5. Путь к успеху: американская стратегия STEM-образования [Электронный ресурс] URL: https://stimul. online/articles/sreda/stem-obrazovanie-dlya-vsekh-/
6. Chatzopoulos, A., Papoutsidakis, M., Kalogiannakis, M., Psycharis, S., Papachristos, D.Measuring the impact on student's computational thinking skills through STEM and educational robotics projects implementation (2020) Handbook of Research on Tools for Teaching Computational Thinking in P-12 Education, pp. 234-284.
7. Chatzopoulos, A., et al. "Action research implementation in developing an open source and low cost robotic platform for STEM education." International Journal of Computer Applications 178.24 (2019): 33-46.

8. Dorouka, P., Papadakis, S., Kalogiannakis, M. Tablets and apps for promoting robotics, mathematics, STEM education and literacy in early childhood education, (2020) International Journal of Mobile Learning and Organisation, 14 (2), pp. 255-274
9. Liang-Hui Wang1* , Bing Chen1 , Gwo-Jen Hwang2 , Jue-Qi Guan1 and Yun-Qing Wang1 , Efects of digital game-based STEM education on students' learning achievement: a meta-analysis, International Journal of STEM Education (2022), https://doi.org/10.1186/s40594-022-00344-0
10. Robert J. Ruhf1*, Cody T. Williams1 , Megan Zelinsky2 and Lyssa Wilson Becho2 , Barriers to collecting student participation and completion data for a national STEM education grant program in the United States: a multiple case study, International Journal of STEM Education (2022), https://doi.org/10.1186/s40594-022- 00348-w
11. Репин А. О. Актуальность STEM-образования в России как приоритетного направления государственной политики / А. О. Репин // Научная идея. – 2017. – № 1. – URL: http://nauch-idea.ru/index. php/arkhiv?layout=edit&id=10 (дата обращения: 10.04.2020).
12. «STEM білімді енгізу бойынша әдістемелік ұстанымдар». – Астана: ЫАлтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2017. – 160 б.
13. Ахметова Г.К., Мурзалинова А. STEM образование как направление обновления содержания образования в республике Казахстан// Методист. – 2018. – №4. – С. 2-5.
14. Ожибаева З.М.1 , Нурмуханбетова Н.Н.2 Использование stem-технологий как способ повышения мотивации учащихся на уроках химии в условиях обновления образования Республики Казахстан, Scientific Atlas, 2021 №4. – С.52-59
15. Андреева И.В., Михайлик Е.В., Добрынина М.А. Stem-образование как ключевой фактор развития инженернотехнических компетенций обучающихся общеобразовательных организаций // Мир науки. Педагогика и психология, 2021 №1, Том 9. – С.1-9, https://mir-nauki.com. 16 Стрельникова Т. Что такое STEM? [Электронный ресурс] URL: http://www. unikaz. asia/ru/ content/chto-takoe-steam-obrazovanie .

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIMES»
(VOLUME 2 ISSUE 2, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

УДК 004.42:371.3

КОМПЬЮТЕРЛІК МОДЕЛЬДЕУ ЕСЕБІН КЕЗЕҢ КЕЗЕҢІМЕН ШЕШУ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

В.Б.Рыстыгулова[1], Г.С.Токишева[2], Ж.М.Битибаева[3], Г.Л.Габдуллина[4]
[1]Қазақ технология және бизнес университеті, қауым. профессор (доцент), ф.-м.ғ.к., Астана қ., Қазақстан
[2]Қазақ технология және бизнес университеті, оқытушы, техника ғылымдарының магистрі, Астана қ., Қазақстан
[3]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, қауым. профессор (доцент), PhD доктор, Алматы қ., Қазақстан
[4]әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, аға оқытушы, ф.-м.ғ.к., Алматы қ., Қазақстан

https://doi.org/10.5281/zenodo.10100866

To Cite: В.Б.Рыстыгулова, Г.С.Токишева, Ж.М.Битибаева, & Г.Л.Габдуллина. (2023). КОМПЬЮТЕРЛІК МОДЕЛЬДЕУ ЕСЕБІН КЕЗЕҢ КЕЗЕҢІМЕН ШЕШУ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ. SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME, 2(2). https://doi.org/10.5281/zenodo.10100866

Аңдатпа. Студенттердің зерттеушілік дағдыларын қалыптастырудың бүгінгі күні өзекті мәселе екені баяндалған. Пәндер бойынша студенттердің зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға инновациялық, креативті, интерактивті әдістерді қолдана отырып, әртүрлі тәсілдермен жүзеге асыруға болатындығы туралы түрлі деректер көздеріне шолу жасалған. Компьютерлік модельдеу есептерін кезең кезеңге бөліп шығару студенттің тапсырманы нақты түсініп, креативті ойлау жүйесін біртіндеп дамытуды және зерттеушілік дағдыларын қалыптастырады. Оны допты баскетбол сақинасына лақтыру траекториясын модельдеу есебі арқылы дәлелдеп көрсеткен. Алынған нәтижелерге талдау жасалған. Доптың қозғалысын модельдеуге зерттеу жүргізу арқылы доптың баскетбол сақинасына дәл түсетін параметрлері алынған. Есептерді шығару барысында компьютерлік модельдеуді қолдану, нақты процесті сипаттауға мүмкіндік береді деп қорытындыланған.

Кілттік сөздер. зерттеушілік дағды, компьютерлік модельдеу, кезең кезеңмен есеп шығару, креативті ойлау

Аннотация. Отмечено, что формирование исследовательских навыков студентов является актуальной проблемой на сегодняшний день. Проведен обзор различных источников данных о том, что формирование исследовательских навыков студентов по предметам может осуществляться различными способами с использованием инновационных, креативных, интерактивных методов. Поэтапное решение задач компьютерного моделирования позволяет студенту четко понимать задание, постепенно развивать креативное мышление и формировать исследовательские навыки. Его доказали с помощью задачи моделирования траектории броска мяча в баскетбольное кольцо. Проведен анализ полученных результатов. Проводя исследование моделирования движения мяча, получены параметры, при которых мяч точно попадает в баскетбольное кольцо. Делается вывод, что

применение компьютерного моделирования при решении задач позволяет описать реальный процесс.

Ключевые слова: исследовательские навыки, компьютерное моделирование, поэтапное решение задач, креативное мышление

Abstract. It is noted that the formation of students' research skills is an urgent problem today. The review of various data sources that the formation of students' research skills in subjects can be carried out in various ways using innovative, creative, interactive methods. Step-by-step solution of computer modeling tasks allows the student to clearly understand the task and gradually develop creative thinking, form research skills. It was proved using the problem of modeling the trajectory of throwing a ball into a basketball hoop. The analysis of the obtained results is carried out. By conducting a study of modeling the movement of the ball, the parameters were obtained at which the ball accurately hits the basketball hoop. It is concluded that the use of computer modeling in solving problems allows us to describe the real process.

Keywords: research skills, computer modeling, step-by-step problem solving, creative thinking

Кіріспе. Студенттердің зерттеушілік дағдыларын қалыптастырудың өзектілігі қазіргі қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық өзгерістерге байланысты. ЖОО түлектерінің кәсіби дайындық деңгейіне қойылатын талаптар айтарлықтай өзгерді. Бұл Қазақстанның нормативтік-құқықтық құжаттарында, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында көрсетілген [1]. Жоғары мектепті сапалы қайта құру студенттердің білім беру қызметін ұйымдастыруға бағытталған, ол бакалаврлар, магистрлер мен мамандарды даярлаудың жеткілікті жоғары деңгейін қамтамасыз етуі керек, бұл оларға ЖОО-да оқу процесінде де, нақты кәсіби қызмет жағдайында да зерттеу міндеттерін шешуге мүмкіндік береді.

Дереккөздерді талдау, зерттеу қызметі деп зерттелетін объектілер туралы білімді қалыптастырумен аяқталатын ғылыми құралдар мен әдістерді қолданатын танымдық іс-әрекеттің түрі түсінілетіндігін көрсетті. Бұл қызметтің компоненттері: ақпараттық (бұрыннан бар білім туралы ақпарат алу, осы білімді жалпылау); аналитикалық сыни (бар білімді талдау, зерттеу саласының ішінара немесе толық танылмаған аспектілерін анықтау негізінде зерттеу мәселесін қою); нақты зерттеу (жаңа білім алу үшін теориялық және эксперименттік зерттеулер жүргізу, зерттеудің аралық нәтижелерін талдау); презентациялық болжамдық (ғылыми құжаттың хабарламасы мен түрін дайындау және ұсыну, зерттеудің соңғы нәтижелерін өңдеу, жаңа білім алу мүмкіндіктерін сындарлы болжау). Зерттеу қызметінің бұл компоненттері студенттердің зерттеу дағдыларында көрінуі керек [2].

Қазіргі уақытта ғылыми және практикалық салалардағы компьютерлік модельдеу бізді қоршаған әлемнің әртүрлі жүйелерін, процестері мен құбылыстарын зерттеудің негізгі құралдарының бірі болып табылады. Ал ғылыми зерттеулерде модельдеу өте ерте заманнан қолданыла бастады және біртіндеп ғылыми білімнің барлық жаңа салаларын: құрылыс және сәулет, техникалық құрылыс, физика, астрономия, химия, биология және ақыр соңында әлеуметтік ғылымдарды қамтыды. Бірақ ғылымның барлық салаларында айтарлықтай жетістіктер мен мойындау XX ғасырдың модельдеуіне компьютерлер паркінің пайда болуына байланысты болды, дәл XX ғасырдың екінші жартысында компьютерлік модельдеудің ғылыми танымның әмбебап әдісі ретіндегі рөлі орнықты [3].

«Компьютерлік модельдеу негіздері» курсы – бұл ЖОО-дағы пәндер компонентінің өте күрделі курсы. Біріншіден, бұл пәнаралық курс, өйткені ол адам қызметінің әртүрлі салаларындағы модельдерді қарастырады, яғни оны сәтті игеру үшін әр түрлі білімнің болуы

қажет. Мысалы, физикалық процестерді модельдеу кезінде – физика заңдары туралы, экологиялық процестерді модельдеу кезінде – биология заңдары туралы, экономикалық процестерді модельдеу кезінде – экономика заңдары туралы, технологиялық процестерді модельдеу кезінде техника мен технология бойынша білімдер қажет. Екіншіден, компьютерлік математикалық модельдеу кезінде заманауи математика бөлімдері: дифференциалдық теңдеулер теориясы, аналитикалық геометрия, математикалық статистика, сандық әдістер қолданады. Осылайша, компьютерлік математикалық модельдеуді үйрену студенттерге компьютерлік модельдеудің жаратылыстану ғылымдарымен, ең алдымен негізгі пән болып табылатын математика, физика және информатикамен байланыстарын түсінуге мүмкіндік береді. Ал, «Компьютерлік модельдеу негіздері» пәні «Ақпараттық жүйелер» мамандықтары үшін базалық пәндер циклiндегі таңдау компоненті болып табылады.

Материалдар мен әдістер.

Оқу процесінде пәндер бойынша оқыту нәтижелерін, яғни зерттеушілік дағдыларын инновациялық, креативті, интерактивті әдістерді қолдана отырып, әртүрлі тәсілдермен жүзеге асыруға болады. Бірақ, әр пәннің өзіндік оқу ерекшеліктері бар. Әр түрлі саладағы авторлардың зерттеулерінен мысалдар келтірейік.

Н. Л. Калугинаның диссертациялық жұмысында студенттердің өзіндік жұмысы арқылы университет студенттерінің зерттеу дағдыларын қалыптастыру зерттелген. Өз бетінше жұмыс жасау барысында университет студенттерінің зерттеу дағдыларын қалыптастырудың педагогикалық шарттары кешені мен тиімді әдістемелік ережелері эксперименталды түрде расталған [4].


Бұл жұмыста [5] физика мамандығының студенттері үшін оқу мақсатында қолданылатын материалдар сипаттамаларын өлшеудің ең заманауи әдістерімен жұмыс жасайтын және наноөлшемді жүйелердің сипаттамаларына диагностика жасайтын «СММ-2000» құрылғысының мүмкіндіктері келтірілген. «СММ-2000» құрылғысы нанометрлік кеңістіктік ажыратқыштығы бар үлгілердің беткі топографиясының геометриялық және физикалық параметрлерін өлшеуге арналған. Құрылғының жұмыс принципі қысқаша сипатталған және қолмен және автоматты баптаудың параметрлері ұсынылған. Әртүрлі үлгілерді сканерлеу мысалында бөліп алынған кадр аймағына секциялық талдауды көрсететін графикалық нәтижелер көрсетілген, сонымен қатар бөліп алынған аумақ бетінің кедір-бұдыр параметрлерінің нәтижелері көрсетілген. Студенттерді күрделі техникамен жұмыс істеуге үйретудің маңыздылығы сипатталған, мұнда студенттердің жалпы дайындығын жаңа деңгейге қоюды және тренажерларда алдын-ала жұмыс жасауды, наномейкерлерде, атомдық күштік немесе туннельдік микроскоптарда жұмыс істеуге үйретуді қажет етеді.

[6] мақалада авторлар «Пәндік дағдылар жүйесін меңгеру салыстыру, жіктеу, талдау, синтез және т.б. сияқты бірқатар ақыл-ой операцияларының көмегімен жүзеге асырылады. Болашақ мамандардың тек пәндік білімді ғана емес, сонымен қатар зерттей білуі мен зертеу дағдыларын игерудегі жетістігі ақыл-ой операцияларының қалыптасу сапасына байланысты. Онлайн оқыту контекстінде зерттеу дағдыларын қалыптастырудың оң нәтижелері пандемия дағдарысынан туындаған өзгерістерге әсер ететін факторларды зерттеуге бағытталған зерттеулермен де дәлелденеді. Онлайн технологиялар мен инновацияларды енгізумен оқытудың табыстылығы, сондай-ақ болашақ мұғалімдерді мақсатты даярлау дағдарыс жағдайында сапалы онлайн оқыту үшін профессорлық-оқытушылық құрам жұмысының және жалпы ЖОО саясатының тиімді нысандарын әзірлеу үшін негіз болуға тиіс, - деп студенттердің зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруды аралас (офлайн және онлайн) оқыту жағдайларында да қарастырған.

Достаточно полное представление о веществе и его превращениях формируется при использовании разных дидактических средств, как традиционных, так и новых, к которым прежде всего принадлежат технические средства обучения. Уроки с использованием ТСО могут протекать по-разному, например, от слова к просмотру, когда учитель готовит учащихся к восприятию фильма, они запоминают или фиксируют на бумаге вопросы, подлежащие выяснению; возможен и другой путь-от просмотра к обобщению, когда учитель организует наблюдение и затем обобщает усвоенное учащимися при просмотре фильма.

С помощью учебного кино можно показать предметы в движении, т.е. в процессе их становления, развития и изменения. Это достигается выделением нужной части объекта или лишь отдельных её сторон, ускоренной или замедленной съёмкой натуральных объектов (например, наблюдение за ростом и растворением кристаллов) или с помощью различных приёмов мультипликаций (например, изображение механизмов химических реакций, действие катализаторов). Посредством кино можно показать общий план (заводский цех на общем фоне завода), полный план (заводской аппарат в цехе), средний план (основную часть прибора, в котором происходит химическая реакция) и деталь прибора. Усиливает восприятие наезд и отъезд кинокамеры. Благодаря всем этим приёмам и средствам отражаемая действительность может быть показана в фильме богаче и разнообразнее, чем при непосредственном наблюдении. Кроме того, кино позволяет проникнуть в мир, недоступный непосредственному восприятию, на пример в микромир атомов и молекул, в макромир небесных тел. Но и показ уже известного под другим углом зрения открывает много нового, порой неожиданного.

Учебный фильм можно использовать на вступительной части урока как средство мотивации последующей учебной деятельности. Просмотренные эпизоды фильма или фрагменты его служат опорными точками, вокруг которых строится содержание урока. Такой приём повышает интерес учащихся к предмету, создаёт предпосылки для его активного изучения. Отдельные эпизоды могут послужить «источником создания проблемной ситуации.

Учебный фильм служит также эффективным средством обобщения темы или раздела программы. Показ ранее виденного фильма после окончания темы открывает учащимся новые стороны, не замеченные прежде особенности и детали, позволяет рассмотреть объекты под новым углом зрения.

Созданные в последнее время учебные фильмы по химии могут быть использованы целиком для повторения и в виде отдельных фрагментов при первоначальном изучении нового материала. Примерами таких фильмов могут служить следующее:

«Мир химии» https://youtu.be/OIFoQRj-U8A , «Реакции неорганических веществ».

Кинофрагменты часто используются для иллюстрации сведений, сообщаемых устно учителем. Они могут служить подтверждением (или опровержением) выдвинутой в ходе обсуждения гипотезы, способствовать созданию мотива учения, проблемной ситуации. Кинофрагменты - это киноэпизоды, отражающие части цельного фильма, например работу тех или иных заводских аппаратов, отдельные теоретические вопросы, например механизм действия катализаторов, динамический характер химического равновесия. Использование фильмов на уроках, как и других экранных пособий, производится после ознакомления учителя с их содержанием. Наиболее ответственным этапом в подготовке урока с применением фильма является выработка учителем плана демонстрации. В ряде фильмов отражён проблемный подход в изучении материала, например в фильмах «Химическая связь. Строение неорганических веществ»https://youtu.be/_8CzyDUa4Z4, «Катализ и катализаторы». Большинство фильмов имеет фрагментарное строение, и это даёт возможность эффективно использовать их в сочетании с другими дидактическими средствами[4].

Цель нашей работы заключается в рассмотрении различных вариантов применения информационных технологий на уроках химии. В практике преподавания химии наиболее простым и эффективным приёмом является использование готовых программных продуктов, которые обладают большим потенциалом и позволяют варьировать способы их применения исходя из содержательных и организационных особенностей образовательного процесса. При объяснении нового материала и на уроках-лекциях используем электронные пособия: учебные электронные издания образовательной коллекции 1С - «Общая и неорганическая химия», «Виртуальная химическая лаборатория, 8-11 классы» и компьютерные презентации, выполненные в программе Power Point.

В заключение следует остановиться на использовании в учебном процессе Интернета. Прямо на занятиях вместе с учащимися совершаем путешествия на производства различных органических и неорганических веществ, открываем электронные учебники, узнаем о жизни и деятельности известных учёных-химиков, посещаем другие нужные для получения информации сайты. Таким образом, современный урок уже невозможен без использования ИТ. Особенно это касается предметов естественнонаучного цикла, так как именно они формируют единую картину мира. Использование ИТ даёт нам возможность стимулировать поисковую деятельность учащихся на современном, качественно ином уровне, а также формировать учебную мотивацию и ключевые компетенции обучающихся [2].

Список литературы:

1. **Владимировна Карпенко Наталья** Использование ИКТ на уроках химии [Журнал] // Oqu-zaman. - 2020 г..
2. **И. Жукова Н. и А. Акулова О.** Информационные технологии в обучении химии [Журнал]. - [б.м.] : CYBERLENINKA научная электронная библиотека.
3. **Рашитовна. Ильясова Римма** Применение информационных технологий для формирования теоретических и практических знаний на занятиях по неорганической химии [Журнал]. - https://cyberleninka.ru/article/n/primenenie-informatsionnyh-tehnologiy-dlya-formirovaniya-teoreticheskih-i-prakticheskih-znaniy-na-zanyatiyah-po-neorganicheskoy/viewer.
4. **Травина Мария Евгеньевна** Использование технических средств обучения на уроках химии [Журнал]. - 2019 г.. https://infourok.ru/ispolzovanie-tehnicheskih-sredstv-obucheniya-na-urokah-himii-3778204.html.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIMES»
(VOLUME 2 ISSUE 2, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

БОЛАШАҚ СПОРТШЫЛАРДЫ ДАЙЫНДАУДА ҚАЗАҚТЫҢ АТАҚТЫ БАЛУАНЫ ҚАЖЫМҰҚАН МҰҢАЙТПАСҰЛЫНЫҢ ТАРИХ БЕТТЕРІНДЕГІ ТАРИХИ ЖЕҢІСТЕРІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Тастанов Әділбай Жұматайұлы
педагогика ғылымдарының., доцент
Қазақ спорт және туризм академиясы,
Алматы қ, Қазақстан
Жупархан Жамбыл
Аға оқытушысы.
Қ.Сатпаев ат.ҚазҰТЗУ. ДШжС кафедрасы.

https://doi.org/10.5281/zenodo.10113350

Тастанов Әділбай Жұматайұлы, & Жупархан Жамбыл. (2023). БОЛАШАҚ СПОРТШЫЛАРДЫ ДАЙЫНДАУДА ҚАЗАҚТЫҢ АТАҚТЫ БАЛУАНЫ ҚАЖЫМҰҚАН МҰҢАЙТПАСҰЛЫНЫҢ ТАРИХ БЕТТЕРІНДЕГІ ТАРИХИ ЖЕҢІСТЕРІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ. SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME, 2(2). https://doi.org/10.5281/zenodo.10113350

Андатпа. Мақалада қазақ даласындағы орасан күштің иесі, күрестің бірнеше түрінен әлем чемпионы атанған тұңғыш қазақ алыбы – Қажымұқан Мұңайтпасұлының тарих беттеріндегі тарихи жеңістері талданады. Мақалада Қажымұқан Мұңайтпасұлының күрес өнерін бастап, әлемдік деңгейге көтерілген тарихы қарастырылады. Балуан бабамыздың әрбір мемлекетте күрескен тарихына сипаттама жасалған. Әлемдік деңгейдегі балуандардың Қажымұқан Мұңайтпасұлымен қарым-қатынасы сөз болады. Балуан бабамыздың әрбір жарыстағы жеңіске деген ерекше құштарлығы ашып көрсетілген. Олимпиада резервін дайындауда балуанның әрбір жеңісінің маңыздылығы баяндалған.

Түйінді сөздер: француз күресі, цирк, чемпион, кәсіпқой балуан, халықаралық арена, тарихи дерек.

ЗНАЧЕНИЕ ИСТОРИЧЕСКИХ ПОБЕД ЗНАМЕНИТОГО КАЗАХСКОГО БОРЦА КАЖЫМУКАНА МУНАЙТПАСОВИЧА НА СТРАНИЦАХ ИСТОРИИ ПРИ ПОДГОТОВКЕ БУДУЩИХ СПОРТСМЕНОВ

Тастанов Адилбай Жуматаевич кандидат педагогически наук., доцент
Казахская академия спорта и туризма, г. Алматы, Қазақстан

Жупархан Жамбул. Старший преподаватель.
КазНИТУ им.К.Сатпаева., Кафедра ФКиС. Алматы, Қазақстан

Аннотация: В статье анализируются исторические победы первого казахского гиганта – Кажымукана Мунайтпасулы, обладателя огромной силы в казахской степи,

чемпиона мира по нескольким видам борьбы. В статье рассматривается история Кажымукана Мунайтпасулы, который начал борьбу и поднялся на мировой уровень. Составлена характеристика истории борцовских предков, сражавшихся в каждом государстве. Речь пойдет об отношениях борцов мирового уровня с Кажымуканом Мунайтпасовичем. В каждом соревновании раскрывается особая страсть наших предков-борцов к победе. В подготовке олимпийского резерва изложена важность каждой победы борца.

Ключевые слова: французская борьба, цирк, чемпион, профессиональный рестлер, международная арена, исторический факт.

THE SIGNIFICANCE OF THE HISTORICAL VICTORIES OF THE FAMOUS KAZAKH WRESTLER KAZHYMUKAN MUNAYTPASOV ON THE PAGES OF HISTORY IN THE PREPARATION OF FUTURE ATHLETES

Tastanov Adilbay Zhumatayevich candidate of Pedagogical sciences., associate professor
Kazakh Academy of sports and tourism, Almaty, Kazakhstan

Zhuparkhan Zhambyl.Senior Lecturer.
KazNITU named after K.Satpayev.
Department of Physical Education and Sports.

Annotation: The article analyzes the historical victories on the pages of history of the first Kazakh giant – Kazhymukan Munaitpasuly, who became the world champion in several types of wrestling, the owner of great power in the Kazakh steppe. The article discusses the history of Kazhymukan Munaitpasuly, who started his wrestling career and reached the world level. There is a description of the history of the struggle of our wrestler ancestor in each state. The relations of world-class wrestlers with Kazhymukan Munaitpasuly will be discussed. The special desire of our wrestler Baba to win in each competition is revealed. The importance of each wrestler's victory in the preparation of the Olympic Reserve is outlined.

Keywords: French wrestling, circus, champion, professional wrestler, international arena, historical fact.

Алып күштің иесі, күрестің бірнеше түрінен әлем чемпионы атағын иеленген, ешкімге теңдессіз өнерімен әлемнің 54 мемлекетінде күреске түсіп, 48 медаль олжалаған Қажымұқан Мұңайтпасұлындай мықты XX ғасырдың басында түркі халықтарының ішінде қазақта ғана болды.

Тұңғыш Президентіміз Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында: «Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс» дей келе, төл тарихымызға аса құрметпен қарап, өскелең ұрпаққа және бүгінгі буынға ұланғайыр даланың тау тұлғаларының ерлігін, өмірін кеңінен насихаттауға ерекше назар аударды. Қажымұқан Мұңайтпасұлы – ел есінде есімі өшпестей сақталған сол ұлы тұлғалардың бірі.

Алып күштің иесі, күрестің бірнеше түрінен әлем чемпионы атанған тұңғыш қазақ алыбы 1871 жылы 7 сәуірде, Ақмола уезі, Қаракөткел ауылында қарапайып шаруа отбасында дүниеге келген.Жаратылысынан ерекше күшті туған Қажымұқан жас кезінде-ақ күреске әуестенді.

Балуан өзі туралы былай дейді:

Атандым Мұқан палуан, бала жастан,
Ішінде күштілердің болдым астам.
Талай-талай жерлердің дәмін татып,
Өтті дәурен осылай біздің бастан.

Қажымұқан Мұңайтпасұлының әлемдік деңгейде алғаш рет ерекше күресіп, жұрт назарына түскен кезі 1906 жылдан бастау алады. Германия мемлекетінде өткен дүниежүзілік жарыста Қажымұқан әлем чемпионы атанады. Бірақ сол кезеңдегі саяси оқиғаларға байланысты бұратана халықтың атын шығарған балуан орыс билігіне онша ұнай қоймайды. Сол себептен Қажымұқан Мұңайтпасұлы орыс балуандарының атымен күресуге мәжбүр болды. Халықаралық додаларға шығу үшін Қажымұқанға неше түрлі лақап аттар беріледі. Сол кездегі саяси жүйе әсері бойынша, бізде тек орыстар ғана емес, жапондықтар да күреседі деген жарнамалар жасалып, Қажымұқанды Ямагата Мухунури деген лақап атпен бозкілемге шығарып күрестіреді. Сонымен қатар оның Мухан, Иван Чёрный сияқты лақап есімдері болған [1].

Қажымұқан Мұңайтпасұлының әлемдік додаларды жеңуге деген қайратын көрген орыстар: «Мұсылман жұрты нашар халық дейтін едік, сендерде де балуан бар екен. Мұндай француздыз, орысты, немісті шыдатпай жығып тұрған балуандарды тудырған елден белгілі саудагер, белгілі ақылды данышпандар туса керек» деп баға берген [2, 232 б].

Қажымұқан Мұңайтпасұлы 1908 жылы Стамбулда (Түркия) ең мықты Нұрлы атты түрік балуанын жеңгеннен кейін, сол елдің белгілі азаматтары Шәкір паша (генерал), Имам Баюр сыйлық ретінде Қажымұқанды Мекке мен Мединаға алып барып, сол жерде балуан бабамыз «Қажы» атағына ие болған болған еді. Сол жолы Шәкір паша Қажымұқанға: «Ол жерде ең күшті балуандар жиналады. Сен онда өзіңнің күшің мен өнеріңді көрсете аласың» деп, тағы да жарысқа шақырған болатын. Жарыс портты қала Джиддада өтті. Африка, Азия елдерінің барлығы 25 балуан қатысты. Олардың ішінде әлемге белгілі балуандар: Үндістаннан – Салах, Мамбу, Ахмет Әли; Египеттен – Юсуф, Нұра, Мұстафа; Ираннан – Махмуд және Фаруддин; Оңтүстік Африкадан - қара мұсылман Ципс бар болатын.

Мұндағы күрес ережесі бойынша қандай тәсіл жасасаң да рұқсат етілді. Мұндай «емін-еркін күресте» шабуыл мен қорғану тәсілдерін қатар қолданған балуан жеңіске жететін. Жарыс барысында жартылай финалға Қажымұқан үнді балуаны Мамбумен шықса, Оңтүстік Африка атынан шыққан қара мұсылман Ципс Мысырлық Юсуфпен шығып, финалға жолдаманы сарапқа салған болатын. Қажымұқан үнді балуаны Мамбуды жеңіп, финалда Оңтүстік Африкалық Ципспен кездесті. Тартысты додада Қажымұқан 10 минуттың ішінде жеңіске жетеді. Төреші Қажымұқанды кілемнің ортасына шақырып, алтын медальмен бас жүлде – бес мың риал ақша тапсырады. Медальдың лентасында: «Азия мен Африка чемпионы, Хиджраның 1286 жылы» - деген сөз жазылған. Өзімен бірге жүрген Шәкір паша (генерал) арқасынан қағып: «Жарайсың батыр! Сен өз халқыңның даңқын шығардың» - деген. Бұл жарыс Таяу және Орта-Шығыс Азия халықтарының күрес дәстүрін өте биік дәрежеде сақтаған, шапағатпен еске алатын тарихи оқиғаға айналды.

Қажымұқан Мұңайтпасұлының тағы да бір тарихи жеңістерінің бірі ретінде 1909 жылы Швецияның Гетеборг қаласында болған жарысты айтуға болады. Французша күрестің мықтылары жиналған бұл додаға чех балуаны Френштенский, неміс Карл Корнацкий және ресейлік Алекс Аберг қатысады. Қажымұқан Мұңайтпасұлы жартылай финалға шығып, 130 келі салмақты Корнацкийдің жауырынын жерге тигізеді. Финалдық бәсекеде Қажымұқан ресейлік Алекс Абергпен кездеседі. Алма-кезек шабуылдармен өткен айқас, кім жеңгенін анықтай алмайды. Сонымен Гетеборг қаласында өткен дүниежүзілік бірінші ліктің жеңімпазы

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737


ретінде екі балуанның есімі қатар аталып, дүниежүзінің чемпионы, үлкен алтын медаль, 1275 сомнан ақшалай жүлдеге ие болады.

Қажымұқан Мұңайтпасұлының күресіне, жүрісіне шаттанған Сырбай Мәуленов ағамыз:

Ауылдай Еуропаны аралаған,
Арабтың Ніл дариясын жағалаған,
Азия, Африка алдиярлап,
Айрықша басқалардан бағалаған,

- деп өз жырларына қосқан екен.

Қажымұқан Мұңайтпасұлы төрт рет әлем чемпионның атағына ие болған, 59 мемлекетте болып 48 медальмен марапатталған [3, 42-46 бб].



1913 жылдың аяғында Қажымұқан Троицк қаласында жарыс жолына шығады. Бұл жарыста балуан 18 рет кілемге шығып, 18 рет жеңіске жетеді. Қажымұқанға тізе

бүккендердің ішінде атақты неміс балуаны Шмидт, француздың күшті балуаны Фиедри Колос, аты кең таралған эстон алыбы Тигане, белгілі орыс балуаны Петров болатын. Қажымұқанға бұл жолы даусыз бас бәйге беріледі [4, 21 б].

Қажымұқан Мұңайтпасұлының тарих беттеріндегі тарихи жеңістері болашақ спортшылар мен дене тәрбиесі саласында білім алып жатқан мамандарды дайындауда және елімізде салауатты өмір салтын қалыптастыруда алатын орны өте жоғары.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. https://elbasylibrary.gov.kz/kk/news/mngilik-el-alyptary-kazhymukan-munaytpasuly-150-zhasta
2. Р.Бегәлиева. «Қажымұқан қағанаты»: ІІ-том. Тарихи деректі басылым.Шымкент:«Ордабасы», 2021 – 528 бет.
3. Қалиәкпар Әміржанов. Қажымұқан и известные личности Казахстана. Алматы:ТОО «Полиграфия Сервис и К», 2015 – 75 стр.
4. Ғ.Тәшімбаев. Күш атасы. Алматы:Қазақстан, 1990. – 336 бет.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIMES»
(VOLUME 2 ISSUE 2, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ӘОЖ 37.012

МЕКТЕПТЕГІ МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУ САПАСЫНА ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР

Бауржанова Гульназ Бауржановна
Магистрант
Е.А.Букетов атындағы Қарағанды университеті

https://doi.org/10.5281/zenodo.10113352

To Cite: Бауржанова Гульназ Бауржановна. (2023). МЕКТЕПТЕГІ МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУ САПАСЫНА ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР. 2(2). https://doi.org/10.5281/zenodo.10113352

Аннотация: Мақалада Қазақстан Республикасының мектептерінде математиканы оқыту сапасына әсер ететін түрлі факторлар зерттеледі. Сапалық және сандық деректер көздерін жан-жақты талдау арқылы, елдегі математикалық білімнің қазіргі жағдайы туралы түсінік беру және оқыту сапасын анықтайтын негізгі факторларды анықтау қарастырылған. Қазақстан Республикасы білім мен экономикалық өсуге баса назар аудара отырып, өзінің болашақ жұмыс күшінің дағдылар жиынтығын қалыптастырудағы математиканың шешуші рөлін бұрыннан мойындады. Алайда, мектептерде математиканы оқытудың жоғары сапасын қамтамасыз ету маңызды мәселе болып қала береді. Қазақстандағы математикалық білім берудің алдында тұрған мәселелер мен мүмкіндіктерді зерттеу жұмыстары барысында әртүрлі білім беру бойынша қорытынды есептер, сауалнамалар және үкіметтік басылымдардан алынған ақпарат пайдаланылды.
Кілт сөздер: математика, оқу сапасы, мектептегі білім беру, кәсіби біліктілік, оқу бағдарламалары, әдістер.

Жалпы білім беретін мектепте математиканы оқытудың тиімділігіне әсер ететін факторларды қарастыра отырып, Қазақстандағы оқу орындары желісінің айтарлықтай кеңеюін және оқу бағдарламаларының жаңартылуын атап өткен жөн. 2022-2023 оқу жылында орта білім беру ұйымдары 7687 мектепте 3,7 млн білім алушыны қамтыды. Сонымен қатар, 552 жекеменшік мектепте 170146 білім алушы оқуда.

Соңғы үш жылда Республикалық орта білім беру ұйымдарының жалпы саны артты. 2020-2021 оқу жылында 7440 мектепте 3,4 млн, 2021-2022 оқу жылында 7550 мектепте 3,5 млн, 2022-2023 оқу жылында 7687 мектепте 3,7 млн оқушы білім алуда.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының сарапшылары 2021 жылы толықтай енгізілген мектептегі білім беру мазмұнын жаңартуды жалпы білім беру жүйесін жаңғырту жолындағы оң қадам деп санайды.

Өткізілген республикалық мұғалімдер съездерінің шеңберінде білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу бағдарламаларының мазмұнын қайта қарау, білім беру тақырыптары, бөлімдері мен деңгейлері арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ету, практикалық бағыттылықты, тәрбиелік компонентті күшейту және білім алушының функционалдық сауаттылығын дамыту қажеттілігі атап өтілді.

Экономикалық, әлеуметтік-саяси, ғылыми-технологиялық даму процестерімен білім беру саласына қойылатын талаптар деңгейіне заманауи педагогикалық теория мен практиканың сәйкестігін қамтамасыз ету маңызды.

Оқу бағдарламасы және педагогика:

Қазақстандағы ұлттық оқу бағдарламасы соңғы жылдары құзыреттілік тәсілге көшумен айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Озық тәжірибенің үлгісі болып табылатын "Назарбаев Зияткерлік мектептері" бағдарламасын енгізу математиканы оқытуға оң әсер етті. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің деректері оқушыларға бағытталған тәсілдің маңыздылығын көрсете отырып, оқу бағдарламасына және педагогикалық әдістерге енгізілген өзгерістер туралы құнды ақпарат береді.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы («НЗМ» ДБҰ) өз тәжірибесін еліміздің жалпы білім беретін мектептеріне таратуды жалғастыруда. Ол үшін өңірлердің барлық мектептерімен жұмыс істеуге арналған әдістемелік алаң ретінде Қазақстанның 1710 жетекші мектебі іріктелді.

Оқыту сапасы және кәсіби даму:

Оқыту сапасы математикалық білім берудің тиімділігін анықтауда шешуші рөл атқарады. "Өрлеу" Ұлттық кәсіптік даму орталығының ақпараты математика мұғалімдерінің біліктілігін арттыруға бағытталған түрлі бастамаларды қамтиды.Сонымен қатар, Қазақстанның оқу орындары жүргізетін ғылыми зерттеулер мен сауалнамалар мұғалімдердің кәсіби дамуының проблемалары мен мүмкіндіктері туралы түсінік береді.

COVID-19 бойынша эпидемиологиялық жағдайға байланысты Қазақстанда орта білім беру жүйесі алғаш рет қашықтан оқыту қажеттілігіне тап болды. Мектептердің нашар техникалық жабдықталуы және жоғары жылдамдықты интернетке әркелкі қолжетімділік көрсетілетін қызметтердің сапасына айтарлықтай әсер етті. ЮНИСЕФ-пен бірге және Кембридж университетінің білім беру факультетінің техникалық қолдауымен білімдегі олқылықтарды өлшеудің кешенді тәсілін қолдана отырып, білімдегі олқылықтарды сандық бағалау жүргізілді. Зерттеу қорытындысы бойынша білімдегі олқылықтарды толтыру бойынша қысқа, орта және ұзақ мерзімді шаралар ұсынылды. Ұсынылған шараларды республиканың педагогикалық ұжымдары іске асырды, сондай-ақ аталған шаралар (жаңа бағдарламалар бойынша педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын өткізу, білім беру бағдарламаларын қайта қарау және т.б.) одан әрі жұмыста пайдаланылуда.

Оқу ресурстары мен материалдары:

Математиканы тиімді оқыту үшін сапалы оқу ресурстары мен материалдарына қол жеткізу қажет. "Атамекен" Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының деректері Қазақстандағы білім беру ресурстары мен технологияларына қолжетімділікті жақсарту бойынша жүргізіліп жатқан іс-шараларды көрсетеді. Бұл ресурстардың математика сабақтарында қалай қолданылатынын және олардың оқыту сапасына әсері қарастырылады.

Орта білім беру сапасын арттыру мақсатында оқулықтардың сапасына қойылатын талаптарды күшейту бойынша нормативтер қабылданды. Оқулықтарға сараптаманы курстардан өткен тәуелсіз мамандар (2000 сыртқы сарапшы) жүргізді. Оқулықтарды әзірлеу үшін авторлар мен баспалардың жауапкершілігі күшейтілді. Егер оқулықтарда қателер табылса, баспалар барлық шығындарды өз қаражаты есебінен өтейді.

Сапалы зерделеу үшін жаратылыстану-математикалық бағыттағы (ЖМБ) пәндер бойынша сағаттар келесідей ұлғайтылды: «Жаратылыстану» – 3, 4, 5, 6-сыныптарда 1 сағатқа; «Физика», «Химия», «Биология» – 7, 8, 9-сыныптарда 1 сағатқа; «Алгебра және анализ бастамалары» – 10 – 11-сыныптарда 1 сағатқа ұлғайтылды.

Орта білім беру саласындағы көптеген критикалық мәселелерді шешудің әртүрлі оңтайлы нұсқалары бар. Шешімді қажет ететін критикалық мәселелер, атап айтқанда:

- XXI ғасырдағы білім алушыларға сауатты, қажетті білім беру мазмұнын жетілдіру
- Ауылдық жерлердегі мектептердің ақпараттық-технологиялық, материалдық инфрақұрылымы мен оралуы көмек көрсету
- Білім беру ұйымдары арасында персоналды басқару және қаржыландыруда даму стратегияларын ұтымды қолдану
- Ауылдық жерлерден келген білім алушылардың мүмкіндіктерінің шектеулілігі
- Дарынды балалардың қолдау жүйесінің жеткіліксіз дамуы
- Қалалық және ауылдық білім алушылары арасындағы білім сапасындағы алшақтық
- Балалардың арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаумен нашар қамтылуы

Сонымен қатар, орта білім беру саласында мемлекеттік бақылау жүйесін дайындау, білім алушылардың сабақтық бағдарламаларын жаңарту және білім алушылардың тәлімге деген қызығушылығын арттыру да критикалық мәселелер қатарында[1].

Салыстырмалық талдау бойынша математиканы оқытуы саласындағы келесі мәселелерді шешу қажет:

- Білім беру курстары мен білім беру бағдарламаларын өзгерту. Математика бойынша білім беру курстары мен бағдарламаларының мазмұнын жаңарту және оқыту технологияларын жетілдіру.
- Мұғалімдердің біліктілік жүйесін жаңарту. Сонымен қатар, міндетті вебинарлар мен тәжірибе алмасу кездесулерін енгізу.
- Оқытуды цифрландыру. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын ояту үшін оқу процесіне математиканы оқытуға көмектесетін веб-ресурстарды, интерактивті тақталарды, ойындарды және мобильді қосымшаларды енгізу.
- Математика пәнін оқыту ережелерін өзгерту. Оқушыларды математикадан білім деңгейіне қарай бөлу үшін заңнамаға жаңа өзгеріс енгізу.

1. Математикалық білім беруді жетілдірудің негізгі аспектілерінің бірі оқулықтардың мазмұнын қайта қарау және заманауи талаптар мен технологияларға бейімделген жаңа білім беру бағдарламаларын жасау болып табылады. Оқыту әдістеріне, интерактивті әдістерді белсенді қолдануға, практикалық жаттығулар мен жобалық жұмыстарға көңіл бөлу керек.

Математика оқулығының құрылымдық-әдістемелік желісінің мәні: тапсырмалар мен жаттығуларды қамту, теориялық материалды берудің байланысы мен жүйелілігін бағалауға мүмкіндік беру. Сондай-ақ оқытылатын тақырып бойынша оқушылардың білімдері мен дағдыларын дамытуға арналған жаттығулар мен тапсырмалардың жарамдылығы, олардың қиындық деңгейі және басқа да сипаттамалары бағаланады [2].

Қазақстан Республикасының мектептеріне арналған «Математика – 5-6» (авторлары: А.Е. Әбілқасымова, Т.П. Кучер, З.А. Жұмағұлова), «Алгебра – 7- 9», «Алгебра», талдау бастаулары – 10-11» (авторлары: А.Е. Әбілқасымова, З.А. Жұмағұлова, В.Е. Корчевский). Мұғалімдер корпусы бұл оқулықтарға жоғары баға берді. Бұл оқулықтар есептерді шешуге көмектесіп қана қоймай, сонымен қатар студенттерді материалды өз бетінше оқуға ынталандырып, өздігінен білім алу дағдыларын қалыптастырады [3].

Оң пікірлер болғанымен, оқулықтардың мазмұнымен келіспейтіндер де аз емес. Ал бұл басты мәселе. Жаңа материалды жасауға жалпы білім беретін мектептердің мамандары мен мұғалімдерінің қатысуы шешім болмақ. Балалардың деңгейіне сәйкес тапсырмаларды талдау үшін кеңестер мен кездесулер құру керек. Оған қоса қаржылық сауаттылық пен математикалық сауаттылық сияқты пәндерді негізгі пәндер ретінде оқу жоспарына қосу керек.

2. Қазақстан Республикасында орта білім беру саласындағы мұғалімдердің біліктілігін арттырту жүйесінде және жалпы білім беру жүйесінде өзгертулер мен жаңартулар

енгізілуде. Дегенмен, жетілдірулер мен жаңартулар енгізілгенімен, оқушылардың білім деңгейін арттырудағы мәселелер әлі де бар.

Мұғалімдердің біліктілік жүйесін жаңарту аясында оқыту әдістемесін жетілдіру, оқу бағдарламаларын жаңарту, заманауи білім беру технологияларын енгізу және қазіргі қоғам талаптарына бейімделу бойынша түрлі шаралар енгізілуде. Бұл күш-жігер мұғалімдердің кәсіби деңгейін және білім сапасын арттыруға бағытталған [4].

Алайда, мұндай жақсартуларға қарамастан, білім беру жүйесінде қиындықтар бар, оның ішінде балалардың білімі әрқашан күтілетін қарқынмен жақсармайды. Бұл жаңа әдістерге бейімделудегі қиындықтар, оқу бағдарламаларының теңгерілмегендігі, оқушылардың жеке қажеттіліктеріне жеткіліксіз көңіл бөлу немесе қолданылатын педагогикалық әдістердің жеткіліксіз тиімділігі сияқты әртүрлі факторларға байланысты болуы мүмкін.

Бұл мәселені шешу үшін білім беру жүйесін жаңартуға ғана емес, сонымен қатар, нәтижелерді тұрақты бақылауға, енгізілген өзгерістердің тиімділігін талдауға және оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеретін оқытудың ең оңтайлы тәсілдерін табуға назар аудару қажет.

Білім беру жүйесін жетілдіру аясында мұғалімдер арасында тәжірибе алмасу жүйесін енгізу де ұсынылады. Мұны ай сайынғы кездесулер ұйымдастыру арқылы жасауға болады, онда мұғалімдер өз тәжірибелерімен, оқыту әдістерімен бөлісуге және қолданылатын тәсілдердің тиімділігін бағалауға мүмкіндік алады.

Ай сайынғы кездесулер идеялармен алмасу, тәжірибе алмасу және табысты тәжірибелерді талқылау үшін қолайлы жағдай жасайды. Әрбір мұғалім сыныппен жұмыс істеу әдістерімен, оқу-тәрбие үрдісіндегі қиын жағдайларды шешудегі тәжірибесімен бөлісе алады, сонымен қатар оқу-тәрбие процесін жетілдіру бойынша ұсыныстар жасайды.

Мұндай іс-шаралар мұғалімдердің кәсіби деңгейін арттыруға, олардың әдістемелік тәжірибесін кеңейтуге және оқу нәтижелерін жақсартуға көмектеседі. Тәжірибе алмасу арқылы мұғалімдер табысты әдістерді өз контексттері мен қажеттіліктеріне бейімдей алады, нәтижесінде оқушылардың білімі мен дағдыларына оң әсер етеді.

3. Қазіргі технология әлемінде білім беруді цифрландыру білім беру жүйесін дамытудың негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Бұл процестің бір қыры – әртүрлі веб-ресурстарды және цифрлық технологияларды оқу үдерісіне, әсіресе математиканы оқыту саласында біріктіру. Интерактивті тақтаны, оқу ойындарын және мобильді қосымшаларды қолданудың оқушылардың назарын оқытылатын пәнге аударып, математикаға деген қызығушылығын арттыруда алатын орны зор.

Цифрлық құралдарды сыныпқа кіріктіру студенттерге тиімдірек және қызықтырақ білім алуға мүмкіндік береді. Интерактивті тақталар қарапайым сабақты математика әлемінде қызықты саяхатқа айналдыруға мүмкіндік береді. Олардың көмегімен мұғалімдер оқу процесін көрнекі және түсінікті ете отырып, математикалық ұғымдарды бейнелей алады. Бұл материалды жақсы меңгеруге және оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытуға ықпал етеді.

Білім беру ойындары мен мобильді қосымшалар, керісінше, математиканы үйренудің қызықты және интерактивті әдісін ұсынады. Оларды әр оқушының деңгейіне бейімдеуге болады, бұл оқытуды жекелендіруге және жеке қажеттіліктерге бейімделуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жарыс элементтері бар сабақтардың ойын форматы оқушыларды оқу процесіне белсенді қатысуға және жақсы нәтижелерге жетуге ынталандыруы мүмкін.

Білім беруде цифрлық ресурстар мен технологияларды пайдалану қазіргі білім беру процесінің құрамдас бөлігіне айналуда. Ол оқыту сапасын арттыруға, оқыту әдістерін әртараптандыруға және оқушылардың оқуға деген қызығушылығын оятуға бағытталған.

Математиканы оқытудағы инновациялық тәсілдер мектеп оқушыларының пәнге деген тұрақты қызығушылығын қалыптастыруға және олардың оқу жетістіктерін дамытуға қолайлы жағдай жасайды.

4. Қазіргі білім беру жағдайында математиканы оқыту ережелерін өзгерту оқытудың тиімділігін арттыру және математикалық білімді меңгеру сапасын арттыру жолындағы маңызды қадам болып табылады. Бұл процестің негізгі аспектілерінің бірі – заңнамаға оқушылардың математикадан білім деңгейіне қарай бөлу және осы пәнді оқуға уақытты мақсатты түрде бөлуге қатысты жаңа өзгерістер енгізу болып табылады.

Оқушыларды математикадан білім деңгейіне қарай бөлуді енгізу оқу процесін дараландыруға мүмкіндік береді. Бұл мұғалімдерге әрбір оқушының қажеттіліктерін дәлірек бағалауға және оқу материалын олардың жеке мүмкіндіктері мен оқу қарқынына сәйкес бейімдеуге мүмкіндік береді. Осы тәсілдің арқасында әрбір білім алушы өзінің деңгейіне сәйкес математика курсын неғұрлым толық және тиімді меңгеруге мүмкіндік алады.

Оқушылардың білімін жетілдіруде математиканы оқуға бөлінген уақытты көбейту де басты рөл атқарады. Бұл пәнді оқуға қосымша уақыт бөлу математикалық ұғымдарды тереңірек түсінуге, күрделі есептерді шешуге машықтануға және математикалық тақырыптардың кең ауқымын үйренуге мүмкіндік береді.

Математиканы оқыту ережелеріндегі мұндай өзгерістер оқушылардың заманауи қажеттіліктері мен еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, білім беру жүйесін жаңартуға деген ұмтылысты көрсетеді. Бұл оқушылардың математикалық білімді неғұрлым тиімді меңгеруіне және жоғары сапалы дағдылардың қалыптасуына қолайлы жағдай туғызады.

Салыстырмалы талдау жалпы білім беретін мектептерде математиканы оқытудың тиімділігіне әсер ететін маңызды факторларды анықтады. Олардың ішінде оқыту курстары мен бағдарламаларын жаңарту, мұғалімдердің біліктілігін жүйелі түрде арттыру, оқытуға цифрлық технологияларды енгізу және математиканы оқыту әдістемесін қайта қарау ерекше маңызға ие. Мобильді қосымшаларды, интерактивті тақталарды және ойындарды пайдалану оқушыларды пәнге қызықтыру және оқу үдерісін жақсартудың кілті болып табылады. Орташа білім беру саласындағы мұғалімдер математиканы тиімді оқыту үшін арнайы дайындықтан өтіп, жаңа технологияларды меңгеріп, оқу материалдарын мезгіл-мезгіл жаңартып отыруы керек.

Әдебиеттер

[1] Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы.

[2] Структурно-методические особенности создания учебников и учебно-методических комплексов по математике для средней школы в Республике Казахстан. Жумагулова З.А.

[3] Структурно-методических особенностях школьных учебников по математике. Абылкасымова А.Е., Жумагулова З.А.

[4] Қазақстан Республикасында орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 32 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 24 ақпанда № 13182 болып тіркелді.

Сведения об авторе: Бауржанова Гульназ Бауржановна
Место учебы: Карагандинский университет имени Е.А.Букетова

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIMES»
(VOLUME 2 ISSUE 2, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ӘОЖ 378:54:004

БОЛАШАҚ ХИМИЯ ПӘНІ МҰҒАЛІМІНІҢ ҚӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУДАҒЫ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ РӨЛІ

Бейсенбаева М.М.
«7М01504-Химия педагогтерін даярлау» білім беру бағдарламасының
2-курс магистранты, Ө. Жәнібеков атындағы
Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент қаласы, Қазақстан.
Битемирова А.Е.
химия ғылымдарының кандидаты, доцент, Ө. Жәнібеков атындағы
Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент қаласы, Қазақстан

https://doi.org/10.5281/zenodo.10113358

To Cite: Бейсенбаева М.М., & Битемирова А.Е. (2023). БОЛАШАҚ ХИМИЯ ПӘНІ МҰҒАЛІМІНІҢ ҚӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУДАҒЫ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ РӨЛІ. SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME, 2(2). https://doi.org/10.5281/zenodo.10113358

Аннотация. *С быстрым развитием цифровых технологий в стране реализуется процесс обновления и процветания национальной системы образования в условиях глобальной конкуренции. Статья направлена на исследование вопроса повышения профессиональной компетентности будущих учителей, то есть их предметных знаний за счет использования цифровых технологий, что является актуальной темой в сфере современной педагогики. Цель научной работы – изучение роли цифровых образовательных инструментов в развитии предметных квалификаций студентов, обучающихся по специальности «Подготовка учителей химии». В статье определены понятия «Цифровизация», «Образовательные платформы», «Профессиональная компетентность». Теоретический анализ этих терминов был сделан на основе работ ученых. Кроме того, была изучена эффективность образовательных платформ, используемых отечественными учителями во время уроков, а также дифференцированы результаты исследования того, какие приложения чаще всего используются учителями. В ходе эксперимента, проведенного в вузе, с этих платформ использовались приложения «Kahoot», «Genially», «LearningApps.org», «ZipGrade». С помощью этих платформ можно создавать различные задания, а также есть готовые шаблоны заданий, которые помогают учителям экономить время и могут быть изменены и использованы в зависимости от темы урока. В ходе эксперимента задания, созданные с помощью этих приложений, использовались на каждом этапе урока и давали хорошие результаты. В результате исследования сделан вывод, что внедрение цифровых технологий при подготовке учителей по предмету химия влияет на эффективное формирование их профессиональной подготовки.*

Ключевые слова: *цифровая технология, компетентность, платформа, профессиональная компетентность, цифровизация.*

Abstract. *With the rapid development of digital technologies in the country, the process of renewal and prosperity of the national education system in the face of global competition is being implemented. The article is aimed at studying the issue of increasing the professional competence of future teachers, that is, their subject knowledge through the use of digital technologies, which is a hot topic in the field of modern pedagogy. The purpose of the scientific work is to study the role of digital educational tools in the development of subject qualifications of students studying in the specialty "Training teachers of chemistry". The article defines the concepts of "Digitalization", "Educational platforms", "Professional competence". The theoretical analysis of these terms was made on the basis of the works of scientists. In addition, the effectiveness of educational platforms used by domestic teachers during lessons was studied, and the results of the study of which applications are most often used by teachers were differentiated. In the course of an experiment conducted at the university, the Kahoot, Genially, LearningApps.org, and ZipGrade applications were used from these platforms. These platforms allow you to create different assignments, and there are ready-made assignment templates that help teachers save time and can be modified and used depending on the topic of the lesson. During the experiment, tasks created with these applications were used at each stage of the lesson and gave good results. As a result of the study, it was concluded that the introduction of digital technologies in the preparation of teachers in the subject of chemistry affects the effective formation of their professional training.*

Keywords: *digital technology, competence, platform, professional competence, digitalization.*

Кіріспе. Кәсіптік білім беруді дамытудың қазіргі кезеңі цифрлық экономика мен цифрлық қоғамға көшудегі жаһандық тенденциялардан туындаған цифрландыру үдерісімен сипатталады. Білім алушылар жақсы оқу үшін олардың оқуға ынтасы мен қызығушылығы зор болуы қажет. Шын мәнінде, тек қана жігерлі, жан-жақты, білімге құштар, табанды, яғни кәсіби құзыреттілігі қалыптасқан шыдамды тұлға ғана мақсатына жете алады. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың нәтижесінде «кәсіби міндеттерін дербес әрі шығармашылық тұрғыдан шешуге, кәсіби қызметтің тұлғалық және қоғамдық маңызын түсінуге, оның нәтижелері үшін жауап беруге қабілетті кәсіби құзыретті жеке тұлғаны, бәсекеге қабілетті маманды қалыптастыруды қамтамасыз ететін білім беруді басқарудың тиімді жүйесі құрылатын болады» делінген [1]. Бұдан «кәсіби құзыреттілік» ұғымы білім беру, маман дайындау саласының қолданыстағы терминіне айналғаны байқалады.

Білім беруде жаңа технологияларды, техникалық құралдарды сабақ барысында жан-жақты қолдану оқытушының көптеген қызметтерін жеңілдетіп, осы іскерліктің ұстанымды жаңа әдістерінің пайда болуына мүмкіндік тудырады. Осындай жаңа жолдардың біріне ақпараттық оқыту жүйесіндегі цифрлық технологиялардың түрлері арқылы үйретуді жатқызуға болады. Global Education Futures ұйымының «Кешенді қоғамға арналған білім» (2018) пікіріне сүйенсек, білім беру жүйесін цифрландыру «болашағымызды қалыптастыратын мегатренд» болып саналады делінген [2]. Бүгінгі күні цифрлық экономиканы құру және цифрлық білім беру Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі алғышарты болып табылады.

Цифрлық технологиялар арқылы өтетін оқу процесі студенттің жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, шығармашылық қабілеттерін шыңдай түседі. Сондай-ақ, бұл технологиялар студенттердің ойлауының процессуалдық сипаттамасы, креативтілігі, танымдық мотивациясы мен жағымды, үйлесімді психологиялық жағдайларды құруға деген ынтасының қалыптасуына оң әсер етеді. Ал химия сабағында цифрлық технологияны қолдану арқылы көптеген жетістіктерге жетуге болады. Аталмыш технологияны меңгеру – мұғалімнің

интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және тағы басқа да адами қабілетінің қалыптасуына ықпал етеді. Өзін-өзі дамытып, оқу процесін тиімді ұйымдастыруына жәрдемдеседі.

Зерттеу жұмысының мақсаты: ЖОО-да химия курсын оқыту барысында цифрлық технологияны қолдану арқылы студенттердің кәсіби құзыреттілігін дамыту.

Зерттеу жұмысының міндеттері:

- Білім беру жүйесінде цифрлық білім беру ресурстарын қолданудың артықшылықтары мен мүмкіндіктерін қарастыру;
- Болашақ химия пәні мұғалімінің кәсіби біліктілігін дамытуда цифрлық технологияларды пайдаланудың әдіс-тәсілдерін зерттеу;
- Білім беру платформаларын қолда отырып сабақ өту моделін құрастыру;
- Осы технологияны экспериментте қолдану нәтижелерін саралау

Мақалада цифрлық технологияға байланысты авторлардың пікірлеріне теория жасалды, ЖОО-да химия пәнін оқыту барысында цифрлық технологияларды, оның ішінде қазіргі таңда танымал платформаларды пайдалану арқылы эксперимент жүргізілді және сол арқылы аталмыш технологияның артықшылықтарын дәлелдеу бойынша педагогикалық тәжірибе нәтижелері сараланды.

Материалдар мен әдістер. Кәсіби білім берудегі құзыреттілік тұғырдың көздеген мақсаты әртүрлі құзыреттілік түрлерінің жиынтығы арқылы күтілетін нәтижені қалыптастыру болып табылады. Кәсіби құзыреттілікті зерттеу кезінде ғалымдар оның жекелеген бағыттарына баса назар салады. Мысалы, Н.В. Кузьмина арнайы – педагогикалық, ғылыми – педагогикалық, әдістемелік және құзыреттіліктің басқа да түрлерін қарастырса [3], М.В. Прохорова – басқарушылық құзыреттілікке [4], А.А. Реан, Е.С. Алешина – дифференциалдық – психологиялық құзыреттілікке [5] басымдық береді.

В.Р.Веснин кәсіби құзыреттілік негізіне кәсіби жарамдылық ұғымын енгізген, «психофизиологиялық іс-әрекеттерді жүзеге асыру үшін қажетті адамның психологиялық және психофизиологиялық ерекшеліктерінің жиынтығы» ретінде түсіндіреді. Сондай-ақ, В.Р.Веснин кәсіби құзыреттіліктің төрт түрін ажыратып көрсетеді:

1) кәсіби білім мен іскерліктерді сипаттайтын және оларды жүзеге асыратын - функциональдылық;
2) талдап саралау қабілеттілігінде көрінетін және өзінің міндетін орындауға кешенді тұғырды жүзеге асыратын - интеллектуалдық;
3) сәйкес жағдаяттарда әрекет етуге мүмкіндік беретін - ситуациялық;
4) коммуникативті және интегративті қабілеттердің бар болуын болжайтын – әлеуметтік [6].

Біздің ойымызша, кәсіптік құзыреттіліктердің барлық түрлерін қалыптастыру ЖОО оқытушыларына жетекші рөл жүктейді. Білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз ету үшін, оқу процесінде өскелең ұрпақтың цифрлық технологияларды белсенді қолдану, қазіргі таңда берілген бағдарлама аясындағы педагогикалық қауымдастықтың алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі болып саналады.

Цифрландыру мен технологияның жаңа құрылымына көшу арқылы адамзат дамудың басқа сатысына көтерілді. Технологиялық құрылымдардың өзгеруі, өнеркәсіп пен қоғамның дамуы білім беруші ұйымның даму моделін жетілдірудің маңыздылығын арттыруға ықпал етеді [7]. Цифрлық технологиялар арқылы жоғары сапалы білім беру жағдайында белгілі бір шарттарда қолданушыларға ұсынылатын оқу материалдарының банкін міндетті түрде қамтитын интернет-ресурстарының, оның ішінде білім беру платформаларының маңызы зор. Бұл плdsaатформалар ЖОО-да білім алушылар үшін өте өзекті, себебі жоғары сапалы визуализация студенттердің ақпаратты есте сақтау процесін тиімді етуге мүмкіндік туғызады.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, біз «цифрландыру» ұғымы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы мен пайдаланылуына байланысты пайда болды деген қорытындыға келеміз. Алайда бұл ұғымды алғаш ғылымға енгізген неміс экономисті Клаус Шваб болатын. Ол 1960-1980 жылдарды цифрлық революция жылдары деп атады, оның себебі сол кездегі жартылай өткізгіш компьютерлердің дамуы болды. Содан кейін 1990 жылдардан бастап дербес компьютерлер мен интернет желісінің пайда болды [8]. Клаус Шваб цифрландырумен, интернет желісін жетілдірумен, көптеген функцияларды қамтитын гаджеттермен және жасанды интеллектті дамытумен байланысты төртінші өнеркәсіптік революция жақындап келе жатқанын атап көрсеткен екен.

Викисөздікте берілген анықтамаға сүйенер болсақ: «цифрландыру – цифрлық құрылғылар арқылы деректерді байланыстыру, жазу, берудің цифрлық тәсілі» [9].

А. Марей цифрландыру: "қарым-қатынас парадигмасының өзгеруі және бір-бірімен және қоғаммен өзара әрекеттесуі" деп түсіндіреді [10].

ЖОО-да арнайы жабдықталған кабинеттердің, оқытушыға арналған компьютер немесе ноутбуктың, интерактивті тақтаның болуы, сонымен қатар қолжетімді ақпараттық білім беру жүйесінің болуы, оқу процесі өтетін орта, яғни компьютерлік аудиториялар мен электронды кітапханалардың болуы цифрлық технологияларды білім беру жүйесіне енгізудің басты шарты болып табылады.

А.К. Валиева, М.А. Кененбаева өздерінің «Бастауыш мектепте математика сабақтарында мультимедиялық технологияларды қолданудың маңызы» тақырыбындағы зерттеу жұмыстарында сабақты қызықты өткізудің бір түрі «PLICKERS» қолданбасына талдау жүргізген екен [11]. Plickers қолданбасы барлық білім алушылардың жауаптарын жылдам бағалауға және статистикалық ақпаратты алуды жеңілдетуге мүмкіндік береді. Аталған платформаны аудиторияда қолдану үшін тек оқытушының ұялы телефоны немесе компьютері болса жеткілікті. Сондай-ақ, оқыту кезінде ойын элементі пайда болатындықтан, бұл платформа арқылы сабақ жүргізу студенттерге де қызығырақ болады, Plickers – бір ұялы телефон арқылы фронтальды бақылау жүргізуге мүмкіндік береді, сонымен қоса бұл қосымша өте қарапайым технология бойынша жұмыс жасайды. Мобильді қолданбаның негізі веб-сайт және QR кодтарымен басып шығарылған карталар болып табылады. Әр студентке бір картадан үлестіріледі. Картаның өзі төртбұрышты және төрт жағы бар. Әр жақтың өз жауап нұсқасы бар (A, B, C, D), ол картаның өзінде көрсетілген. Мұғалім сұрақ қояды, бала дұрыс жауапты таңдап, сәйкес жағын жоғары қаратып картаны көтереді. Мұғалім мобильді қосымшаны пайдалана отырып, нақты уақыт режимінде балалардың жауаптарын сканерлейді (оқу үшін толықтырылған шындық технологиясы қолданылады). Нәтижелер дерекқорда сақталады және лезде немесе кешіктірілген талдау үшін тікелей мобильді қосымшада және веб-сайтта қол жетімді. Қолданбамен жұмыс жасау үшін әрбір балада мобильді құрылғы немесе компьютердің болуы міндетті емес.

Plickers қолданбасын сабақтың қай кезеңінде қолдануға болады?

1. Сабақ соңындағы фронталды бақылау. Мақсаты: білім алушылардың сабақ барысында нені үйренгенін және нені меңгермегенін анықтау.
2. Өткен сабақ бойынша сабатың бас кезеңінде фронталды сұрау. Мақсаты: балалардың нені меңгергенін және қай материалдарды қайталау қажеттігін білу.
3. Бағалау / тексеру жұмыстарын жүргізу. Тиісті дайындықпен бақылау жұмыстарын Plickers қосымшасының көмегімен жүргізуге болады. Нәтижелер қосымша тексеруді қажет етпейді және балаларда смартфондар/компьютерлер болмаса да, тез арада қол жетімді болады.

С. Қатаев және А. Еркінқызы «Оқыту процесін ұйымдастыруда цифрлық білім беру технологияларының тиімділігі» атты зерттеу жұмыстарында цифрлық білім беру ресурстарын қолдану бойынша 50 мұғалімге сауалнама жүргізген екен. Эксперимент

нәтижесінде қазіргі таңда кең қолданыста жүрген, ең үздік сервистер ретінде Kahoot (82,5%); Prezi (66,7%); Quizlet (65%); Bandicam (65%); Learning Apps (64,1%) қосымшалары анықталды.

Ф. Саметова, Ж. Қиынова, Г. Орынханова «Сандық білім беру ресурстары білім берудің жаңа сапасын қамтамасыз ету ретінде» тақырыбындағы мақаласында жүргізген эксперимент нәтижесінде мұғалімдердің 54% - ы цифрлық білім беру ресурстарының сабақта және сабаққа дайындық барысында мұғалімнің уақытын үнемдейтіндігін атап көрсетті. Сабақ барысында бұл ресурстарды пайдалану сабақтардың көрнекілігі мен интерактивтілігін арттырады, білім алушылардың оқу пәнін оқуға деген ынтасын күшейтеді. Сабақтарды мультимедиялық сүйемелдеудің нәтижесінде, инновациялық технологияларды қолданбай жұмыс жасаған кездегіге қарағанда орта есеппен оқу уақытының 25% - на дейін үнемделеді [12].

Сабақ өту барысында жоғарыда аталған білім беру платформаларының ішінен LearningApps.org, Kahoot, Genially және ZipGrade қолданбалары пайдаланылды.

1) LearningApps.org платформасы – бұл оқыту кезінде интерактивті жаттығуларды дайындауға арналған Web 2.0 қосымшасы, ол қосымшада жадты дамыту ойыны, викторина, кроссворд, жұп табу және т. б. тапсырмалар жүйесі бар. Бұл қолданба әр түрлі пәндер бойынша интерактивті оқу модульдерін құруға арналған білім беру процесінде пайдаланылатын конструктордың бір түрі. Онлайн-платформада оқытушы ойын форматындағы 20-дан аса электрондық интерактивті тапсырма түрлерін жасап шығару, онлайн-оффлайн режимде жұмыс жүргізу, топтық жұмысты жүзеге асыру үшін мүмкіндіктеріне ие болады. Сервистің сілтемесі: https://learningapps.org/. Платформа бойынша құрастырылған тапсырманың жалпы сипаттамасы 1-суретте көрсетілген:



1-сурет. LearningApps.org платформасында құрастырылған тапсырма дизайны

2) Kahoot – білім беру жобаларына арналған түрлі-түсті дизайны бар заманауи оқыту платформасы. Бұл қолданбамен жұмыс жасау үшін интернетке қосылған компьютерді, ноутбукты, планшетті немесе смартфонды пайдалануға болады. Платформада барлық пән бойынша және кез келген тілде тапсырма жасауға мүмкіндік берілген. Сондай-ақ, басқа қолданба пайдаланушылары жасаған миллиондаған тапсырмаларды (тақырыптық тесттер

немесе сауалнамалар) пайдалануға немесе сол үлгіде өз тапсырмаңызды құрастыруға болады [13].

3) ZipGrade – тесттер жасауға және оларды тексеруге көмектесетін сервис. Ол үшін қосымшаны жүктеп, білім алушылардың жұмысын сканерлеу қажет. Қолданба дұрыс жауаптарды автоматты түрде жасыл түспен, дұрыс емес жауаптарды қызыл түспен көрсетеді. Сондай-ақ, қосымшада білім алушылардың жұмыстарының нәтижелерін сақтауға болады, сол арқылы әр оқушыға жеке папка ашу мүмкіндігі қарастырылған. https://skyteach.ru/2022/05/08/zipgrade-app-for-automatically-grading-exam/

4) Genially – жеке немесе топтық қолдану үшін визуалды және интербелсенді мазмұнның барлық түрлерін оңай және тез жасауға арналған онлайн қосымша. Бұл әмбебап бағдарламалық қолданбада презентациялар, инфографика, геймификация, интерактивті кескіндер мен басқа да интерактивті мазмұн құрыстыру мүмкіндіктері бар.

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында жоғарыда аталған білім беру қосымшаларын сабақ өту барысында қолдану моделі (2-сурет) құрылды. Құрастырылған модельде алғашқы пунктте оқыту кезінде пайдаланылатын білім беру платформаларының атауы берілген, келесі бөлікте аталмыш қосымшаларды сабақта қолдану артықшылықтары айқындалған. Және ең соңғы пункте күтілетін оқу нәтижелері көрсетілген.



2-сурет. Химия сабағында білім беру платформаларын қолдану моделі


Нәтижелер және талқылау. ЖОО-да химия сабағын білім беру платформаларының көмегімен оқытудың әдістемесін енгізу және аталмыш қосымшалардың тиімділігін зерттеуге арналған эксперимент Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Педагогикалық Университетінде

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

жүргізілді. Экспериментке қатысқан студенттердің жалпы саны – 38. Оның ішінде: эксперимент тобында – 18 білім алушы, бақылау тобында – 20 білім алушы қамтылды.

Эксперименттік топ пен бақылау тобы анықталып, эксперименттік топқа оқу бағдарламасы бойынша сабақ цифрлық оқыту құралдары көмегімен жүзеге асырылды. Ал бақылау тобында білім беру бұрынғы қолданылып жүрген дәстүрлі әдістер негізінде ұйымдастырылды.

Білім алушылардың экспериментке дейінгі химия курсы бойынша пәндік білім деңгейінің көрсеткіштері 2-суреттегі диаграммада бейнеленген:




2-сурет. Студенттердің экспериментке дейінгі білім деңгейінің диаграммасы

Эксперимент тобы мен бақылау тобындағы білім сапасын тексергенде, эксперимент тобында білім сапасы анағұрлым артқандығы анықталды. Сұралу жиілігіне қарап, эксперимент тобындағы студенттердің сабаққа қатысу, тапсырмалар мен жаттығуларды орындаудағы белсенділігінің жоғары екені байқалды. Эксперименттік топ білім алушыларының пәнге деген ынтасының артып, тақырыпты терең меңгергендігі, білім игеру қарқыны артқаны, өзіндік жұмыс жасау қабілетінің жетілгені олардың тапсырмаларды өз бетінше орындауы барысында байқалды.

Студенттердің білімін және қызығушылық ынтасын арттыруда цифрлық технологиялар, соның ішінде білім беру платформаларын қолдану арқылы оқыту оң нәтиже берді. Экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі оқу нәтижелерін салыстыру кезінде «5» алған студенттердің саны 10%-ға артқандығы, «3» алған студенттердің саны 20%-дан 10%-ға азайғандығы анықталды. Бұған 3-суретте көрсетілген диаграмма дәлел бола алады:

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737



4-сурет. Эксперимент нәтижесіндегі білім алушылардың кәсіби құзыреттілік деңгейінің диаграммасы

Зерттеу жұмысын жүргізе отырып, біз білім беру платформаларын қолдану арқылы оқытуда студенттердің өзіндік танымдық дағдысының дамуына; танымдық процестердің, оның ішінде, белгілі бір нәрсеге назарын аударту, қабылдау дәрежесінің артуына, ойлау қабілетінің сыни тұрғыда дамыта алатындығын және сонымен қатар жеке білім алушының пәнді оқуға деген ынтасын дұрыс қалыптастырып, алға жетілдіруіне; кез келген істің өз қолынан келетіндігіне, қиын сәттерді тез шешуде және қарым-қатынаста, шығармашылықта жеке қажеттіліктерін толықтыра алатындығы анықталды. Эксперимент тобында білім алушылардың білім сапасының жоғарылағаны анықталды.

Қорыта келе, химия сабағын ұйымдастыруда цифрлық технологияларды пайдалану оқыту процесінің көрнекілік деңгейін арттыруға, студенттердің іс-әрекетін белсендіруге мүмкіндік туғызады. Меңгерген білімдерін нақтылауға, кәсіби құзыреттілік дағдыларының қалыптасып, өз бетінше іздену, салыстыру дағдылары дамыды. Ал оқытушылар пәнді меңгертуде білім алушылардың танымдық әрекеттері мен белсенділіктерінің артуына ықпал жасайтын әдістер мен тәсілдерді құрастыруға баса көңіл бөле алатын болады.

Қорытынды. Білім беру үдерісінің барлық кезеңдерінде қоғамымыздың жаңа талаптарына сай келетін білімді де, білікті жастар, сондай-ақ білім алуға қол жеткізуге мүмкіндік беретін жоғары сапалы, бәсекеге қабілетті білім беру жүйесін қалыптастыру білім беруді дамытудағы басты мақсат болып табылады. Сол себепті, еліміздің жарқын болашағының үшін білім беру ордалары еңбек нарығында білікті маман дайындау мәселесі бойынша жұмысты жүзеге асыру барысында білімді дамытуды цифрлық технологиялар арқылы оқыту тәсілдерін пайдалану маңызды орын алады. Аталмыш технология жоғары оқу орындарындағы білім беру үдерісін жаңғыртудың ұтымды құралы болып табылады. Оқу процесінде білім беру платформалары ең қажетті құрал деп нық сеніммен айтуға болады. Себебі бүгінгі күні әлемде қоғамның интеллектуалды ресурстарына тың көзқарас қалыптасуда. Білім әлеуметтік және экономикалық прогрестің негізгі бағыттаушы факторы ретінде қаралады. Бұған себеп, қазіргі замандағы қоғамның ең басты құндылығы жаңа білімді іздеуге қабілетті, алған білімін игере алатын бәсекеге қабілетті тұлға болып саналады. Сол үшін оқытылатын пәндердің сапасына өзгеріс енгізу – бүгінгі заманның басты қажеттілігінің бірі. Алайда цифрлық білім беру ресурстары мұғалімнің орнын алмастыра

алмайды, бірақ оқытушыға қосымша көмекші құрал болып саналады, яғни пән мазмұнын ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жаңа мүмкіндіктерімен толықтыруға, студенттердің назарын аса маңызды оқу тақырыптарына аударуға, керек болған жағдайда сабақтарды көрнекі түрде көрсетуге, сабақ мазмұнын жаһандық жаңалықтармен, өмірлік тәжірибелермен және т.б. құбылыстармен байланыстыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік туғызады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. //Қазақстан Республикасындағы білім туралы заңнама. Заң актілерінің жиынтығы. –Алматы: Юрист, 2010. -Б.21
2. Образование для сложного общества: доклад Global Education Futures. [Электронный ресурс] – URL: https://futuref.org/educationfutures_ru (дата обращения: 28.12.2018).
3. Кузьмина Н. В. Очерки психологии труда учителя. Психол. структура деятельности учителя и формирование его личности. -Л., 1967. – 183 с.
4. Прохорова М.В. Теоретические и методические основы формирования управленческой компетентности специалистов по физической культуре и спорту в условиях высшего физкультурного образования: дис ... доктора пед.наук. –СПб, 1992, -449 с.
5. Реан А.А. Педагогические особенности взаимодействия педагога и студента. Вопросы психологии, 1983. -№ 5. –С. 29-31.
6. Веснин В.Р. Практический менеджмент: пособие по кадровой работе. – М., 1998. – с.59
7. Gafurov I.R., Safiullin M.R., Akhmetshin E.M., Gapsalamov A.R., Vasilev V.L. (2020). Change of the Higher Education Paradigm in the Context of Digital Transformation: From Resource Management to Access Control. International Journal of Higher Education, 9 (3), 71-85
8. Шваб Д.К. Четвертая промышленная революция [Электронный ресурс]. — Режим доступа: https://mybook.ru/author/klaus-shvab/chetvertaya-promyshlennaya-revolyuciya/read/ (дата обращения: 24.11.2019).
9. Цифровизация [Электронный ресурс] // Викисловарь. — Режим доступа: https://ru.wiktionary.org/ wiki/цифровизация (дата обращения: 25.11.2019).
10. Марей А. Цифровизация как изменение парадигмы [Электронный ресурс]. — Режим доступа: https://www.bcg.com/ru-ru/about/bcg-review/digitalization.aspx (дата обращения: 24.11.2019).
11. А.К. Валиева , М.А. Кененбаева Бастауыш мектепте математика сабақтарында мультимедиялық технологияларды қолданудың маңызы // Қазақстан педагогикалық хабаршысы 1, 2022. -202 б.
12. ҚазҰУ Хабаршысы. Педагогикалық ғылымдар сериясы. №2 (71) 2022. -132б.
13. Обучающий материал «Платформа Kahoot» [Электронный ресурс] – Режим доступа: . – Дата доступа: 11.02.2021.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIMES»
(VOLUME 2 ISSUE 2, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

УДК 372.854

«ХИМИЯЛЫҚ БАЙЛАНЫС» ТАҚЫРЫБЫН ПӘНАРАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ МӘНІ

Алшора А.С.
«7М01504 – Химия педагогтерін даярлау» мамандығының 2-курс магистранты.
Шертаева Н.Т.
химия ғылымдарының кандидаты, доцент.
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

https://doi.org/10.5281/zenodo.10113366

To Cite: Алшора А.С., & Шертаева Н.Т. (2023). «ХИМИЯЛЫҚ БАЙЛАНЫС» ТАҚЫРЫБЫН ПӘНАРАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ МӘНІ. SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME, 2(2). https://doi.org/10.5281/zenodo.10113366

Аннотация: *«Химиялық байланыс» тақырыбын химияны физика ғылымымен интеграциялау негізінде пәнаралық интеграция әдісімен оқытудың маңыздылығы атап өтіледі. Физикалық ұғымдар арасындағы байланыс мұқият қарастырылады: химиялық байланыстың энергиясы, байланыс ұзындығы, байланыстар арасындағы бұрыш (валенттік бұрыш) және химиялық байланыстың табиғаты және заттардың реакциялық қабілеті.*
Кілт сөздер: *химиялық білім, химиялық байланыс, пәнаралық интеграция, химиялық байланыстың түзілуі, химиялық байланыс табиғаты.*
Annotation: *The importance of teaching the topic "chemical bond" with the method of interdisciplinary integration based on the integration of chemistry with physical science is emphasized. The relationship between physical concepts is carefully considered: chemical bond energy, bond length, angle between bonds, and the nature of chemical bonding and the reactivity of substances.*
Key words: *chemical knowledge, chemical bond, interdisciplinary integration, formation of chemical bond, nature of chemical bond.*

Қазіргі таңда Елбасымыздың бастамасымен еліміздегі білім беру саласында атқарылып жатқан барлық жұмыстардың мақсаты – еліміздің болашақ ұрпағы үшін білім беру үдерісін заман талабы деңгейіне жеткізу, олардың білім алуына жағдай жасау, өз бетінше ойлау, білім алу, ата-бабамыздың мол ғылыми-рухани мұрасынан сабақ алу. Тәрбиелік мұраны қадірлей білуге үгіттеу болып табылады. Бұл өз кезегінде мұғалімдерден өз тәжірибесін одан әрі жетілдіруді, химиядан білім беру жүйесін жаңғыртуды, оқу-тәрбие процесін жаңа оқу-әдістемелік кешендермен, жаңа озық педагогикалық технологиялармен толық жабдықтауды талап етеді[1,2,3].

Білім беру жүйесінде заманауи және ақпараттық технологияларды қолдану, балаларымыздың өз бетінше ойлау және білім алу дағдыларын қалыптастыру және дамыту – білім саласы өкілдерінің алдында тұрған кезек күттірмейтін міндеттердің бірі. Химияны тиянақты, нәтижелі меңгеруде барлық оқу пәндері сияқты интегративті әдістердің де маңызы зор. Оқушылардың берілген тақырыптардың мазмұнын түсінуі, химиялық ұғымдарды,

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

заңдылықтарды, кейбір заттар мысалында дәлелді мәліметтерді меңгеруі оқыту әдістерінің көмегімен жүзеге асырылады. Осының барлығы өз деңгейінде болуы үшін бүгінгі күні химия сабағында интегративті әдіс-тәсілдерді қолдану жақсы нәтиже беріп отыр, өйткені осы әдістермен өткізілетін сабақтар оқушының өз бетімен ойлауына, сөйлеу тілін дамытуға, бір-бірімен қарым-қатынас жасауына және тіпті қорытынды жасауға үйретеді.

Бұл зерттеу жұмысының мақсаты – жоғары сынып оқушыларының химия пәнінен тиімді білім мен дағдыларды меңгеруінде, әсіресе химиялық байланыс тақырыптарын оқытуда пәнаралық интегративті әдістерді қолдану бойынша ұсыныстар әзірлеу және олардың тиімділікті анықтау.

Химиялық байланыс туралы ілім қазіргі химияның негізгі ілімдерінің бірі болып табылады. Өйткені бұл ілімді білмей, химиялық қосылыстардың алуан түрлілігінің себептерін, олардың түзілу механизмі, құрылысы, реакцияға түсу қабілеті сияқты қасиеттерінің табиғатын түсіндіру мүмкін емес.

Химиялық зат атомдардан және олардың өзара байланысынан түзілген кристалдардан, молекулалардан және иондардан тұрады және қосылыстардағы атомдарды ұстап тұрған күштердің қосындысы химиялық байланыс деп танылады.Химиялық байланыстың түзілуіне элемент атомдарының сыртқы және сыртқы энергетикалық деңгейлеріндегі электрондар қатысып, қайта бөлінетіні белгілі. Химиялық байланысқа қатысатын электрондар валенттік электрондар деп аталады. Негізгі топ элементтері сыртқы қабат электрондарымен, ал бүйірлік топ элементтері сыртқы және сыртқы екінші қабат электрондарымен химиялық байланысқа қатыса алады. Олардың максималды санын элементтің периодтық жүйедегі орнынан, яғни топ нөмірінен (кейбір элементтерді қоспағанда) білуге болады. Элементтердің атомдары сыртқы энергия деңгейлерін аяқтауға бейім. Ол үшін бір атом басқа атомдардан электрон ала алады немесе валенттік электрондарды қоса алады немесе басқа атомға электрон бере алады[4,5,6].

Элемент атомдары арасында байланыстардың қалай түзілетіні элементтің электрондарға деген қажеттілігіне байланысты. Химиялық байланыстың табиғатын түсіндіргенде таза химиялық білімді физика ғылымымен біріктіру қажеттілігі туындайды. Мысалы, атомдардың электрондарға қажеттілігін сандық түрде көрсету үшін алдымен электртерістілік ұғымы енгізілді.Электртерістілік – бір элемент атомының басқа элемент атомынан электрондарды алу қабілеті.Химиялық байланыстың физикалық қасиеттеріне химиялық байланыс энергиясы, байланыс ұзындығы, байланыстар арасындағы бұрыш (валенттік бұрыш) және байланыстың табиғаты жатады.

Байланыс энергиясы атомдар арасындағы байланысты үзу үшін қажетті ең аз энергиямен өлшенеді. Байланыс энергиясы заттың бір мольіндегі молекулалардың байланысын үзу үшін қажет энергия мөлшеріне тең және оны Е деп белгілеп, кДж/моль және ккал/мольмен өлшейді. Байланыс энергиясы неғұрлым көп болса, байланыс соғұрлым күшті, ал кішірек болса, керісінше. Байланыс энергиясының мәні өзара әрекеттесетін атомдардың табиғатына, байланыс ұзындығына, байланыс түріне және табиғатына байланысты. Байланыс энергиясы сілтілі металдардан галогендерге дейін көлденең өседі, топтарда жоғарыдан төмен қарай элементтер саны көбейген сайын азаяды. Мысалы:

E (H–O) = 460, 5 кДж/моль H_2O молекуласында;
E (H–S) = 229.4 кДж/моль H_2S молекуласында;
E (H–Se) = 174.8 кДж/моль H_2Se молекуласында;
E (H–Te) = 140, 5 кДж/моль H_2Te молекуласында;

Байланыстың ұзындығы деп екі ядро арасындағы қашықтықты айтады. Ол нанометрмен (нм) өлшенеді. Көп жағдайда бұл қашықтық артқан сайын байланысты үзу оңайырақ болады. Яғни, бұл заттың реакцияға қабілеттілігі жоғары деген қорытынды

жасауға мүмкіндік береді. Мұның себебі байланыс ұзындығының молекуланы құрайтын атомдардың радиусына байланысты болуымен түсіндіріледі, олардың арасында белгілі бір дәрежеде пропорционалдылық бар. Мысалы, галогендердің сутекті қосылыстарында галогендердің периодтық саны артқан сайын байланыстың ұзындығы да артады. Байланыс неғұрлым ұзағырақ болса, соғұрлым оны үзу оңайырақ. Осы тұста тұз қышқылының фтор қышқылынан, бром қышқылының тұз қышқылынан, йод қышқылының бром қышқылынан күштірек екенін түсіндіруге болады. Өйткені диссоциация теориясы бойынша заттардан сутек катиондары неғұрлым көп түзілсе, қышқылдық соғұрлым жоғары болады. Жоғарыда аталған қышқылдарда байланыс ұзындығының ұлғаюына байланысты галогеннің сутегі атомын ұстауы қиындайды. Нәтижесінде сутегі иондар түрінде сулы ерітіндіде бөлінеді.

Бақшаның ұзындығы Fr-ден F-ге дейін азаяды. Сондықтан мұның себебі атомдардың радиусында жатыр[7].

Валентті бұрыш.

Химиялық байланыстар арасындағы бұрыш *валенттік бұрыш* деп аталады. Егер су молекуласын алсақ, H–O байланысы бір-біріне 104,5 бұрышта орналасқан, ал молекула бұрыштық құрылымға ие. Химиялық байланыстар және олардың түзілуі атомдардың электрондық құрылымы мен физикалық мәні тұрғысынан қарастырылуы керек. Өйткені химиялық байланыстың түзілуіне қатысатын негізгі құрал – электрондар мен электронды бұлттар.

Кассельдің 1916 жылы жасалған теориясына сәйкес, атомдардан молекулалар түзілген кезде әрбір атом өзінің беткі қабатын сегіз электронға жеткізуге тырысады (сутегіде 2 электрон бар). Көбінесе сыртқы электрондық қабаттарында бір, екі немесе үш электроны бар атомдар (металл атомдары) өздерінің электрондарын басқа атомдарға оңай береді. Атомның беткі қабатындағы электрондар саны шамамен сегіз (5, 6, 7) болса, яғни металл емес атомдар күшті электронды қабат түзу үшін жетіспейтін электрондарды басқа атомдардан алуға бейім. Тұрақты электрондық қабаттың әртүрлі тәсілдермен қалыптасуына байланысты химиялық байланыстарды бірнеше түрге бөлуге болады:


1) ковалентті байланыс;
2) Координациялық байланыс (донор-акцепторлық байланыс);
3) Иондық байланыс.
4) Металдық байланыс;
5) Сутектік байланыс.

Газ фазасында қалыпты күйдегі атомнан бір электронды толығымен алып тастау үшін қажетті энергияның ең аз мөлшері иондану энергиясы деп аталады. Элемент атомы электронды қосқанда бөлінетін энергия мөлшері сол элементтің электронға жақындығы деп аталады.Сонымен, атомдардан молекулалардың пайда болу себебі жүйеде энергетикалық артықшылық пен тұрақтылықтың пайда болуымен түсіндіріледі.Химиялық байланыс дегеніміз - өзара әрекеттесу нәтижесінде бірдей немесе әртүрлі атомдарды біріктіретін күштердің пайда болуы.Химиялық байланыстың пайда болуының негізгі себебі атомдар немесе иондар бір-бірімен қосылса, олардың жалпы энергия қоры жеке болған кездегіден аз болады, сондықтан мұндай жүйе салыстырмалы түрде тұрақты күйді алады. Химиялық байланыс негізінен келесі шамалармен сипатталады:

A) Химиялық байланыс энергиясы (ккал/моль)
B) Химиялық байланыс ұзындығы (Ao = 10^{-10}м)
C) Байланыстар арасындағы бұрыш.


ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Химиялық элементтердің атомдары өзара әрекеттесіп, молекулалар, иондар немесе бос радикалдар түзеді. Молекуланы құрайтын атомдардың орталықтары арасындағы қашықтық ангстроммен (Ao) өлшенеді:



сутегі молекуласы – H_2

Молекуланы құрайтын атомдардың химиялық байланыстарының арасындағы бұрыш осы байланыстардың түзілуіне қатысатын атомдардың электрондарының түріне байланысты (s, p, d, f). Мысалы, сутегі атомдары (лар) оттегімен (p) әрекеттесіп, су түзеді. Сонымен, сутегінің $1s^1$ электроны мен оттегінің 2p электроны әрекеттесіп, келесі формадағы су молекуласын түзеді:



Осылайша химиялық байланыс құру және оның табиғатын оқушылар мен студенттерге түсіндіруде химия мен физиканың өзара интеграциясын жүзеге асыру және қолдау химияның мәнін терең түсінуге жақыннан қолдау көрсетіп, білім берудің тиімділігін арттырады[8].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. **Abdullayeva U G, Nishonov M F и Omonov S M** Ways of ecological education and training in the of future chemistry teachers [Журнал]. - [б.м.] : European scholar journal, 2021 г.. - Т. 2.
2. **Abduqadirov I R и Pardoev A A** Ta`limda innovatsion texnalogiyalar [Журнал].
3. **Muftaxov G, Omonov N T и Mirzayev R O** Anorganik kimyo [Журнал]. - Toshkent : O`qituvchi, 2002 г..
4. **Nishonov M [и др.]** Kimyo o`qitish metodikasi [Журнал]. - Toshkent : [б.н.], 2022 г.. - Т. Fan va tehnologiyaar.
5. **Nishonov M и Yunusov M M** Preparing future chemistry teachers to introduce reproduction [Журнал]. - 2021 г..
6. **Нишонов М [и др.]** Инновационный подход к обучению курса "химия" в направлении "технология пищевых продуктов" [Журнал]. - 2019 г.. - Т. 12-2.
7. **Нишонов М Ф и Жуманов А М** Реализация межпредметных связей как одно из направлений в подготовке будущего учителя биологии [Журнал]. - 2011 г..
8. **Нишонов М М и Курбонова Г Р** Преподавание темы "азотная промышленность" нетрадиционным методом [Журнал]. - 2020 г..

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIMES»
(VOLUME 2 ISSUE 2, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ҒТАМР 14.35.09

ХИМИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА ПРОБЛЕМАЛЫҚ-МОДУЛЬДІК ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДАҒЫ ТИІМДІЛІГІ

Әмір Ж.Е.
магистрант
Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент қ., Қазақстан
Болысбек Ұ.Е.
магистрант
Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент қ., Қазақстан
Жылысбаева А.Н.
химия ғылымдарының кандидаты, доцент
Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент қ., Қазақстан

https://orcid.org/0009-0002-3288-726X Әмір Ж.Е
https://orcid.org/0009-0003-1624-8860 Болысбек Ұ.Е
https://orcid.org/0000-0001-9114-7582 Жылысбаева А.Н.

https://doi.org/10.5281/zenodo.10113484

To Cite: Әмір Ж.Е, Болысбек Ұ.Е, & Жылысбаева А.Н. (2023). ХИМИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА ПРОБЛЕМАЛЫҚ-МОДУЛЬДІК ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДАҒЫ ТИІМДІЛІГІ. SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME, 2(2). https://doi.org/10.5281/zenodo.10113484

Аннотация. Бұл мақалада проблемалық-модульдік оқыту технологияларының дәстүрлі оқыту технологияларынан артықшылықтары көрсетілді. Химия пәнін жетік меңгеруде білім алушыларға мардымды нәтижеге жетуге септігін тигізе алатын проблемалық, ситуациялық сұрақтарды қою, сабақ өту барысында ойын технологияларын, логикалық тапсырмаларды жеке, топтық үлгіде дайындаудың маңызы қарастырылды. Зерттеу объектісі ретінде білім алушыларға химия пәні бойынша бейорганикалық химия, металдар мен бейметалдар, Д.И.Менделеев кестесі бойынша химиялық элементтер секілді үлкен тақырыптар бойынша сабақтар өткізіліп, білім алушылардың оқу деңгейі анықталды. Зерттеу жұмыстарының нәтижесі бойынша проблемалық-модульдік оқыту технологиялары білім алушылардың оқу процесіндегі жетістіктеріне оң септігін тигізді.

Кілтті сөздер: химиялық реакциялар, проблемалық оқыту технологиялары, модульдық оқыту технологиясы, дәстүрлі әдістер, лекция-семинар жүйесі, проблемалық сұрақтар.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIMES»
(VOLUME 2 ISSUE 2, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ПРОБЛЕМНО-МОДУЛЬНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ОБУЧЕНИЯ ХИМИИ В ПОВЫШЕНИИ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАНИЯ

Әмір Ж.Е., магистрант
Южно-Казахстанский Педагогический Университет имени У.Жанибекова, г.Шымкент, Казахстан
Болысбек Ұ.Е., магистрант
Южно-Казахстанский Педагогический Университет имени У.Жанибекова, г.Шымкент, Казахстан
Жылысбаева Акконыр Нурдиллакызы, кандидат химических наук, доцент
Южно-Казахстанский Педагогический Университет имени У.Жанибекова, г.Шымкент, Казахстан,

Аннотация. В данной статье были показаны преимущества проблемно-модульных технологий обучения перед традиционными технологиями обучения. Была рассмотрена важность постановки проблемных, ситуационных вопросов, которые могут помочь учащимся достичь значимого результата в освоении химии, подготовке игровых технологий, логических заданий в индивидуальном, групповом порядке во время урока. В качестве объекта изучения студентам были даны занятия по таким крупным темам, как неорганическая химия, металлы и неметаллы, химические элементы по таблице Менделеева Д.И., определяется уровень подготовки студентов. По результатам исследовательской работы проблемно-модульные технологии обучения положительно повлияли на успехи обучающихся в учебном процессе.

Ключевые слова: химические реакции, технологии проблемного обучения, технология модульного обучения, традиционные методы, система лекций-семинаров, проблемные вопросы.

THE EFFECTIVENESS OF THE USE OF PROBLEM-MODULAR CHEMISTRY TEACHING TECHNOLOGIES IN IMPROVING THE QUALITY OF EDUCATION

Amir Zh.E., magister
South Kazakhstan Pedagogical University named after U. Zhanibekov, Shymkent, Kazakhstan
Bolisbek U.E., magister
South Kazakhstan Pedagogical University named after U. Zhanibekov, Shymkent, Kazakhstan
Zhylysbayeva Akkongyr, Associate Professor
South Kazakhstan Pedagogical University named after U. Zhanibekov, Shymkent, Kazakhstan,

Abstract: In this article, the advantages of problematic modular learning technologies over conventional learning technologies were revealed. The importance of problematic, situational questions that can help students to achieve a meaningful result in learning chemistry, preparing game technologies, logical tasks in the class individually and in groups. As an object of study, students were given courses on such important topics as inorganic chemistry, metals and non-metals, chemical elements according to the periodic table of Mendeleev D.I., The level of education of students is determined. According to the results of the research work, problem-

modular learning technologies have positively influenced the success of students in the educational process.

Keywords: chemical reactions, problem-based learning technologies, modular learning technology, traditional methods, lecture-seminar system, problematic issues.

Қазірде XXI ғасырда орта білім мен жоғары білім алуда үлкен талаптар қойылуда. Ол білім сапасына, білім алатын оқу орны мен оқытушы, білім алушыларға қойылатын талаптар негізінде құрастырылып, мемлекеттік білім беру стандартына негізделеді. Білім алушыларға тек теориялық білім алуы ғана емес, сонымен қатар шығармашылық ойлауы, практикалық тұрғыда алған білімін дұрыс қолдана білуі маңызды [1]. Осы тұста жаратылыстану бағытындағы оқытылатын пәндерді оқыту процесі барысында жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша жаңа, алдыңғы қатарлы, озық технологияларды қолдану кеңінен етек алып келеді. Химия пәні- жаратылыстану бағытындағы бірден бір табиғатта болып жатқан химиялық процесстерді сандық және сапалық есептеулер арқылы көрсетіп бере алатын күрделі пәндердің бірі. Сондықтан осы тұста химия пәнін игеру мақсатында жаңа технологияларды, әдіс-тәсілдерді меңгеру, игеру арқылы білім алушыларға сабаққа, пәнге деген қызығушылығын оята отырып қадам жасау қазірде маңызды білімдік талап болып отыр. Себебі химия пәні күрделі реакциялар жиынтығы болғандықтан, қарапайым, дәстүрлі әдіспен оқушыларға түсіндіру жақсы, жоғары жетістікке жеткізбейді. Яғни, мұғалім дәрісті, жаңа тақырыпты түсіндіреді, ауызша айтады, білім алушы тыңдайды, қажет ақпаратын есіне сақтап, түртіп жазып отырады [2]. Бұл дәстүрлі әдіс кез келген балаға жарай бермейді, себебі әр білім алушы жеке дара тұлға және әр тұлғаның білімді игеру жолы да әртүрлі. Сондықтан зерттеушілер пәнге, жаңа білімге деген оқушының қызығушылығы, ынтасы болса ғана білімді толық игеруге мүмкіндігі бар екенін дәлелдеп берді. Сондықтан қазірде педагогтың басты мақсаты, білім алушының пәнге қызығушылығын оята отырып, пәнді игеріп қана қоймай, практикалық тұрғыда қолдана алуына жағдай жасау. Химия пәнін игеруде осындай теория мен практиканы байланыстырушы негізгі әдіс тәсілдердің бірі жаңа технологияларды қолдану болып табылады. Осы тұста төменде химия пәнін оқытуда қолданылатын технологияларды көрсетуге болады [3]:

Кесте 1. Педагогикалық технологиялардың түрлері

Оқыту процесін ұйымдастырушы бөлім немесе оқу орнына байланысты оқыту технологиялары	Білім алушының әрекетінің белсенділігіне қарай ұйымдастырылатын оқыту технологиялары	Оқытушы әрекетінің белсенділігіне қарай ұйымдастырылатын оқыту технологиялары
- деңгейлік тапсырмалар негізінде ұйымдастырылған оқыту технологиялары;	- ойын технологиялары;	- оқытушылардың бірлескен ұйымдастырушы оқыту технологиялары.
- топтық оқыту технологиялары;	- проблемалық және зерттеушілік оқыту технологиялары;	
- АКТ қолдану арқылы ұйымдастырылған	- сызба және белгілер арқылы модельді оқыту	

оқыту технологиялары	технологиялары	

Кестеге сүйене отырып, жаңа технологиялардың бірі деп, сонымен қатар пәнді жетік меңгеруде әсері жоғары технология ретінде проблемалық оқыту технологиясын айта аламыз. Бұл әдістің басты мәні оқытушының проблемалық, ситуациялық сұрақтарды құрастыра білуі болып табылады. Мәселен, «Осы тақырыпта сізді таңқалдырған процесс қайсы?», «Неге бұл теория дұрыс деп ойлайсыз?», т.б. сұрақтарды қою арқылы оқушылардың ойлау қабілетін тікелей әсер ете аламыз. Проблемалық оқыту технологиясын сабақ барысында қолдану кезінде алдымен мұғалім проблемалық сұрақты қолдана алатын тақырыпты таңдай отырып, әр білім алушының деңгейіне қарай дұрыс сұрақтарды құрай алуы қажет. Бұл процесс сабақ өтпестен алдын дайындалуы шарт [4].

Қазірде пән бойынша проблемалық оқыту технологиясын қолдану кезінде 2 түрлі жолы белгілі. Біріншісі, мұғалім өзі проблемалық сұрақты дайындайды және оқушыға өзі жеке шешуіне мүмкіндік береді, ал екінші жолында оқушы өзі проблемалық сұрақты құрап, топ аралық, жеке, екі оқушы арасында шешуі мүмкін [5]. Бұл мұғалімнің шеберлігіне, сабақтың толық игерілуіне жағдай жасау мақсатында оқытушы-білім алушы арасындағы оқу процесінің озық технологияларға ие болуына тікелей байланысты болып табылады.

Химия пәнін игеруде дәстүрлі оқыту технологияларын пайдалану үнемі мардымды болып келе бермейді, себебі химия табиғаттағы химиялық процесстер туралы ілім болғандықтан, реакцияларды жүргізу, есептер шығару барысында білім алушыларға жаңа білімнің толық түсінікті, әрі қызықты жеткізілуі үшін жаңа әдіс тәсілдер мен технологияларды қолдана отырып сабақ өту жаңа XXI ғасыр білім заманының басты талабы болып отыр. Осы тұста химия пәнін жетік меңгеруде тиімді жаңа технологиялардың бірі деп модульдік және проблемалық оқыту технологиясын қолдануды ұсынамын. Себебі, химия пәнін екінің бірі түсініп, қызығушылық танытып оқымайтыны белгілі. Ал осы тұста оқытушы өз шеберлігін пайдалана отырып, түрлі ойындар мен қызықты видео, аудио тапсырмалар құрастырып, пәнге қызығушылығын оята отырып, түрлі логикалық, ситуациялық сұрақтар қоя білсе, оқушының шығармашылық ойлауы, табиғатқа, қоршаған ортаға деген тәрбиелік көзқарасы жақа бағытта өзгерері анық [6]. 20 жылға уақыт жүргізілген жаңа технологияларды енгізу жұмыстарының нәтижесі бойынша дәстүрлі технологияларды қолдануды барынша ысыру жұмыстары жүргізілуде. Себебі лекция-семинар жүйесі білім алушылардың сабаққа пассивті қарауын, пәнге қызығушылық оятпауын, білімді игеруде тек оқытушы оқыған дәрістер аясында шектелетінін, теориялық білімнің практикалық бідіммен үйлеспейтінін көрсетті. Сондықтан ұсынылып отырған жаңа технологиялардың мәні оқытушылардың дәріс оқып, ақпарат беріп қана шектелмей, жаңа білім мен ескі білімді ұштастырушы, ақпарат беретін емес, бағдар беруші қызметінде бола отырып, білім алушының көбірек жеке, өзіндік жұмыстар жүргізе алуына мүмкіндік беруін қамтамасыз етуі болып табылады.

Модульдік оқыту технологиясы туралы алғашқы теориялық ақпараттар П.А.Юсавичене, С.Я.Батышев, Н.В.Барисов, И.Б. Сенновский секілді кеңес кезеңінің ғалым, оқытушыларының еңбектері болып табылады. Өткен ғасырдың 80-жылдарынан қолға алынып келе жатқан технологиялардың бірі десек те, әлі де оқу процесстеріне баяу енгізіліп келе жатқанын байқаймыз, себебі әлі де дәстүрлі әдістерді қолданып келе жатқан оқытушылар, оқу орындары жетерлік. Модульдік оқыту технологиясының басты мақсаты пәнді игеруде озық тапсырма түрлерін бере отырып, шығармашылық, тәрбиелік білімді арттыру, тәжірибелік білімді өмірде қолдана алу жетістігіне жету болып табылады. Әрбір

модульдік технолгияларды қолдану барысында жалпылама тарауға арналған модульдік технология моделі белгілі. Бұл модельде орындалуы тиіс модульдік тапсырмалар ретіне тоқталсақ [7]:

1) әр білім алушыға арналған модульдің жалпы жоспары болуы керек;
2) білім алушының жеке өзін тексеруі мақсатында құрастырылған тесттер немесе тапсырмалардың жиынтығы;
3) пәнді игеру мақсатында жасалған кіріспе, аралық, қорытынды бақылау тесттері;
4) білім алушының жеке білімін тексеру негізінде құрастырылған тапсырмалар.

Проблемалық оқыту технологиясын сабақ оқытуды қолдану процесінде оқытушыларға проблемалық сұрақтар мен тапсырмаларды құрастыруда біраз қиындықтар, уақыт алуы мүмкін. Алайда қысқа мерзімде дайындалған дәстүрлі әдіс бойынша өткізілетін дәріс- семинар форматына қарағанда күтілетін нәтиже мен алынатын нәтиженің көрсеткіші жоғарырақ болатыны анық [8]. Себебі дәріс- семинар форматына қарағанда білім алушының логикалық, ситуациялық сұрақтарды шешуде қызығушылық танытып, ойлау қабілетінің артуына септігін тигізетіні зерттеулер нәтижесінде анықталып отыр. Келесі кестеде дәстүрлі оқыту технологиясы мен проблемалық оқыту технологиясының негізгі айырмашылықтарын көрсетуге болады.

Кесте 2. Дәстүрлі оқыту технологиясы мен проблемалық оқыту технологиясының негізгі айырмашылықтары

№	Дәстүрлі оқыту технологиялары	Проблемалық оқыту технологиялары
1	Сабақтың басталуы: « Бүгінгі тақырыпта меңгеретін жаңа тақырыбымыз...»	«Бір жағынан...», «Осы тұста қандай сұрақ туындауы мүмкін?», «Нені білуіміз керек?»
2	Оқытушының жаңа тақырыпты түсіндіруі: «Сонымен, мұқият тыңдаңыздар»	«Өзіндік жұмыстар жүргіз», «Нәтижесі қалай шықты?»
3	Сабақтың бекітуші бөлімі: «Жадыңда сақта», «Қайтала», «Түсінгеніңді айтып бер»	«Тірек-сызба құрастыр», «Проблемалық сұрақтың жауабы қандай?»

Проблемалық оқыту технологиясын химия пәнін оқыту процесінде қолдану барысы осы ретпен орындалуы қажет [9]:

1) проблемалық сұрақты қою;
2) шешімін табу жолдары;
3) күтілетін нәтижеге жету.

Сонымен қатар проблемалық ситуацияларды шешу әдістері:

1) зерттеушілік бағыт бойынша;
2) жобалық әрекеттер арқылы.

Проблемалық сұрақтарды шешу жолдары:

1) эксперимент
2) ақпаратпен жұмыс жүргізу
3) бақылау жүргізу
4) модельдеу

Проблемалық оқыту технологиясын қолдана отырып химия пәнінен жүргізілетін сабақтың өту реті [10]:

1) мотивация. Проблемалық сұрақтарды қою
2) гипотеза қою
3) шығармашылық, практикалық зерттеу жұмыстары

4) білім алушылардың өзара ақпарат алмасу кезеңі
5) ақпараттарды өңдеу
6) проблемаларды шешу жолдары
7) кері байланыс-рефлексия
8) үй жұмысы

Келтірілген ақпараттарға сүйене отырып, проблемалық оқыту технологиясына сай бейорганикалық химия бөлімі бойынша проблемалық сұрақтарды қоя отырып ион алмасу тақырыбы бойынша бірнеше мысал қарап көрейік. Жаңа сабақты түсіндірмес алдын білім алушыларға тақырып бойынша сұрақтар беріледі:

1. Химия курсы бойынша қандай реакция типтерін білесің?
2. Ион алмасу реакциясына анықтама бер;
3. Химиялық реакциялардың жүру жолын түсіндір.

Келтірілген сұрақтарды бере отырып, төмендегі реакцияларды ретімен тақтада көрсетеміз:

а) $NaCl+KNO_3=$
ә) $KI+ AgNO_3=$
б) $Na_2OH+H_2SO_{4(фенолфтолеин)} =$
в) $Na_2CO_3+H_2SO_4=$

Сабақ өту барысында әр реакцияның шешімін табуға білім алушыларды жеке жеке ретімен шығара отырып, гипотеза ретінде реакция өнімін шығаруды ұсынамын. Оқушылар болжаммен реакция өнімін шығарып, неліктен реакциялардың жүріп немесе жүрмеуін анықтайды. Осы секілді «Химиялық элеметтердің периодтық кестесі» тақырыбы бойынша химиялық элементтерге қатысты проблемалық сұрақтар қоя отырып, сабақ өткізуге болады. Мысалы, «Сутек- Д.И.Менделеев кестесінде тұрақты орны жоқ жалғыз элемент, яғни сутекті сілтілік металдар тобына да, галогендер топшасына да жатқызамыз. Бұл сутектің ерекшелігінің мәні неде?». Берілген мысалдар қатысында проблемалық сұрақтар қоя отырып сабақ өткізудің тиімділігін ала алдым. Ол үшін білім алушыларға 2 форматта, яғни дәстүрлі оқыту технологиясымен және проблемалық-модульдық оқыту технологиясын қолданып сабақ өту арқылы жаңа технологияларды салыстырдым. Қол жеткізген нәтижелер төмендегідей:

1) Білім алушылардың химия пәніне қызығушылығы арта түсті;
2) Химиялық реакцияларды дұрыс қоя білуді үйренді;
3) Пәнді игеруде озық технологияларды қолданудың маңызын түсінді.

Кесте 3. Білім алушыларға сабақ өтуде қолданған проблемалық- модульдық оқыту технологиясының білім сапасына әсері бойынша нәтижесі.

№	Нәтижесі (сапалық көрсеткіштер)	Сандық көрсеткіштер %-ға артты
1	Педагог тарапынан құрылған зерттелінетін биологиялық құбылыстарды зерттеу арқылы тәжірибе негізін оқытушымен бірге қалады;	15%
2	Химиялық үрдістерді зерттеу барысында химия пәнінде қолданылатын құрал-жабдықтармен жұмыс жүргізуді меңгерді;	17%
4	Реакциялар қою арқылы жүргізілген эксперименттер арқылы пәнге қызығушылығы артты;	21%
5	Проблемалық сұрақтарға жауап іздеу арқылы тәрбиелік-ізденушілік дағды қалыптастыра алды;	14%
6	Технологиялар көмегімен жаңадан қалыптасып келе	18%

	жатқан химия салаларының даму қажеттілігін ұғынды.	

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері боынша білім алушылардың пәнді игеру барысында дәстүрлі әдістерді қолдануға қарағанда жаңа проблемалық-модульдық технологияларды қолдану арқылы көбірек жетістікке жете алатындығы практика жүзінде анықталды.

Осы мақаланың аясында жүргізілген зерттеулер келесі маңызды қорытындыларды жасауға мүмкіндік береді:

- Зерттеу нәтижелері химияны оқытуда проблемалық модульдік технологияларды қолдану оқушылардың жетістіктерін жақсартуға әкелетінін растайды. Бұл әдістер оқуды жақсартады және оқушыларды химиялық ұғымдарды тереңірек түсінуге ынталандырады.
- Проблемалық-модульдік технологияларды табысты қолданудың маңызды аспектісі студенттерге проблемалық және ситуациялық сұрақтар қоя білу болып табылады. Бұл әдіс сыни ойлауды ынталандырады, талдау дағдыларын дамытады және белсенді оқуға ықпал етеді.
- Химияны оқыту үрдісіне ойын технологиялары мен логикалық тапсырмаларды енгізу оқушылардың оқу тәжірибесін одан әрі байытады. Бұл оқыту әдістері сабақтарды қызықты және интерактивті етіп, тереңірек білім алуға ықпал етті.
- Проблемалық модульдік технологияларды қолдану жеке және топтық жұмыс мүмкіндігін қамтиды. Бұл студенттердің өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын дамытуға, сонымен қатар химиялық есептерді бірлесіп шешу арқылы коммуникативті дағдыларды жетілдіруге мүмкіндік береді.
- Зерттеулер проблемалық оқыту технологияларының білім беру үдерісінде оқушылардың жетістіктеріне айтарлықтай әсер ететінін растайды. Осы әдістерді қолданып оқытылатын студенттер химияны түсіну және дайындық деңгейінің жоғары екенін көрсетті.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері проблемалық модульдік оқыту технологияларының химия пәні бойынша білім сапасын арттыруға және оқушылардың дамуына тиімді ықпал ететінін көрсетеді. Бұл тәсіл оқу үдерісін байытудың және оқушылардың белсенді оқуын ынталандырудың маңызды құралы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бунькова Екатерина Александровна, Евтюхина Ирина Сергеевна Современные педагогические технологии на уроках химии на примере технологии проблемного и исследовательского обучения // Вопросы науки и образования. 2019. №23 (71). URL: https://cyberleninka.ru/article/n/sovremennye-pedagogicheskie-tehnologii-na-urokah-himii-na-primere-tehnologii-problemnogo-i-issledovatelskogo-obucheniya (дата обращения: 06.11.2023).
2. Демина Е. В., Панфилова Л. В. Формирование экспериментально-исследовательской компетенции будущих учителей химии // Известия Самарского научного центра РАН. 2011. №2-6. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/formirovanie-eksperimentalno-issledovatelskoy-kompetentsii-buduschih-uchiteley-himii (дата обращения: 06.11.2023).
3. Передерина Ирина Александровна, Тверякова Елена Никитична, Мирошниченко Юлия Юрьевна, Дрыгунова Лариса Александровна, Зыкова Мария Владимировна, Жолобова Галина Александровна, Голубина Ольга Александровна Интегративно-модульная технология обучения общей химии // СНВ. 2018. №1 (22). URL: https://cyberleninka.ru/article/n/integrativno-modulnaya-tehnologiya-obucheniya-obschey-himii (дата обращения: 06.11.2023).

4. Береснева Елена Владимировна Использование модульной технологии в преподавании дисциплины «Теория и методика обучения химии в вузе» // Известия РГПУ им. А. И. Герцена. 2011. №138. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/ispolzovanie-modulnoy-tehnologii-v-prepodavanii-distsipliny-teoriya-i-metodika-obucheniya-himii-v-vuze (дата обращения: 06.11.2023).
5. Петрова М. А. Модульная технология в аспекте проблемного обучения // Вестник Сибирского государственного университета путей сообщения. 2007. №18. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/modulnaya-tehnologiya-v-aspekte-problemnogo-obucheniya (дата обращения: 06.11.2023).
6. Максудова Гульмира Дженбековна ПРИМЕНЕНИЕ МЕТОДА ПРОБЛЕМНОГО ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ ХИМИИ // Talqin va tadqiqotlar ilmiy-uslubiy jurnali. 2022. №3. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/primenenie-metoda-problemnogo-obucheniya-na-urokah-himii (дата обращения: 06.11.2023).
7. Молчанова Алла Владимировна Применение проблемно-модульной образовательной технологии в обучении студентов-гуманитариев по дисциплине «Педагогика» // Педагогика и психология образования. 2010. №1. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/primenenie-problemno-modulnoy-obrazovatelnoy-tehnologii-v-obuchenii-studentov-gumanitariev-po-distsipline-pedagogika (дата обращения: 06.11.2023).
8. Гумерова Марина Миннегалиевна, Сафина Аэлита Маратовна Проектирование занятий по технологии проблемно-модульного обучения на примере педагогических дисциплин // Известия Самарского научного центра РАН. 2012. №2-3. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/proektirovanie-zanyatiy-po-tehnologii-problemno-modulnogo-obucheniya-na-primere-pedagogicheskih-distsiplin (дата обращения: 06.11.2023).
9. Бородулина О.И., Терехова Н.Н. ПРОБЛЕМНОЕ ОБУЧЕНИЕ НА УРОКАХ ФИЗИКИ, ХИМИИ И БИОЛОГИИ // Символ науки. 2022. №2-2. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/problemnoe-obuchenie-na-urokah-fiziki-himii-i-biologii (дата обращения: 07.11.2023).
10. Galiya Rysbayeva, Akmaral Berdaliyeva, Aliya Kuralbayeva, Nurila Baiseitova, Aigul Uspabayeva. Students' Attitudes Towards Mobile Learning. Students' Attitudes Towards Mobile Learning. International Journal: Engineering Pedagogy. iJEP – Vol. 12, No. 2, 2022. (Skopus). – 171-182 p.

References

1. Bünkova Ekaterina Aleksandrovna, Evtühina İrina Sergeevna Sovremennye pedagogicheskie tehnologii na urokah himii na primere tehnologii problemnogo i issledovatelskogo obuchenia // Voprosy nauki i obrazovania. 2019. №23 (71). URL: https://cyberleninka.ru/article/n/sovremennye-pedagogicheskie-tehnologii-na-urokah-himii-na-primere-tehnologii-problemnogo-i-issledovatelskogo-obucheniya (data obraşenia: 06.11.2023).
2. Demina E. V., Panfilova L. V. Formirovanie eksperimentälno-issledovatelskoi kompetensii buduşih uchitelei himii // İzvestia Samarskogo nauchnogo sentra RAN. 2011. №2-6. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/formirovanie-eksperimentalno-issledovatelskoy-kompetentsii-buduschih-uchiteley-himii (data obraşenia: 06.11.2023).
3. Perederina İrina Aleksandrovna, Tveräkova Elena Nikitichna, Miroşnichenko İulia İurevna, Drygunova Larisa Aleksandrovna, Zykova Maria Vladimirovna, Jolobova Galina Aleksandrovna, Golubina Ölga Aleksandrovna İntegrativno-modülnaia tehnologia obuchenia

obşei himii // SNV. 2018. №1 (22). URL: https://cyberleninka.ru/article/n/integrativno-modulnaya-tehnologiya-obucheniya-obschey-himii (data obraşenia: 06.11.2023).

4. Beresneva Elena Vladimirovna İspölzovanie modülnoi tehnologii v prepodavanii disipliny «Teoria i metodika obuchenia himii v vuze» // İzvestia RGPU im. A. İ. Gersena. 2011. №138. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/ispolzovanie-modulnoy-tehnologii-v-prepodavanii-distsipliny-teoriya-i-metodika-obucheniya-himii-v-vuze (data obraşenia: 06.11.2023).

5. Petrova M. A. Modülnaia tehnologia v aspekte problemnogo obuchenia // Vestnik Sibirskogo gosudarstvennogo universiteta putei soobşenia. 2007. №18. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/modulnaya-tehnologiya-v-aspekte-problemnogo-obucheniya (data obraşenia: 06.11.2023).

6. Maksudova Gülmira Jenbekovna PRİMENENİE METODA PROBLEMNOGO OBUCHENİA NA UROKAH HİMİİ // Talqin va tadqiqotlar ilmiy-uslubiy jurnali. 2022. №3. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/primenenie-metoda-problemnogo-obucheniya-na-urokah-himii (data obraşenia: 06.11.2023).

7. Molchanova Alla Vladimirovna Primenenie problemno-modülnoi obrazovatelnoi tehnologii v obuchenii studentov-gumanitariev po disipline «Pedagogika» // Pedagogika i psihologia obrazovania. 2010. №1. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/primenenie-problemno-modulnoy-obrazovatelnoy-tehnologii-v-obuchenii-studentov-gumanitariev-po-distsipline-pedagogika (data obraşenia: 06.11.2023).

8. Gumerova Marina Minnegalievna, Safina Aelita Maratovna Proektirovanie zanäti po tehnologii problemno-modülnogo obuchenia na primere pedagogicheskih disiplin // İzvestia Samarskogo nauchnogo sentra RAN. 2012. №2-3. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/proektirovanie-zanyatiy-po-tehnologii-problemno-modulnogo-obucheniya-na-primere-pedagogicheskih-distsiplin (data obraşenia: 06.11.2023).

9. Borodulina O.İ., Terehova N.N. PROBLEMNOE OBUCHENİE NA UROKAH FİZİKİ, HİMİİ İ BİOLOGİİ // Simvol nauki. 2022. №2-2. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/problemnoe-obuchenie-na-urokah-fiziki-himii-i-biologii (data obraşenia: 07.11.2023).

10. Galiya Rysbayeva, Akmaral Berdaliyeva, Aliya Kuralbayeva, Nurila Baiseitova, Aigul Uspabayeva. Students' Attitudes Towards Mobile Learning. Students' Attitudes Towards Mobile Learning. International Journal: Engineering Pedagogy. iJEP – Vol. 12, No. 2, 2022. (Skopus). – 171-182 r.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIMES»
(VOLUME 2 ISSUE 2, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

МРНТИ 10.17.31

О РЕАЛИЗАЦИИ ПРИНЦИПОВ ПРАВОСУДИЯ ПО НОВОМУ АДМИНИСТРАТИВНОМУ ПРОЦЕДУРНО-ПРОЦЕССУАЛЬНОМУ КОДЕКСУ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Егежанова Диана Рамзиевна
старший преподаватель кафедры государственно-правовых дисциплин,
магистр юридических наук Alikhan Bokeikhan University
Қорғанбаева Еркеш Айдосқызы
старший преподаватель кафедры государственно-правовых дисциплин,
магистр юридических наук
Alikhan Bokeikhan University

https://doi.org/10.5281/zenodo.10113492

To Cite: Егежанова Диана Рамзиевна,, & Қорғанбаева Еркеш Айдосқызы. (2023). О РЕАЛИЗАЦИИ ПРИНЦИПОВ ПРАВОСУДИЯ ПО НОВОМУ АДМИНИСТРАТИВНОМУ ПРОЦЕДУРНО-ПРОЦЕССУАЛЬНОМУ КОДЕКСУ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН. SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME, 2(2). https://doi.org/10.5281/zenodo.10113492

Аннотация

Статья посвящена новеллам закрепления принципов административных процедур и административного процесса согласно Административному процедурно-процессуальному кодексу Республики Казахстан. Проанализирована актуальность их правоприменения в практике административного производства.

Ключевые слова: принципы, административные процедуры, административный процесс, административное производство, кодекс, судья, законность

Аннотация

Мақала ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес әкімшілік рәсімдер мен әкімшілік процесс қағидаттарын бекіту жаңалығына арналған. Әкімшілік іс жүргізу тәжірибесінде олардың орындалуының өзектілігі талданды.

Түйінді сөздер: қағидаттар, әкімшілік рәсімдер, әкімшілік процесс, әкімшілік іс жүргізу, кодекс, судья, заңдылық

Annotation

The article is devoted to the novelties of fixing the principles of administrative procedures and administrative process according to the Administrative Procedural Code of the Republic of Kazakhstan. The relevance of their enforcement in the practice of administrative proceedings is analyzed.

Keywords: principles, administrative procedures, administrative process, administrative proceedings, code, judge, legality

Введение

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Устойчивая тенденция зарубежного законодательства по обособлению принципов административного процесса нашла отражение и в казахстанском административно-процедурном законодательстве.

Уже два года как в Казахстане функционирует полноценная административная юстиция.

Принятие Административного процедурно-процессуального кодекса (далее АППК, кодекс) в 2020 году стало эффективным средством формирования института административной юстиции Казахстана и современного механизма рассмотрения публично-правовых споров в суде.

Споры между административными органами и гражданами, вытекающие из решений принятых в рамках АППК, рассматриваются в административных судах. Сейчас в областных центрах Казахстана действуют 24 административных суда, 3 из которых были образованы недавно в связи с образованием трех новых областей - Абай, Жетысу, Улытау.

В настоящее время в рамках административного производства по публичным спорам судом рассматриваются иски об оспаривании, о принуждении, о совершении действия, о признании, вытекающие из административных и иных публичных правоотношений. Также в рамках данного производства возможно установление судебного контроля за законностью и обоснованностью осуществления государственных или иных публичных полномочий.

Методы исследования

В целях конкретизации предложений и выводов были использованы следующие методы исследования: общенаучный, метод системного анализа, сравнительно-правовой. Использование системного метода позволило выявить причинно-слественные связи формирования и развития в рамках административной юстиции основных идей административного процедурного производства, также проанализировать их взаимосвязи. Сравнительно-правовой метод способствует проведению межотраслевой связи в выявлении особенностей публично-правовых споров и отношений от частно-правовых.

Обсуждение результатов

Важно отметить, что кодексом реализуется правозащитная функция, направленная на защиту прав и интересов участников производства. АППК 2020 года закрепил новые правовые принципы (реализация началась с 2021 года), возложив на государственные органы обязанности, которые призваны помочь гражданам и организациям защищать и реализовывать свои права и интересы. В административном судопроизводстве АППК помогает слабой стороне (гражданину или негосударственной организации) в её споре с сильной стороной (государством), чего ранее не наблюдалось.

Кодекс закрепил 12 таких принципов.

1. Законность.
2. Справедливость.
3. Защита прав, свобод и законных интересов.
4. Соразмерность.
5. Пределы осуществления административного усмотрения.
6. Приоритет прав в пользу участника административной процедуры.
7. Охрана права на доверие.
8. Запрет злоупотребления формальными требованиями.
9. Достоверность.
10. Активная роль суда.
11. Разумный срок административного судопроизводства.
12. Обязательность судебных актов [1].

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Доктор юридических наук Подопригора Р.А. в своих исследованиях по административно-процедурному праву отмечает характерные особенности применения конкретных принципов для административного процесса, для административной процедуры, а также и для тех и других в совокупности. Условно автор представил их следующим образом [2, с.10]

Схема 1

Принципы административной процедуры	Принципы административного процесса	Общие принципы административной процедуры и административного процесса
Соразмерность	Активная роль суда	Законность
Охрана права на доверие	Разумный срок административного судопроизводства	Справедливость
Пределы осуществления административного усмотрения	Обязательность судебных актов	Защита прав, свобод и законных интересов
Приоритет прав в пользу участника административной процедуры		
Презумпция достоверности		
Запрет злоупотребления формальными требованиями		

Как видно из данной схемы АППК закрепил наряду с новыми, такие закрепившиеся принципы правосудия как законность, справедливость, защита прав, свобод и законных интересов.

Роль принципов административных процедур и рассмотрения административно-правовых споров, безусловно важна так как именно они являются официальным ориентиром для всех участников административного производства и свидетельством стабильности административной юстиции.

Так, принцип законности, справедливости, приоритетной защиты прав, свобод и законных интересов направлены на повышение эффективности принятия судебных актов с целью возможной реализации прав и свобод граждан и иных субъектов.

Весьма важное значение имеет принцип приоритета прав участника административной процедуры, ведь именно права и свободы человека определяют содержание и применение законов и иных нормативно-правовых актов (ст. 12 Конституции РК) [3].

Источниками отмечается, что суть данного принципа состоит не только из обязанности административного и судебного органа действовать в интересах граждан. Участники административных процедур должны выдерживать следующие критерии:

1. Презумпция добропорядочности заявителя.

2. Презумпция активности как заявителя, так и административного органа. Она предполагает процедуру доказывания обоснованности правовых актов, исполнение которых возлагается на административный орган.

3. Правило оказания помощи заявителю, включая обязанность информировать о существующем правовом регулировании и практике, процессуальных правах и обязанностях заявителя, способе, сроках и процедуре обжалования [4, с.266].

На наш взгляд последний критерий в настоящее время реализуется судом как принцип активной роли суда.

Активная роль суда, или принцип судейского руководства, закрепленный в ст. 16 АППК, означает, в частности, что суд наделен рядом полномочий, позволяющих ему формировать предмет доказывания и др. Активная роль суда включает также:

- истребование доказательств по собственной инициативе, если представленных сторонами доказательств недостаточно;
- принятие мер к примирению сторон.

В настоящее время принцип активной роли суда является важнейшим принципом административного судопроизводства [5].

Очень интересным и абсолютно новым для казахстанского общества стал принцип охраны права на доверие. Этот принцип можно назвать важнейшим аспектом правовой системы. Именно он обеспечивает стабильность и защиту ожиданий.

Любой гражданин может рассчитывать на «устойчивость» властных решений. К примеру, если гражданин получил положительное решение государственного органа – заключил договор найма жилища из государственного жилищного фонда. В положении и статусе гражданина ничего не меняется, следовательно, и государственный орган самовольно и внезапно не имеет права лишить его ранее предоставленного права.

Проще говоря, принцип охраны права на доверие полагает, что органы власти должны держать свои обещания и быть предсказуемыми, чтобы граждане могли рассчитывать на справедливую и стабильную реализацию своих прав.

В отношениях, регулируемых АППК, могут применяться и иные принципы, например, принципы гражданского процесса. Однако, несомненным достоинством нового кодекса явилось то, произошло отделение разрешения публично правовых споров от частно-правовых споров, таких как споры, возникающих в семейных, жилищных, трудовых, земельных и иных правоотношений, регулирование которых охватывается только гражданско-процессуальным законодательством.

Важным отличием административного процесса от гражданского, является то, что в гражданском процессе - сбор и представление доказательств осуществляется сторонами и суд ограничивается рассмотрением представленных доказательств. Административный суд инициирует сбор доказательств, обладая возможностью затребовать все необходимые для правильного разрешения дела документы. Судом оказывается содействие устранению допущенных в исках формальных ошибок, разъясняются и уточняются гражданам неясные исковые требования.

Законодательство не исключает применение других принципов права. Более того закрепленные принципы не могут быть препятствием для применения других принципов (ч.2 ст. 6 АППК) [1]. В пору действия законодательства об административных процедурах до принятия АППК действовал принцип экономичности и эффективности административных процедур. По сути, данный принцип заложил основу для внедрения в административное производство новых информационных технологий и возможности получения информации в электронном формате.

Результаты исследования

В условиях активного научно-технического развития и цифровизации в потребовалось создание веб-сайтов, доступности получения услуг в электронном формате, наличие обслуживающих сервисов, постоянное обучение судей современным технологиям, позволяющими их исследовать. Немаловажно и то, что обслуживающие органы, к примеру, ЦОНы, должны соблюдать также принципы вежливости, предоставление исчерпывающей и полной информации, защиты и конфиденциальности информации и др.

Нарушение принципов административных процедур и административного судопроизводства в зависимости от его характера и существенности влечет признание административных актов, административных действий (бездействия) незаконными, а также отмену вынесенных судебных актов.

Выводы (заключение)

Как показывает зарубежный опыт, процесс формирования эффективной административной юстиции занимает десятки лет, Казахстан же находится сейчас на начальном этапе. Однако уже заметны позитивные изменения. Усовершенствован административный процесс, введены новые принципы, новые подходы к рассмотрению обращений граждан и организаций. Безусловно, изменилась и судебная практика. По оценкам экспертов, за первое полугодие 2023 года процент удовлетворяемости исков в столице составил 57%. То есть каждое второе решение вынесено в пользу граждан или бизнеса. Ранее до введения в действие АППК процент удовлетворяемости по данным категориям составлял лишь 15% [6].

Несмотря на обширность научных публикаций, интенсивное развитие законодательства и административной практики в вопросах рассмотрения публично-правовых споров некоторые вопросы все еще требуют научного и правового уточнения. Дело, в том, что в АППК уже внесены изменения.

Считаем необходимым разработать научно-правовой комментарий к действующему административному процедурно-процессуальному кодексу. На наш взгляд необходимо уделить внимание научно-правовой концепции процессуального законодательства, в которой будет отражена терминология, анализ текущего состояния и перспективы совершенствования административной юстиции. Считаем, что на основе учета современных факторов развития правовой политики необходима институциональная модель организации судебной деятельности, основу которой будут составлять принципы судебной системы, как обязательный элемент открытости и доступности правосудия.

В целом, установленные принципы АППК не только направлены на защиту прав граждан при спорах с государственными органами, но и позволяют повысить активность граждан в управленческом процессе и вместе с тем эффективность работы самих государственных органов.

Список использованных источников:

1. Кодекс Республики Казахстан от 29 июня 2020 года № 350-VI «Административный процедурно-процессуальный кодекс Республики Казахстан» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 24.07.2023 г.)// https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=35132264&pos=401;-60#pos=401;-60
2. Подопригора Р. Памятка по разъяснению положений Административного процедурно-процессуального кодекса РК. Алматы.2021
3. Конституция Республики Казахстан от 30 августа 1995 года
4. Административное право: учебный курс/ под ред. Р.А. Подопригоры. Алматы, 2010.-368 с.

5. Методические рекомендации по Административному процедурно-процессуальному кодексу// https://eotinish.kz/static/docs/Methodological_recommendations_APPK.pdf

6. Экспертная оценка Дамир Абдугалиева, Председателя судебной коллегии по административным делам суда города Астаны)// https://online.zakon.kz/Document/дата обращения 10 октября 2023 года

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIMES»
(VOLUME 2 ISSUE 2, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ӘОЖ 821.512.122:82-1

Б.СОҚПАҚБАЕВТЫҢ ҚАЛАМГЕРЛІК ЗЕРТХАНАСЫ

Рустемова Ж.А.
Қауымдастырылған профессор, ф.ғ.к.
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қазақстан, Қарағанды қ.

https://doi.org/10.5281/zenodo.10113737

To Cite: Рустемова Ж.А. (2023). Б.СОҚПАҚБАЕВТЫҢ ҚАЛАМГЕРЛІК ЗЕРТХАНАСЫ. SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME, 2(2). https://doi.org/10.5281/zenodo.10113737

Түйіндеме.

Мақалада жазушы Б.Соқпақбаевтың өмірлік тәжірибе жинақтау процесінің ерекшелігі және шығармашылық үдерістегі таланттың рөлі қарастырылады. Автор шығармашылығындағы өмірлік материал мен қиялдың арақатынасы анықталады. Сонымен қатар Б.Соқпақбаев шығармашылық зертханасының қозғаушы күштері зерделенеді. Мақала авторы әдебиетке деген сүйіспеншілік талантпен және өмірлік тәжірибемен сәтті синтезделгенде ғана шығармашылықтың қозғаушы күші ретінде әрекет ететінін атап көрсетеді.

Кілт сөздер

Шығармашылық процесс, өмір драмасы, шығармашылық зертхана, генетикалық қасиет, өмірлік тәжірибе.

Рустемова Ж. А
Ассоциированный профессор, к. ф. н.
Казахстан, г. Караганда
Карагандинский университет имени академика Е. А. Букетова

ТВОРЧЕСКАЯ ЛАБОРАТОРИЯ Б.СОКПАКБАЕВА

Аннотация.

В статье рассматриваются особенности процесса накопления жизненного опыта писателя Б.Сокпакбаев и роль таланта в творческом процессе. Определяется соотношение жизненного материала и воображения в творчестве автора. Одновременно изучаются движущие силы творческой лаборатории Б. Сокпакбаева. Автор статьи подчеркивает, что любовь к литературе выступает движущей силой творчества только тогда, когда она успешно синтезируется с талантом и жизненным опытом.

Ключевые слова:

Творческий процесс, драма жизни, творческая лаборатория, генетическая черта, жизненный опыт.

Rustemova Zh. A.
Associate Professor, Ph.D.
Kazakhstan, Karaganda
Karaganda University named after Academician E. A. Buketov

CREATIVE LABORATORY OF B. SOKPAKBAEV

Annotation.

The article discusses the features of the process of accumulating life experience of the writer B. Sokpakbaev and the role of talent in the creative process. The relationship between life material and imagination in the author's work is determined. At the same time, the driving forces of B. Sokpakbaev's creative laboratory are being studied. The author of the article emphasizes that love for literature acts as the driving force of creativity only when it is successfully synthesized with talent and life experience.

Keywords:

Creative process, drama of life, creative laboratory, genetic trait, life experience.

Кіріспе.

Әдебиеттану ғылымында «ақын-жазушылардың шығармашылық зертханасы» деген ұғым бар. Оқырмандардың қаламгерлер шығармашылық зертханасына деген қызығушылығын олардың жазушыларға арналған хаттары, оқырмандармен кездесулерде қаламгерлерге қойған сұрақтары айғақтайды.

Қызығушылықтың бірінші деңгейіндегі қызығушылық – бұл көпшіліктің кейіпкерлердің тағдыры, прототиптері туралы көбірек білуге деген ықыласы және көбінесе шығарманың аяқталуына қанағаттанбау жайты.

Екінші деңгейдегі қызығушылық күрделі және мақсатты. Бұл – жаңадан келген жазушының шеберліктің құпиясын түсінуге, шығармашылықтың техникасын меңгеруге, әдеби ортада жетістікке жетуге деген ұмтылуынан туындайтын қызығушылығы. Жас жазушылардың аудиториясында тәжірибелі жазушы әдеби шеберлік туралы сұрақтарға жиі жауап беруі керек.

Зерттеу әдістері.

Мақалада ғылыми еңбектердегі тұжырымдар мен пайымдауларды, жазушының өмірбаяны мен шығармашылық қызметі жайындағы естеліктерді талдау және жинақтау әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижелері.

Адамның жеке басын қалыптастыратын үш фактор бар: генетикалық қасиеттер, қоршаған орта және білім.

Ұлттық балалар әдебиеттінің классигі Бердібек Соқпақбаевтың шығармашылығы зертханасында осы үш фактордың өзара әрекеттесуі айқын байқалады. Зерттеу нысаны ретінде бізді соңғы екі фактор қызықтырады. Жазушы стилінің барлық ерекшеліктерінің айқындаушы бастауы, қайнар көзі – өмір. Мұны жазушының өзі баса айтады. Б.Соқпақбаев ұлттық әдебиетке соғыстан кейінгі жылдары келіп қосылды. Қайғы-қасіреттің әзілмен өзіндік үйлесімі, олардың сәтті синтезі Б.Соқпақбаев шығармаларының өзіндік әуенін, лирикалық бастауын жасайды. «Бұл жөнінде Бекеңнің өзі де былай әңгімелейді: «Бір сөзбен айтсам, сол өзін жазатын жазушы менмін. Алыстан арбалап, материал жинамаймын, архивтің шаңын жұтпаймын. Жақыннан, өз басымнан кешкенді, өзім байқап-түйгендерімді, өзімді, өз айналамды тербеткен жайттарды дорбалап жинаймын. Солар туралы жазамын. Бұл тұрғыдан алғанда тағдыр маған көп «көмектесті», құтақыр қалдырмады. Өмірде, адам басында

болатын не ғаламат жайттарды, қиын-қыстау оқиғаларды қабырғам қатпаған кезімнен-ақ менің үстіме аямай үйіп-төкті»[1,3-4].

Жазушы шығармашылығындағы әзіл-оспақ – тек күлудің қайнар көзі ғана емес, сонымен қатар азапты, лиризмді күшейтетін шара. Мұны «көз жасымен күлу» деп атауға болады. Бұған Б.Соқпақбаев шығармашылығынан мысалдарды қалағаныңызша табуға болады. Автордың жеке әсерімен байытылған өмір драмасы шығармаға енеді және оның (драманың) сюжеттің негізін құрауы мүлде қажет емес. Көбінесе ол подтексте, Б.Соқпақбаев прозасының ырғағында егжей-тегжейлі ұсталады. Бұл жағдайда таланттың жеке ерекшеліктерінің өмірлік тәжірибемен синтезі жүреді.

Жазушы шығармаларының өзіндік ерекшелігі бір кездері қазақ сыншыларының арасында дау-дамайдың нысаны болған. Алдымен ол кемшілік ретінде де қабылданған. Бүгінгі күні әдебиеттануда Б.Соқпақбаев шығармаларының формасы өзінің артықшылықтары бар және өміршең екендігі туралы пікір әдеби сында берік орнықты.

Б.Соқпақбаев шығармаларының архитектоникасы – мұқият назар аударуды қажет ететін қызықты құбылыс. Жазушы өз шығармаларының формасын оның жеке өмірінің күтпеген жағдайларға, қарама-қайшылықтарға өте бай болғандығымен түсіндіруге болады. Сондықтан жазушы шығармаларының архитектоникасы – таланттың жеке ерекшеліктерін оның өмірлік тәжірибесімен сәтті синтездеудің нәтижесі деп айтуға болады.

Жазушы әдебиетке ең алдымен балалар ақыны ретінде келді. Қаламгердің алғашқы «Бұлақ» деп аталатын өлеңдер жинағы 1950 жылы жарық көрді. Балалар әдебиетінің тарихын жасаушы қарымды қаламгер М.Әлімбаев жинақтағы өлеңдер жөнінде былай деген екен: «Сол тұстағы балалар ақындары қолынан шыққан өлеңдердің ең үздігі де, көрнектісі де, мәдениеттісі де Б.Соқпақбаев жырлары екенін сол кітапша күдіксіз дәлелдеп берді. Әсіресе, «Мысық» деген тақпағы маған қатты ұнайтын. Мектеп шәкірттері сахнадан жиі-жиі оқитын. Автордың өлең-жырларының дені оқиғалы, тартысты әрі ықшам қайырылған. Сол себепті кішкентай оқырмандар қызыға оқитын... Кезінде осы кітаптың ұстаздық тағылымын жете бағаламағанымызға өкініш білдіру - парыз» [2,21].

Б.Соқпақбаев шығармашылық жолын балаларға өлең жазумен бастағанымен, кейіннен прозаға түбегейлі ауысты. Оның қаламынан балаларға арналған «Алыстағы ауылда» повесі(1953), «Он алты жасар чемпион» повесі(1957), «Менің атым Қожа» повесі повесі(1957), «Балалық шаққа саяхат» повесі(1960), «Аяжан» повесі(1963), «Ергежейлі еліне саяхат» повесі(1966) хикаяттары туды.

1953 жылы жарық көрген «Бақыт жолында» атты тұңғыш әңгімелер жинағына әдебиеттанушылар, сыншылар жоғары баға берді. «Бұрын балаларға арнап көптеген қызғылықты да татымды шығармалар жазған Б.Соқпақбаев көркем әңгіме тудыруға да өзінің ысылып қалғандығын, кемелдену жолында келе жатқанын танытады. Соңғы кезде ол тақырып кеңдігіне ұмтылып жүр. Оның «Бекен», «Ортақ қуаныш», «Нағашы» сияқты әңгімелері нәрлі идеясымен де, көркемдік құнарлығымен де назар аударады. Жас жазушы құйтұрқы, шытырман ситуациялар іздеп жатпайды, қарапайым оқиғалардан да көңіл аударарлық, ой саларлық мағына бере біледі»-деп айтқан екен сыншы А.Нұрқатов.

Нәтижелерді талқылау.

Жазушының өмірлік тәжірибесі сюжетте ғана емес, сонымен қатар көркем шығарманың барлық ерекшеліктерінде де көрініс табады. Жазушының өмірбаяны – оның шығармашылығының ерекшелігін анықтайтын фактор.

Жазушының зертханасында өмірдің негізгі принциптері, өмірлік тәжірибені өзіндік қабылдау тақырыптың ерекшелігіне, идеяның өзіндік ерекшелігіне, стильдің бірегейлігіне айналатындығын, оқиғалардың динамикасы мен драмасын анықтайтындығын дәлелдейтін көптеген дәлелдер бар.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Жазушының қаламының ерекшелігі шытырман оқиғалы сюжеттен, сыртқы әрекеттер динамикасынан бас тартушылық байқалады. Оның стилінде ішкі қақтығыстар басым. Б.Соқпақбаев тоталитарлық жүйенің жағдайында уақыт ағымына бейімделмеді, қаламына адал болды. «Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа», «Балалық шаққа саяхат», «Өлгендер қайтып келмейді» атты туындыларының өз кезіндегі әдебиеттің әрі саяси, әрі рухани платформасына – өмірдегі әлеуметтік-қоғамдық тіршіліктің күнгей жақтарын мейлінше жалтыратып, мейлінше әсірелеп, мейлінше боямалап, кеңестік жұмақтың мейлінше мамыражай, мейлінше тартыссыз орнағанын, сөйтіп социалистік құрылымның – жаңа қоғамның әлеуметтік озық қасиеттерін алақайлатып-дуылдатып, лепірте ұрандатып – лепірте аспандатып көрсету мақсатына үш қайнаса сорпасы қосылмайтын»[3, 48].

Өмірлік тәжірибе роман жасау үшін қажетті шарт болып табылады. «Өлгендер қайтып келмейді» романының интригаларға негізделген сюжетін автор өзінің жеке тәжірибесінің арқасында жасайды. Бұл жеке тәжірибе ең нәзік қақтығыстарды, адами қарым-қатынастың күрделілігін түсінуге мүмкіндік береді.

Б.Соқпақбаевтың шығармашылық зертханасы – қазақ әдебиетіндегі бірегей құбылыс. Оның бірегейлігі стильдің өзіндік ерекшелігімен, талант дәрежесімен ғана емес, сонымен қатар осы зертхананың қалыптасу ерекшеліктерімен де анықталады. Кейбір жазушылар роман жазу үшін мақсатты түрде тәжірибе жинайды. Мәселен, археологиялық экспедицияларға арнайы қатысады немесе белгілі бір өлкеге саяхат жасайды. Б.Соқпақбаевты роман жазу үшін мақсатты түрде тәжірибе жинақтады деп айта алмаймыз. «Жазушының көбірек тер төгіп, көп ізденіп жазған күрделі де көлемді туындысы – «Өлгендер қайтып келмейді» романы[...]Аталмыш роман боямасыз ашық та айқын шындыққа, психологиялық анализге бай шығармалардың бірі. Айта қаларлықтай шым-шытырық оқиғалары көп болмағанымен шығарма өткір тартыстарға толы»[1,14-15].

Қорытындылар.

Сонымен ұлттық балалар әдебиетінің классигі Б.Соқпақбаевтың шығармашылық зертханасына тоқтала отырып, біз оның шығармашылық тәжірибесінің қалай қалыптасқанын және шығармашылық тәжірибе ерекшеліктерінің көркем шығарма стилінің өзіндік ерекшелігіне әсер еткенін байқадық. Суреткердің шеберханасы шығармашылық тәжірибені қалыптастыру тұрғысынан да ғибратты. Б.Соқпақбаевтың шығармашылық өмірбаянының мысалында біз өмірлік тәжірибенің жазушының жеке басын қалыптастырғанын пайымдадық. Жазушының тәжірибесі – сюжеттің негізі емес, көркем шығарманың барлық ерекшеліктерін қалыптастыратын күш. Қаламгер романы мен повестерінің тілі де, формасы да, архитектоникасы да – өмірлік тәжірибенің нәтижесі.

Әдебиеттер тізімі

1. Мәмесейіт Т.Таным таразысы. –Астана: «Нұра-Астана», 2015. -344 б.
2. Адаева Е.С. Прозалық мәтінді талқылау тәсілдері:оқу құралы. –Алматы:Қазақ университеті, 2013. -153 б.
3. Жұмабек С. Сын симфониясы. –Алматы: «Алатау» баспа-полиграфиялық корпорациясы, -368 б.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIMES»
(VOLUME 2 ISSUE 2, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

«СОВРЕМЕННЫЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ТЕХНОЛОГИИ: ИЗ ОПЫТА ВНЕДРЕНИЯ»

Базарбаева Саруар Оразовна
Букырь Юлия Викторовна
КГКП"Высший строительно-экономический колледж"

https://doi.org/10.5281/zenodo.10113767

To Cite: Базарбаева Саруар Оразовна, & Букырь Юлия Викторовна. (2023). СОВРЕМЕННЫЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ТЕХНОЛОГИИ: ИЗ ОПЫТА ВНЕДРЕНИЯ. SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME, 2(2). https://doi.org/10.5281/zenodo.10113767

Аннотация

Дамыған елдердің қазіргі жағдайы, олардың білімді, сауатты қоғам құруға ұмтылысы біздің еліміздің алдына қазақстандық білім беруді бітірушілерді даярлау сапасының әлемдік стандарттарына сәйкес жаңғыртудың күрделі міндеттерін қойып отыр. Қазақстанның білім беру жүйесі қазіргі уақытта оны реформалау бойынша белсенділіктің жоғарылауымен сипатталады. Техникалық білім беруді жетілдіру міндеті қоғамдық дамудың әртүрлі кезеңдерінде өзектілігін жоғалтпайды.

Аннотация

Современное состояние развитых стран, их стремления к созданию образованного, грамотного общества, выдвигает перед нашей страной непростую задачу модернизации казахстанского образования в соответствии с общемировыми стандартами качества подготовки выпускников. Система образования в Казахстане в настоящее время характеризуется всплеском активности по ее реформированию. Задача совершенствования технического образования не теряет своей актуальности на различных этапах развития общества. [1.стр.3]

Annotation

The current state of developed countries, their aspirations to create an educated, literate society, puts before our country a difficult task of modernizing Kazakhstan's education in accordance with global standards of quality of graduate training. The education system in Kazakhstan is currently characterized by a surge of activity to reform it. The task of improving technical education does not lose its relevance at various stages of society's development.

Негізгі сөздер: білім, инновация, әдістеме, оқыту, кәсіби құзыреттіліктер, пәндер, технологиялар.

Ключевые слова: образование, инновации, методика, обучение, профессиональные компетенции, дисциплины, технологии.

Key words: education, innovation, methodology, training, professional competencies, disciplines, technologies.

В настоящее время в сфере технического и профессионального образования внедряется большое количество инновационных технологий различного характера, направленности и значимости. [4.стр.20]

Сегодня в процессе обучения должны сформироваться не только профессиональные и общие компетенции, но и пробудиться стремление к самообразованию, реализации своих способностей. Выпускники колледжа должны быть мобильными, конкурентоспособными, уметь профессионально находить себя в постоянно изменяющихся внешних условиях.[6.стр.11]

Задача современного преподавателя сегодня состоит в том, чтобы подготовить студентов к переходу в информационное общество с высоким социально-экономическим, политическим и культурным развитием.[2.стр.10]

В своей практике наряду с традиционными методами преподавания, такими как лекции, самостоятельная работа студентов, я стараюсь широко использовать и нетрадиционные методы. Современные педагогические технологии позволяют повышать уровень образования, интеллектуально развивают студентов, формируют у них навыки и умения, которые будут использоваться ими в дальнейшей профессиональной деятельности и помогают реализовывают творческие возможности.

Так, лекционные занятия проводятся в форме лекции-беседы с элементами дискуссии, обменом мнениями, мозговым штурмом, что позволяет привлечь студентов в беседе, к коллективному исследованию проблемы, обмену мнениями. Здесь же можно использовать элемент «Обзор прессы», что подразумевает ознакомление с последними новостями из мира экономики, бизнес-процессов, что безусловно вовлекает студентов в изучение новшеств учетных дисциплин. Занятие «Обзор прессы» также предполагает дискуссионную работу, за счет чего у студентов также повышается творческий и научный интерес к конкретной дисциплине.

Использование метода Кейса хорошо подходит при описании сложной производственной ситуации с сопутствующими фактами, понимание которой требует ее разделения на отдельные части, а затем — анализ каждой части и объединение выводов для получения целостной ситуации.

Например, при изучении темы «Учет финансовой отчетности», анализируются статьи расходов и доходов, выводится результат. Применение метода анализа ситуаций способствует усовершенствованию аналитического мышления студентов. Итогом являются не только знания, но и навыки профессиональной деятельности.

В качестве инноваций в преподавании специальных дисциплин применяется метод проектов. Данный метод предполагает овладение технологией презентации различных творческих работ (производственных отчетов, курсовых работ, рефератов, докладов на профессионально ориентированные темы). Метод проектов относится к исследовательским. В его основе лежит развитие познавательных навыков студентов, умений самостоятельно конструировать свои знания, ориентироваться в информационном пространстве, развитие критического мышления и творческих способностей. Наряду с этим, рассматриваются бизнес-идеи, бизнес-планы, которые также разрабатываются самими студентами. На сегодняшний день молодёжное предпринимательство должно являться одним из приоритетных направлений развития малого и среднего бизнеса в Казахстане. Формирование предпринимательской инициативы – одна из приоритетных задач современных учебных заведений. [5.стр.1]

К распространенным технологиям в преподавании специальных дисциплин можно отнести различные игры: деловые, рефлексивные игры по формированию инновационного мышления эффективные при изучении сложного и объемного материала. Группу студентов

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

можно разбить на небольшие подгруппы (по 5-7 человек) и предложить на рассмотрение производственные ситуации. Например, по дисциплине "Финансовый учет" по теме «Учет труда и его оплаты», необходимо произвести расчет оплаты труда, начисления удержаний и отчислений от начисленной заработной платы. При этом, в каждой группе определяются роли: главный бухгалтер, бухгалтера-расчетчики, кассир, каждый из них выполняет свою функцию. Преимуществами этого метода является не только закрепление материала, умение использовать знания по межпредметным связям, в данном случае вторым предметом является "Налоги налогообложение", но и развитие коммуникативных способностей, командный дух, самостоятельное мышление.

Эта состязательная игра может иметь название «Фабрика-специалистов». Проверив решение каждой команды, подводя итоги в конце занятия, преподаватель отмечает студентов, которые справились на данный момент времени лучше всех и отмечает у себя в журнале, ставит баллы.

Оснащенность кабинета мультимедийным комплексом, интерактивной доской и презентационными материалами позволяет проводить занятия на высоком профессиональном уровне, моделировать конкретные производственные ситуации, приближая образовательный процесс к реальным условиям практической работы. В учебном процессе используются по ведущим дисциплинам финансово-экономические пакеты программ 1С: Предприятие версии 8,3, графические редакторы (Corel Draw, Photoshop и Macromedia Flash).

Прежде, чем начать выполнение самостоятельной работы по предмету «Автоматизация бухгалтерского учета по программе 1С:Бухгалтерия, версия 8.3» демонстрируются по соответствующей теме видео-аудио-ролики. Студенты, опираясь на имеющиеся знания, прослушав и посмотрев видеоролик, уверенно приступают к работе в программе "1С:Бухгалтерия для Казахстана".

На сегодняшний день изменились подходы к изучению иностранного языка. Язык рассматривается как основной инструмент для получения качественных знаний, отвечающих международным требованиям. [4.стр.2]

Одним из таких подходов является предметно-языковое интегрированное обучение (CLIL). CLIL преследует две цели, а именно – изучение предмета посредством иностранного языка, и иностранного языка через преподаваемый предмет.

Как элемент методики CLIL часто применяю на уроках финансового учета. Фрагмент урока по теме " Учет кассовых операций".

Основные понятия по теме повторим, повторяя за преподавателем методом «Эхо» /Методика CLIL/ на английском языке.

Русский язык	**Казахский язык**	**Английский язык**
Денежные средства	Ақша қаражаттары	Money 
Приходный кассовый ордер	Кіріс кассалық ордері	Cash receipt order 

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Расходный кассовый ордер	Шығыс кассалық ордері	Cash expense order 
Кассовая книга	Кассалық кітап	Cash book 
Кассир	Кассир	Cashier 

Выделяется главное, то есть восприятие информации как важный этап усвоения материала. От него зависит правильное формирование понятий, осознания их сути. Красочно иллюстрированный материал лучше усваивается и запоминается. Для обработки красочных изображений используют редактор Photoshop pro.

Одним из наиболее эффективных методов расширения и глобализации образовательного пространства в современном мире является развитие система дистанционного образования, т.е. возможности реализации образовательного процесса в условиях, когда обучающиеся используют для взаимодействия и реализации образовательного процесса современные информационные технологии и телекоммуникационные сети.

Система электронного обучения «Sova», целью которой является развитие качественных образовательных ресурсов и услуг, а также обеспечение равного доступа к ним на основе использования информационно-коммуникационных технологий. Это специальная программа дает возможность студентам участвовать в тестировании «ойнлайн» по спецдисциплинам.

Важной задачей современного технического и профессионального образования является эффективная реализация практико-ориентированного обучения.

В Высшем строительно-экономическом колледже практическому обучению уделяется большое внимание, целью которого является помочь студенту добыть и применить полученные теоретические знания, научиться самостоятельно решать проблемы, адаптироваться в современных условиях.

Учитывая выше сказанное, после завершения учетных дисциплин мною проводятся занятия - «Большая пресс-конференция» или «Актуальное интервью» с участием специалиста из реальной профессиональной среды. Студенты всегда с интересом и азартом задают вопросы бухгалтерам, экономистам, предпринимателям. Во время такой формы проведения занятия студент может узнать достаточное количество тонкостей в своей будущей профессии.

Таким образом, инновационные технологии создают благоприятную образовательную среду для проведения эффективных учебных занятий, предоставляя педагогам возможность соблюдения следующих основополагающих постулатов современного обучения:

- студент не должен получать всю информацию в готовом виде, в противном случае через пару таких занятий его познавательная активность станет близка к нулю;
- на учебном занятии нельзя использовать только одну форму работы;

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

- смысл и цель педагогических инноваций заключается в осуществлении нового видения методологии обучения, привлечении новых методов, технологий, мультимедийных средств обучения в интересах развития личности будущего специалиста. [7.стр.328]

Подводя итог, можно отметить, что эффективность применения современных педагогических технологий преподавания специальных дисциплин очевидна.

Список литературы:

1. Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2020 - 2025 годы;

2. Постановление Правительства Республики Казахстан от 25 апреля 2015 года № 327, и от 15 августа 2017 года

№ 1080 «Об утверждении государственных общеобязательных стандартов образования соответствующих уровней образования.

3. Государственная программа «Цифровой Казахстан» (Постановление Правительства РК №827 от 12.12.2017);

4. Программная статья Первого Президента РК Нурсултана Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания».12.04.2017г.

Программа трехъязычия — это часть подготовки нации к жизни в 21 веке

5. Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана «Конструктивный общественный диалог – основа стабильности и процветания Казахстана», 2 сентября 2019;

6. Закон РК «Об образовании», 2007г. (с дополнениями и изменениями по состоянию на 24.11.2015):

7. Осин, А.В. //Открытые образовательные модульные мультимедиа системы // – Москва: Агентство «Издательский сервис», 2015. - 328 с.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIMES»
(VOLUME 2 ISSUE 2, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Жаһандану дағдарысы және елімізді орнықты дамытудың экономикалық аспектілері

Кадыров Б.К.
PhD, М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті,
Экономикалық факультетінің ғылыми тағылымдама бойынша тыңдаушы,
Халықаралық «Болашақ» бағдарламасы стипендияты

https://doi.org/10.5281/zenodo.10113799

To Cite: Кадыров Б.К. (2023). Жаһандану дағдарысы және елімізді орнықты дамытудың экономикалық аспектілері. SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME, 2(2). https://doi.org/10.5281/zenodo.10113799

Аннотация

Ғылыми мақалада жаһандану жағдайында нарықтық экономиканың осы қалыпта одан әрі дамуы мүмкін емес екндігі қарастырылып, орнықты даму, яғни экологиялық факторларды ескере отыра жаңа экономикалық бағыттарды енгізу қажеттігі ұсынылған. Ғалымдардың, әртүрлі экономикалық мектеп өкілдерінің жаһандану процесі және тұрақты даму бойынша бірқатар ғылыми жұмыстарына салыстырмалы талдау жүргізілген. Қазақстан мысалында нақты мәліметтер зерттеліп, кемшіліктер анықталып, сәйкес кеңес етулер мен жетілдіру жолдары ұсынылған.

Кілт сөздер: жаһандану, орнықты даму, экономика, орнықты даму мақсаттары, дағдарыс, экологиялық факторлар, қоршаған орта

Аннотация

В научной статье рассматривается невозможность дальнейшего ресурсного развития рыночной экономики в современных условиях, необходимость внедрения новых экономических направлений с учетом экологических факторов устойчивого развития. Проведен сравнительный анализ ряда научных работ ученых, представителей разных экономических школ по процессу глобализации и устойчивому развитию. На примере Казахстана изучены фактические данные состояния экономики, определены недостатки, предложены соответствующие рекомендации и пути совершенствования.

Ключевые слова: глобализация, устойчивое развитие, экономика, цели устойчивого развития, кризис, экологические факторы, окружающая среда

Annotation

The scientific article considers the impossibility of further resource development of the market economy in modern conditions, the need to introduce new economic directions, taking into account environmental factors of sustainable development. A comparative analysis of a number of scientific papers of scientists, representatives of different economic schools on the process of globalization and sustainable development is carried out. On the example of Kazakhstan, the actual data were studied, shortcomings were identified, appropriate recommendations and ways of improvement were proposed.

Keywords: globalization, sustainable development, economy, sustainable development goals, crisis, environmental factors, environment

Тек пайданы барынша арттыруға және шығындарды азайтуға бағытталған, басқа іргелі негіздері жоқ экономиканың ұзақ мерзімді жаһандық дамуы табиғи, әлеуметтік және тіпті рухани ортаның елеулі деградациясына әкелді. Экологиялық проблемалар, жаһандық климаттың өзгеруі, әлеуметтік және гендерлік теңсіздік - XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басындағы елдер, корпорациялар мен адамдар үшін шиеленіскен жүйелік дағдарыстар мен жаһандық сын - қатерлердің бір бөлігі ғана. Бұл қақтығыс әлемге деген жаһандық көзқарасты қайта қарауға және орнықты дамудың маңыздылығын түсінуге әкелді.[1]

Бүгінгі күнде әлемде даму саясатының нақты екі векторы анықталып отыр. Біріншіден – ол бүгінгі күні басымдыққа ие жаһандану процессі болса, екіншісі - әлемдік қауымдастық ресми түрде мойындаған, бірақ әлі күнге дейін шынайы өмірде толыққанды жүзеге асырудан өте алыс принцип ретіндегі - орнықты даму. Осыған байланысты жаһанданудың орнықты даму принциптерімен байланысын, және өз кезегінде бұл принцип жаһанданудың жағымсыз әлеуметтік салдарына жауап ретінде пайда болған жаңа наразылық қозғалыстарымен қалай байланысты екенін анықтау өте маңызды. [2]

50-60 жылдардағы неолибералдық теориялар дамуды басым түрде өсумен анықтады. Экономикалық өсу ол кезде негізгі болып табылып, дамудың басты көрсеткіші, қозғалтқышы ретінде қарастырылды.

Өсу саясаты «төменге сырғу» қағидаты бойынша жалпы әл - ауқаттың артуына әкелуі керек деп күтілген. Нәтижелер күткенге қарама-қайшы болды. Керісінше «жоғарығы қарай сырғу» қағидаты орын алып - байлар одан әрі байыды, кедейлер абсолютті немесе салыстырмалы түрде кедейленді.

Бүгінде, әлемде шамамен 1,2 миллиард адам «көп өлшемді кедейлік» жағдайында өмір сүреді. Бұл дегеніміз, олар бір адамға күніне 1,9 доллардан аз келетін табысқа ие, көбінесе қажет, ең қарапайым инфрақұрылыммен қамтамасыз етілмеген (м-ы: дәретхана, ауыз су құбырлары тартылмаған), қажет дәрі-дәрмек, медициналық қызмет, білім алу мүмкіндіктерінен айырылған.[3]

Қалыптасқан неолибералдық үлгінің залалдығын батыс бойынша модернизациялау мен индустриаландырудың экологиялық салдарынан да мысал ретінде көруге болады. Яғни табиғи ортаға антропогендік әсер ету деңгейінің артып кетуі салдарынан табиғи тұрақтану, регенерациялану механизмдеріне негізделген қоршаған орта, тепе – теңдікті сақтау қабілетінен айрылды.

Осындай дамудың дәстүрлі типтегі дағдарысы, өсу шегін түйсіну мен экологиялық апат қаупінің артуы жаңа балама экономикалық модель іздеуге түрткі болды. [4]

Туындап отырған қазіргі экологиялық проблемалар белгілі бір дәрежеде экономикалық ой-ілімнің артта қалуынан да деп білеміз. Экономикалық ғылымның классиктері А.Смит және Д.Рикардо, олардан кейінгі экономикалық мектептер мен ғалымдар да экономикалық дамудың экологиялық шектеулеріне аса мән берген жоқ.

Тек, XX ғасырдың 70-ші жылдарынын бастап қана, ал біздің елімізде 1990 жылдан бері, экологиялық-экономикалық дамудың жаңа концепциялары жасала бастады. Экологиялық шиеленістің күшейуі, алдағы уақытта экономиканың фронтальді дамуының қауіптілігі көптеген елдерді экологиялық факторларды ескеруге әрекет жасауға мәжбүрледі, табиғатты қорғауға байланысты мемлекеттік құрылымдар, арнайы нормативтік құжаттар пайда бола бастады (мысалы, "Қоршаған ортаны қорғау туралы" заң Ресей Федерациясында 1991 жылы, Қазақстан Республикасыдында 1997 жылдары қабылданды, табиғатты қорғау бойынша халықаралық ұйымдармен байланыс орнатыла бастады). [5]

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Жоғарыда талданған зерттеу нәтижелерін ескере келе қазіргі қолданыстағы нарықтық сипаттағы дәстүрлі экономикалық үлгінің даму шегіне жетіп, экологиялық факторларды ескере отырыра орнықты дамуға көшудің жаңа модельдерін енгізіп одан әрі дамытудан басқа балама жоқ екеніне көзіміз жетіп отыр.

Ендеше, осы орнықты даму концепциясын біраз толығырақ ашып өтсек, бұл қандай жаңа бағыт?

«Орнықты даму» түсінігін әлемдік ғылым мен саясатқа БҰҰ Бас ассамблеясымен 1984 жылы құрылған қоршаған орта және даму бойынша Халықаралық комиссиясы енгізген. Норвегия Премьер-Министрі Гру Харлем Брунтландтың жетекшілігімен әртүрлі елдердің қоғам қайраткерлері мен ғалымдарының тобы қоршаған орта және адам дамуы мәселелерін ұзақ жылдар бойы зерттеу нәтижелері бойынша "Біздің ортақ болашағымыз" атты баяндама дайындады , онда әлеуметтік, экономикалық және экологиялық тепе-теңдік жағдайында орнықты даму тұжырымдамасы алғаш рет ұсынылды.

«Біздің ортақ болашағымыз» баяндамасында орнықты даму «қазіргі уақыт қажеттіліктерін қанағаттандыратын, бірақ болашақ ұрпақтың өз қажеттіліктерін қанағаттандыру қабілетіне нұқсан келтірмейтін даму» ретінде анықталған.

Баяндамада көрсетілгендей: «экономиканың және қоғамның прогрессивті өзгеруі дамумен тығыз байланысты; ресурстарға қол жетімділіктің өзгеруі және халықтың әртүрлі топтары арасында шығындар мен кірістерді бөлу сияқты мәселелерге даму саясатын әзірлеу кезінде назар аударылған жағдайда ғана орнықтылықты қамтамасыз етуге болады. Кедейлік пен әділетсіздік өркендеген әлем, әрқашан экологиялық және басқа дағдарыстарға ұшырайды» - делінген. [6]

Осыдан көріп отырғанымыздай, кедейлік, әділеттілік, экологиялық сияқты мәселелермен күрес орнықтылықты қамтамасыз етудің негізгі факторы болып табылады. Дана халқымызда жақсы нақыл сөз бар: «Әділдік, халықтың тыныштығы мен тәртібі, ал басшылардың сәні мен көркі» – деген. Бүгінде, елімізде мемлекет пен қоғамның трансформациясы, экономиканың жаңа модельдерге бет бұруға әрекет жасауы байқалады, атап айтар болсақ - ел президентінің Қазақстан халқына жолдаулары: 2022 жылдың 16 сәуіріндегі «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» (бұл жолдауда халыққа қажетті реформаларды жүзеге асыру бағыттары айқындалып, тәуелсіз 30 жылда жіберілген қателіктерді жоюдың қажеттіліктері айқындалды); 2023 жылдың 1 қыркүйегіндегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» (басм түрде елдің әлеуметтік – экономикалық мәселелеріне бағытталды, жаңа қазақстандық экономикалық саясатты жүзеге асыруға негізделіп, қажет құрылымдық өзгерістер жасау ұсынылды); "Қазақстан - 2050" Стратегиясында: «2030 жылғы Қазақстан таза ауасы мен мөлдір суы бар таза және жасыл ел болуға тиіс. Өнеркәсіптік қалдықтар мен радиация енді біздің үйлеріміз бен бақтарымызға кіре алмайды. Біздің балаларымыз бен балаларымыздың балалары салауатты жағдайда толыққанды өмір сүреді» - деп жазылған [7]


Бүгінде Қазақстан Республикасы әлемдік қоғамдастықтың толыққанды қатысушысы ретінде «XXI ғасырға арналған күн тәртібінде» (Рио-де-Жанейро, 1992 жыл) және Мыңжылдық Саммиттің (Нью-Йорк, 2000 жыл) және Орнықты Даму жөніндегі Әлемдік Самитің (2002 жыл, Йоханнесбург) декларацияларында қойылған міндеттерді орындау жөніндегі міндеттемелерді өзіне қабылдады. Қазақстан Республикасы орнықты дамуға қол жеткізу бағытында бірқатар шаралар қолданды.[8]

Нақтырақ айтсақ, 2021 жылы «Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған орнықты экономикалық өсу» (2021-2025 жж), «Жасыл Қазақстан» (2021-2025 жж) ұлттық жобалары, Қазақстан Республикасының 2006-2024 жылдарға арналған орнықты даму тұжырымдамасы, Қоршаған ортаны қорғау туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

15 шілдедегі № 160-I Заңы (2006 ж күшін жойды) қабылданып, сәйкес іс – шаралар жүзеге асырыла бастады.

ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Экономикалық зерттеулер институты (ERI) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау құжаттары жүйесіндегі орнықты даму мақсаттары мен міндеттерінің интеграциясын бағалады (жалпы саны 17) (Сурет 1).



Сурет 1. Орнықты даму мақсаттарының (ОДМ) ҚР мемлекеттік жоспарлау құжаттарының жүйесіне (МЖҚЖ) интеграциясы (2022 жылғы жағдай бойынша)

Осы бағалау негізінде ОДМ 4 санатқа бөлуге болады:

Толық қамту: ОДМ 2. "Аштықты жою" (100%), ОДМ 3. "Жақсы денсаулық және әл-ауқат" (100%), ОДМ 4. "Сапалы білім беру" (100%), ОДМ 7. "Қымбат емес және таза энергия"(100%), ОДМ 9. "Индустриаландыру, инновациялар, инфрақұрылым"(100%), ОДМ 11. "Тұрақты қалалар және елді мекендер" (100%);

Жоғары қамту: ОДМ 8. "Лайықты жұмыс және экономикалық өсу" (91,7%), ОДМ 16. "Бейбітшілік және сот әділдігі" (91,7%), ОДМ 12. "Жауапты тұтыну және өндіріс "(90,9 %);

Салыстырмалы түрде жоғары қамту: ОДМ 1. "Кедейлікті жою"(85,7%), ОДМ 6. "Таза су және санитария"(87,5%), ОДМ 10. "Теңсіздікті қысқарту" (80%).

ОДМ орташа және төмен қамту: ОДМ 5. "Гендерлік теңдік" (77,8%), ОДМ 17. "Орнықты даму үшін серіктестік" (73,7%), ОДМ 13. "Климаттың өзгеруімен күрес" (60%), ОДМ 15. "Құрлық экожүйелерін сақтау" (25%), ОДМ 14. "Теңіз экожүйелерін сақтау" (10%).[9]

Осы жүргізілген мониторинг, еліміздің мемлекеттік жоспарлау құжаттарының жүйесінде орнықты даму мақсаттары қарастырылып, атқару межелері анықталғанын көрсетеді.

Реформа, сол реформа жасау үшін ғана емес, нақты, өзекті мәселелерді шешу үшін, халықтың әл – ауқатын көтеру үшін жасалуы тиіс.

БҰҰ-на ұсынылатын жыл сайынғы берілетін Қазақстанның орнықты даму стаистикасы барлық межелер бойынша оң динамиканың бар екендігін көрсетеді. Бірақ, нақты жағдай аумақтар бойынша ұсынылған статистика мәліметтеріне сәйкес келмеуде. Себебін

болжамдап айтсақ, өңірдегі нақты ахуалдың толық қамтылмауы, немесе Халықаралық ұйымдар талаптарына сәйкес болу үшін, және жылдар бойынша жетуге тиіс мемлекеттік стратегиялық мақсаттар сандарымен манипуляция жасау, сол көрсеткіштерге қалайда өтірік – шыны аралас сәйкес болуға тырысу, жоспарланған статистиканы бұзбау. Әрине, кейбір бағыттар бойынша расында оң нәтижелер бар (өмір сүрудің орта жасының артуы, денсаулық сақтау саласы, білім беру және тб. секілді), бірақ, бұдан орнықты даму жолына түстік деп айта алмаймыз (жауапты тұтыну, балама энергия, қоршаған ортаны қорғау, қалдықтармен күрес тб. бағыттар бойынаша жалпы көзге көрінер өзгеріс байқалмайды).

Мақаламыздың жоғары бөлігінде атап өткеніміздей, ұсынылып отырған қазақстандық жаңа экономикалық модель экстенсивті бағытта, сол ескі фронтальді экономика жолымен қалуда.

«Қарапайым заттар экономикасы» деген ұғым бар, экономиканы дамыту сол қарапайым заттардан бастау алу қажет.

Алғашында шикізат бағытында дамып кейін өңдеуші секторға, отандық тауарды импорттауға көшкен көптеген елдерді мысал ретінде келтіруге болады: Сингапур, Біріккен Араб әмірліктері, Жапония, Катар және с.с. Біздің елімізде, өндіруші саладан – өңдеуші салаға өту күрделі, қарама-қайшылықты жағдайда. Әлі күнге дейін заманауи, орнықты дамуды айтпағанда, жаһандық талаптарға дайын емеспіз, экономикада сәйкес инфрақұрылым жеткіліксіз. Өткен 30 жыл тәуелсіздік жылдарында елімізде ауқымды, аты зор жобалар жетіп артылды, үлкен пәрменмен ашылып, кейін құрдымға кетті, бөлінген қаражат ысырап болды. Бірнеше мысал келтіруге болады, осыдан бірнеше жыл бұрын «Корпоративті 30 көшбасшы» жобасы бастау алған болатын, өкініштісі сол экономикамыздың локомативіне айналуы тиіс сол кәсіпорындар бүгінде не бары, не жоғы екені белгісіз, тиімділік қайтымы көрінбейді.

2000 жылдардан бергі уақыттарда Қазақстанда орнықты дауға негіз боатын бірнеше өндірістік орындар ашылды, оларға қыруар ақша қаражаты бөлінгеннен бұрын оларға елімізде сапалы өнім шығарады, инновацияны дамытуды тездетеді деген үміт артылған болатын. «Каспий электроникс» инновациялық жобасы Ақтау қаласында 2011 жылы салтанатты түрде ашылған. Завод планшет пен плазмалық телевизорлар өндірісімен айналысуы керек болатын. Жобаны жүзеге асыруға бюджеттен 800 млн.тн. бөлінген. Жылына 67 мың планшет, компьютер, 40 мың теледидар, 43 мың мониторлар шығарылады деп жоспарланған. 2013 жылы белгісіз себептермен зауыт шығынға батып, жабылып тынған. Тергеу нәтижелері көрсеткендей зауытқа небәрі 20 млн теңге ғана түскендігі анықталған, қалған қаражат ізім-ғайым жоқ. Ең сорақысы бұл зауытта бірде – бір жоғарыда аталған өнімдер жасалмаған. Алайықтық жасалмағанда бұл заут 30 жылда бүкіл Қазақстанды отандық өнім планшеттерімен қамтамасыз ететін еді.

2006 жылы Солтүстік Қазақстанда «Биохим зауыты» салтанатты ашылды. Бұл ТМД елдерінде баламасы жоқ деп дәріптелген бірден – бір кәсіпорынға бюджеттен 88,6 млн. АҚШ доллары жұмсалған. Бұл кәсіпорынға жүктелген міндеттер көп еді (жылына 27,0 мың тонна ашытқы, 25 600 мың тонна көмірқышқыл газын, 58,0 мың тонна ұн өндіріледі деп жоспарланған), алайда 2012 жылы сот кәсіпорынның банкротқа ұшырап жабылғанын хабарлады.

2011 жылы Қарағанды облысында ұшақ шығаратын «КазАвиаСпектр» зауыты елбасының қатысуымен салтанатты түрде ашылды. Жалпы жоба құны 1,6 млрд тн. құрады. Ресей мемлекетінің серіктес компаниясы керекті жабдықтарды уақытында жеткізбеді деген сылтаумен 5 жылға созылған дау соңында, бірде – бір ұшақ шығармай компания жабылып тынды. Міне айта берсе мысал жетерлік. Осындай жемқорлық әрекеттері мен кәсібилік деңгейдің төмендігі елімізде жаңа жаңғырған экономиканы қайдан қалыптасырады.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Осы секілді, қзіргі уақытта орнықты дамуды қалыптастыру, жаңа экономикалық модельге көшу, экономиканының экологиялық аспектілеріне басымдық беру туралы іргелі жобалар, ауқымды істер қолға алынуда. Дегенмен, сырт көзге солай көрінгенімен, өзімізді өзміз алдап жүрген сияқтымыз. Орнықты дамудың басты принципі қоршаған ортаға зиян келтірмей, болашақ ұрпақтың өз қажеттілігін қамтамасыз ете алуына жағдай жасау. Бірақ, осыны түйсініп жаұмыс жасап жатқандар санаулы, басым түрде жекеменшік секторында ғана емес, мемлекеттік құрылымдарда да әлемге белгілі құбылыс «гринвошинг» үрдісі белең алған секілді, яғни «компаниялар ақшаны экоимиджге жұмсайтын, бірақ қоршаған ортаға теріс әсерді азайту үшін ештеңе жасамайтын маркетингтік қадам».[10]

Еліміз үшін негізгі сын – қатерлер мен оларды еңсеру бағыты ҚР Президентінің кезекті жлдауында нақты айқындалған: «Қазір әлемде геосаяси ахуал ушығып тұр. Соған қарамастан, ел экономикасының негізгі бағыттары бойынша көрсеткіштер өсті (басым түрде сол экстенсивті, шикізатты сату есебінен). Барлық жерде ресурстар үшін талас жүріп жатыр. Климаттың өзгеруі, азық-түлік қауіпсіздігі және демографиялық тұрғыдан орнықты даму ең өзекті мәселеге айналды. Бір сөзбен айтқанда, адамзат тарихында бұрын-соңды болмаған сын-қатерлер мен түбегейлі өзгерістер дәуірі басталды.

Бүгінде жаһандық экономика және халықаралық еңбек нарығы түбегейлі өзгеруде. Технологиялық бәсеке қызып тұр. Барлық жерде ресурстар үшін талас жүріп жатыр.

Осындай аса маңызды шақта қажет экономикалық серпіліс жасауға еліміздің мүмкіндігі бар. Ол үшін біз біртіндеп жаңа экономикалық үлгіге өтуіміз керек. Бұл жұмысты батыл жүргізуіміз қажет. Басты мақсат – қағаз жүзіндегі биік жетістіктерге қол жеткізу емес, шын мәнінде халықтың тұрмыс сапасын жақсарту болуға тиіс».[11]

Экологиялық басымдық таяу болашақта радикалды экономикалық, құрылымдық-технологиялық өзгерістерге, дәстүрлі секторларды реформалауға, мемлекеттік және нарықтық реттеудегі, тұтынушылардың мінез-құлқына өзгерістеріне әкеледі, және ол алдағы жылдары одан да күшті болады.

Еліміз үшін экономика мен қоршаған орта арасындағы қайшылықтарды шешудің негізі жаңа «жасыл экономиканы» қалыптастыру болып табылады.

«Жасыл» экономиканы қалыптастыру қатаң ережелер жиынтығы болмауы керек, әр ел өзінің ұлттық бағдарламаларына, стратегияларына және тұрақты дамудың басымдықтарына сәйкес тиісті тәсілді таңдай алады. Ал, осы құжаттар мазмұны сол елдің ұлттық құндылықтарына, мүдделеріне, мәдениетіне негізделіп жасалуы шарт, олай болмаған жағдайда ешбірі өзінің мақсатына жетпейді.[12]

Елімізге жаңа экономикалық бағытты, орнықты дамуды қалыптастыруда, келесідей белгілі модельдер ұсынылады (Сурет 2):

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737




Сурет 2. Жасыл экономика және оның типтері, модельдері

Қазақстанның экономикалық дамуының жаңа парадигмасы еліміздің бәсекелік артықшылықтарын тиімді пайдалануға және өндіріс саласындағы еңбек, капитал, ресурстар, технология сияқты негізгі факторлардың әлеуетін барынша ашуға негізделуі тиіс.

Қазір көптеген елдер ішкі нарықты қорғау шараларын белсенді қолданады. Дамыған мемлекеттердің өзі протекционистік өнеркәсіп саясатына көшті.

Дүниежүзілік сауда ұйымының бағалауынша, біздің елдегі ішкі нарықты қорғау деңгейі төмен, небәрі 128 тарифтік емес шара. Сондықтан біз сауда-саттық саясатында жаңа әрі батыл қадам жасауымыз керек [11].

Мемлекетіміздің ұлттық мүдделерін қорғау мақсатында еліміздің салық жүйесі құзіретінде келесідей салықтық протекционистік саясатты жүргізу қажет (Сурет 3)



Сурет 3. Ұлттық экономиканы қолдаудағы салықтық протекционистік саясатты жүргізу бағыттары

Орнықты дамуға, «Жасыл» экономикаға көшу экологиялық орнықтылықты, атап айтқанда макроэкономикалық саясатты экологияландыруды, энергия тиімділігін арттыру,

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

қалдықтарды тиімді басқару және қайта өңдеу, жаңартылатын энергетиканы дамыту, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті енгізу, "жасыл" құрылыс, экологиялық көлік, тұрақты қала құрылысы, Органикалық ауыл шаруашылығы, экотуризм бойынша қолдайтын кең ауқымды бағыттарды іске асыруды көздейді және т. б.[12]

Әдебиеттер тізімі

